

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Абнасырова Р. Ж.,
Нұрманова Г. Н.,
Дүйсебекова Ж.М.

Алматы
2018

SDU
SULEYMAN DEMIREL
UNIVERSITY



СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ
АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ

Абнасырова Р. Ж.
Нұрманова Г. Н.
Дүйсебекова Ж.М.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Алматы, 2018

ПІКІР ЖАЗҒАҢДАР:

Базарбаева З.

Филология ғылымдарының докторы, профессор

Байтелиева Ж.

Филология ғылымдарының кандидаты, ассист.проф.

Мұхамеди Қ.

Филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған проф.

Баспаға Сүлейман Демирель атындағы университеттің
Ғылыми Кеңесі ұсынған (Хаттама №1. 10.09.2018 ж.)

А15 Абнасырова Р.Ж., Нұрманова Г.Н., Дүйсебекова Ж.М.
Қазақ тілі. - Алматы: "Үш қиян", 2018 ж. - 182 бет

ISBN 978-601-332-094-6

Оқу құралы Республикалық оқу-әдістемелік жоғары және жоғары орнынан кейінгі білім беру кеңесінің 2016 жылғы 30 маусымдағы мәжіліс хаттамасының шешімі негізінде бекітілген типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген. Мәтіндер студенттің сөйлеу дағдысын дамытатын, қарым – қатынас біліктілігін қалыптастыратын тілдік төрт дағды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) арқылы жасалған.

Оқу құралы практикалық қазақ тілін оқитын барлық бағыттардағы факультет студент-теріне, магистранттар мен докторанттарға, қазақ тілін тереңірек меңгергісі келетін бар-ша оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-332-094-6

(с) Абнасырова Р.Ж., Нұрманова Г.Н.,
Дүйсебекова Ж.М., 2018

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы еліміздің интеллектуалдық потенциалын дамыту, адамдық ресурстардың сапасын, яғни халықаралық деңгейде бәсекеге төтеп бере алатын жастарды қалыптастыру міндетін алға қойып отыр. Алға қойылған мақсатқа жетудің бірден-бір жолы – жастардың ғылыми және көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, өз елінің тарихына, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік сезімін жетілдіру. Жастар жоғарғы білікті маман болуларымен қатар, өз елінің азаматы, мемлекетіміздің қорғанышы болулары де қажет.

Ұлтжандылық сезімді ояту мектепте «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәніне байланысты болса, жоғары оқу орнында «Практикалық қазақ тілі» сабағына қатысты. Осы орайда ұсынылып отырған «Қазақ тілі» атты оқу кешенінің негізгі мақсаты – мемлекеттік тіл болып табылатын қазақ тілінің коммуникативтік бағытын жүзеге асыру. ЖОО-да қазақ тілін қарым-қатынас құралы деңгейіне айналдыру дағдыларын қалыптастыру. ЖОО түлектерінің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, тілдік біліктілігі жоғары маман ретінде қалыптасуына мүмкіндік жасау.

Ұсынылып отырған оқу құралы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің дайындауымен жасалған типтік оқу жоспары негізінде әзірленді. Тақырыпқа қатысты берілген мәтіндер деңгей бойынша сұрыпталып, тілдік әрекеттердің (оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу) барлық түрлерін қамти отырып құрастырылды. Оқулықта берілген мәтіндер мен сол бойынша дайындалған оқылым, сөйлесім әрекетіне қатысты тапсырмаларды орындау арқылы тіл үйренушілер қазақ тілін жақсы білуге, топ алдында өз пікірлерін еркін жеткізуге, әр тақырып бойынша ойлауға және сараптай алуға машықтанады. Сонымен қоса, оқу құралында лексикалық тақырыптарды ашу мақсатымен «Ой бөлісейік» айдары арқылы сұрақтар, тақырыпты болжау тапсырмалары берілді және тіл үйренушілерге ыңғайлы және түсінікті болу үшін лексикалық тақырыптың мазмұнын ашатын «Ұлттық құндылықтар» сызба және кестелер арқылы ұсынылды. Тыңдалым әрекеті бойынша көбіне тақырыпқа қатысты Youtube-та бар пайдалы бейнематериалдар алынды және кейбір мәтіндердің қазіргі заманға сай болуына баса назар аударылды. Ал «Біле жүріңіз» атты айдарда тіл үйренушілердің дүниетанымын кеңейтетін, ұлттық құндылықтар мен тақырыптарға қатысты әлемдегі қызықты фактілерді беруге көп көңіл бөлінді. Жалпы жоғарыда берілген мәтіндер мен тапсырмалардың нәтижесінде, тіл үйренуші жеке дара және топтық, ұжымдық бірлестікте жұмыс істей отырып, мемлекеттік тілді қарым-қатынас құралы ретінде еркін қолдануға дағдыланады.

1-БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНЫ, ӘЛЕУМЕТТІК-ӘКІМШІЛІК БӨЛІНІСІ. ЕЛОРДА. ІРІ ЖӘНЕ КӨНЕ ҚАЛАЛАР



Ой бөлісейік

1. Төмендегі тірек сөздерге назар аударыңыз. Олардың әрбірінің мағынасын ашатындай сөйлемдер құрастырыңыздар.

егемен, тәуелсіз, әлеуметтік-әкімшілік бөлініс, қоныс аудару, көші-қон саясаты, карта түрлері, демографиялық ахуал, қала, кент, шаһар

2. Қазақстан жер көлемі жағынан әлемде нешінші орын алады?
3. Мұндай жер көлемінің ауқымдылығы елімізге қандай мүмкіндіктер береді деп ойлайсыз?
4. Көптеген дамыған елдер қазба байлығымен емес, онда тұратын «адами капиталымен» мақтана алады. Бұл мәселеге сіздің ойыңыз қандай?

ОҚЫЛЫМ



Сұхбатты мұқият оқыңыз.

- Әке, Қазақстанды ежелден қоныстанып келген қазақ халқы ма?
- Иә, балам, оны неге сұрадың?
- Қазақстанда басқа ұлт өкілдері көп қой, басқа елдерде мұндай емес.
- Ойың дұрыс, балам. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ елін паналап келген халықтар біздің достыққа адал, бауырмал, қонақжай екеніміздің арқасында осы елде тұрақтанып қалды. Қазір елімізде 131-ден астам ұлт өкілдері бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүріп жатыр. Бұл – қазақ халқының ең үлкен жетістігі.
 - Бұдан да зор жетістігіміз – тәуелсіздікке қол жеткізгеніміз емес пе, әке!
 - Әрине, балам, ғасырлар бойы армандаған жеңісіміздің бірі – ел егемендігі. Сенің ағаң сол тәуелсіздікпен түйдей жасты. Ол туылған 1991 жылы 16 желтоқсанда қазақ халқы азаттық жолындағы екі жарым ғасыр бойғы үздіксіз күрестен кейін мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізді.
 - Сондықтан да есімін Азат деп қойдыңыздар ма?
 - Иә, елімізге тәуелсіздік оңай келген жоқ, сол жолда бабаларымыз басынан не кешпеді, не өткермеді? Екі жүз жылдық жоңғар-қазақ тартысында Абылай хан сияқты жандар, Төле, Қазыбек, Әйтеке би секілді шешен де көсем билер, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Қарасай сынды қас батырлар өз жерін ерлікпен қорғады.
 - Бүгін тарих сабағында мұғалім Қазақстан туралы хронологиялық карта жазап келіндер деді. Соған сіздің көмегіңіз қажет.
 - Көмектесуге әзірмін, балам. Сұрағыңды қоя бер.
 - Тұңғыш президенттік сайлау 1990 жылы ма, 1991 жылы ма және қай айда өтті?
 - 1991 жылы 1 желтоқсанда тұңғыш президенттік сайлау өткізілді, сайлау нәтижесінде мемлекет басшысы болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.

- Ал мемлекеттік рәміздер, ұмытпасам, жазда қабылданды ғой деймін?
- Балам, мұндай атаулы күнді білмеу жастарға ұят саналады. 1992 жылы 4 маусым – Парламент отырысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – туы, елтаңбасы және әнұраны қабылданды.
 - Әке, мен де біраз тарихты білетін сияқтымын. 1992 жылы наурызда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылданды ғой.
 - Иә, 2 наурыз 1992 жылы. Ал тарихтан хабардар болсаң, тұңғыш Ата Заңымыз қай жылы қабылданды, балам?
 - 1993 жылы 28 қаңтарда.
 - Ал жаңа Конституциямыз ше?
 - 1995 жылы 30 тамызда.
 - Бәрекелді, балам. 1997 жыл 10 қазан – президенттің жарлығымен мемлекеттің астанасы болып Ақмола жарияланды.
 - Иә, әке, көмегіңізге көп рақмет! Ендігі жерде сол алдыңғы толқыннан үйренетін үлгісін, тәлімін алатын, қанатты ісін жалғастыратын дәстүр біздің еншімізге де тигелі отыр. Сол жақсы үрдісті жалғастыру біз үшін перзенттік қарыз бен парыз болып саналады.
 - Бағытың дұрыс, балам, ісің алға бассын!

(Қазақ тілі: оқу құралы)

1. Сұхбатты негізге ала отырып, өздеріңіз де Қазақстан жайлы сұхбат құрастырып көріңіздер.
2. Қазақ елі үшін маңызды әрі атаулы күндердің хронологиялық картасын түзіңіз.



СӨЙЛЕСІМ

1. Өзіңіздің туған, оқыған және тұратын жерлеріңізді картадан көрсетіңіз.
 - Олар қалай аталады?
 - Ол жерлер Қазақстанда орналасқан ба? Қазақстанда болса, қай бөлігінде?
 - Аталмыш жер туралы бір-екі сөйлеммен не айта аласыз? Ерекшелігі неде?
 - Олардың тарихы туралы білесіз бе?
 - Қаласаңыз, өз туып-өскен жеріңіз туралы таныстырылым әзірлеңіз.
2. Төменде берілген қанатты сөздердің мәнін қалай түсінесіз?

Жаман жүрген жеріне өрт салады.

Ат төбеліндей болса да, туып-өскен ел қымбат.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Астана қашан еліміздің бас қаласы мәртебесіне ие болды?
2. Астана қаласының артықшылықтарын сөз етіңіз.
3. Елордамыз жайлы жазылған қандай шығармалар немесе түсірілген фильмдерді білесіз?



Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың елорданы көшірудің он жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзін тыңдаңыздар және бос орындарға қажетті сөздерді қойыңыз.

Құрметті халайық! Астаналықтар мен меймандар!

Әр елдің болашақ айқындайтын тарихи кезеңдері болады.

Сондай кезең біз үшін астанамыздың төріне көшірілуі екенін уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Өткен күнде белгі жоқ, ол кезде жағдай мүлде басқаша болатын. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі анықтау, оларды тиянақты түрде жүзеге асыру мәселелері, біріншіден, білікті, екіншіден, қажет етті. Тәуелсіздік туы көгімізде желбіреген күннен бастап, Қазақстан үшін жаңа тарихтың басталғаны, ал ол ескі тарихтың жалғасы бола алмайтыны белгілі еді. ой, батыл әрекет қажет болды. Міне, осы тұста өзіміздің көкірегімізде қайнап піскен идеяны, ешбір қарамастан, кейбір, тілектес жандардың да күдіктеріне қарамастан аяғына дейін қорғап шыққанымды сіздердің алдарыңызда бүгін еске аламын. Он жылдың ішінде Астана әлемге танылды және елімізді де әлемге танытты деп айта аламыз. Астананың небір елдерден келген шетелдіктер таңғалуда.

Астана – ең алдымен азаматтығымыздың, Қазақстан жаңа тарихының шынайы шежіресі, қарқынды дамуымыздың, қол жеткен табыстарымыздың,, береке-бірлігіміздің жарқын көрінісі.

(ҚР мемлекеттік қызметшісінің тілдік портфелі» жүйесінің Негізгі оқулығы)

Төмендегі сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріңіз.

1. Астананың көркіне кімдер таңғалуда?
2. Бұрын қаланың жағдайы қандай болатын?
3. Он жылдың ішінде Астана қалай өзгерді делінеді?
4. Түсініксіз сөздердің мәнін анықтаңыз.



Қазақстанның қалалары туралы жазылған әндердің бірнешеуін тыңдап, олардың мазмұны туралы әңгімелеңіздер.

ЖАЗЫЛЫМ



1. Берілген мақалдың жалғасын тауып, жаттап алыңыз.

Іргесі берік елді жау ала алмас,

.....

Отанға опасыздық еткенің,

.....

Үйінде атаңның намысын қорға,

.....

Бұлбұл гүлзарын сүйеді,

.....

Отаны бірдің жүрегі бір,

.....

Орағың өткір болса, қарың талмайды,

.....

Бөтен жердің гүлінен,

.....

Аққу көлін аңсайды,

.....

Қажетті сыңарлары:

Отаның берік болса, жауың алмайды.

Туған жердің тікені артық.

Жүрегі бірдің тілегі бір.

Өз түбіңе жеткенің.

Аузы бір елді дау ала алмас.

Адам туған жерін аңсайды.

Адал адам Отанын сүйеді.

Шет жерде Отаныңның намысын қорға.

2. Өзіңізді туристік фирманың өкілімін деп елестетіңіз. Өз еліңізді шетелдіктерге танытатын қызықты ақпараттық мәтін жазыңыз. Мәтінде төмендегі мәліметтер қамтылуы тиіс:

- Қазақстанның аумағы мен территориялық жағдайы;
- Қазақстанның әлеуметтік-әкімшілік бөлінісі;
- Еліміздегі демографиялық ахуал;
- Қазақстанның ірі және көне қалалары;
- Әлемдегі қазақтардың саны қанша? т.б.



Біле жүріңіз!

Еліміздің ірі қалалары жөніндегі ақпараттарға назар аударыңыздар. Бүгінде әлемдегі "мен" деген қалалармен иық тірестіретіндей дәрежеге жеткен, еліміздің бас қаласы, елордамыз – Астана қаласынан бастасақ.

АСТАНА. Астананың аумағы – 710,2 км². Тұрғындарының саны 2007 жылдың 1 маусымында – 584,8 мың адамды құрады. 1999 жылы шілде айында ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» сыйлығына ие болды.

Бүгінде елордамыз Мәскеу, Минск, Кишинёв, Ташкент, Рига, Тбилиси, Баку, Каир, Исламабад, Берлин, Будапешт, Варшава, Вильнюс, Анкара, Гданьск (Польша), Ушак (Түркия), Бангкок (Таиланд), Сеул секілді әлемнің жиырмаға жуық қаласымен достық және бауырластық қарым-қатынастар тығыз байланыстырады. 2000 жылдан бастап Қазақстан елордасы «Астаналар мен ірі қалалар Халықаралық Ассамблеясы»-на мүше болды.

Қала жөнінде жалпы мәліметтер:

- 🇰🇿 Құрылған жылы – 1832 жыл.
- 🇰🇿 1961 жылға дейін – Ақмола қаласы.
- 🇰🇿 1961 жылдан 1992 жылға дейін – Целиноград қаласы.
- 🇰🇿 1993 жылдан 1998 жылға дейін – Ақмола қаласы.
- 🇰🇿 1997 жылғы 20 қазандағы ҚР Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. 1998 жылғы 6 мамырдағы ҚР Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгертілді.
- 🇰🇿 2012 жылы Астана ТМД мен Түркі әлемінің астанасы болып жарияланды.
- 🇰🇿 «Астана Опера» театры Орталық Азияда ең үлкен театр болып саналады.
- 🇰🇿 2003 жылы «Moody's Investors Service» әлемдік рейтинг агенттігі Астананы әлемнің ең үздік 30 қаласының тізіміне қосты.
- 🇰🇿 New York Times Астананы «Солтүстік Дубай» деп атады.
- 🇰🇿 Әлем бойынша Астана Моңғолия астанасы Ұлан-Батырдан кейінгі суық астана болып саналады.

Интеллектуалдық қауымдастық форумның (АҚШ) рейтингісі бойынша Астана 2016 жылы топ-21 ақылды қалалар тізіміне енді.

АЛМАТЫ. Алматы туралы көне жазба деректер XVI ғасырда түркі тілінде жазылған «Бабыр наме» атты шығармада және Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде келтіріледі. Алматы немесе Алматы атауы «алма өсетін тау» деген мағынаны білдіреді. Е.Қойшыбаев деген ғалымның пікірінше, «ту» лексемасы көне түркі тілінде «тау» деген мағынаны білдірген. Кейін ол ұсақ өзгерістің әсерінен «ты» түрінде қолданылады.

1979, 1990 жылдары Алматыдағы шекарашылар училищесінің аумағында күміс теңгелер табылған. Ғалымдар оны зерттеп, Жетісу өңірінде XIII ғасырда теңге сарайы болған деген болжам жасады. Теңгелерде теңге сарайының аты Алматы деп көрсетілген. 1854 жылы көне Алматы қаласының орнына Верный бекінісі салынды. 1867 жылы оған Алмалы деген атау берілді. Бірақ оның бұл атауы заңды түрде бекітілмеген. 1921 жылы Верный қаласы Алма-Ата деп аталды. Ал 1993 жылы ҚР-ның Конституциясына сәйкес қала өзінің тарихи атымен Алматы деп аталды.



АҚТӨБЕ. 1869 жылы әскери бекініс ретінде салынған қала. 1891 жылдан бері Торғай облысындағы уездік қала болды. 1932 жылы облыс орталығына айналды. Ірі станция, автомобиль және әуе жолдарының торабы. Онда жергілікті кен орнына негізделген дүниежүзіне әйгілі ферросплав және хромит қоспаларының зауыттары, рентген аппараттарын және ауыл шаруашылығы машиналарын жасап шығаратын зауыттар бар.

ҚАРАҒАНДЫ. Қаланың 150 жылдай тарихы бар. 1833 жылы қазақ жігіті Аппақ Байжанов қараған бұтасы көп өскен жердегі суыр інінің жанынан тас көмір тауып алады. Содан соң жер «Қарағанды» аталып кетеді. 1930 жылдары Қарағанды өнеркәсіпті қалаға айналды.

ӨСКЕМЕН. Өскемен қаласының іргесі 1820 жылы әскери қамал ретінде қаланды, 1869 жылы Семей облысына қарайтын уездік қала болып белгіленді. Мұнда өнеркәсіп орындарынан қорғасын-мырыш комбинаты, Өскемен титан-магний комбинаты, Өскемен су электр станциясы бар.

ПЕТРОПАВЛ (Қызылжар). Қала Новоишим шекаралық шебінің Есіл өзенімен қиылысатын жерінде Петр мен Павлдың бекінісі ретінде салынған. Ол 1807 жылдан қала деп атала бастады. Қазір Петропавл – астықты аймақтың орталығы.

СЕМЕЙ. Семейдің орналасқан жері ерте замандардан бастап ежелгі тайпаларға тұрақ болған. Ғалымдардың айтуынша, 1600 жылы Семейде жеті шатыр (семь палат) тұрғызылған сияқты. 1718 жылы Семей қамалын жаңадан тұрғызуға Ресейден Чередов деген адам жіберілген. Сол жылы Семей бекінісінің іргесі қаланды.

ОРАЛ. Негізі 1613 жылы қаланған қала. Бұдан бірнеше мың жыл бұрын Орал қаласының орны скиф, гот, хун, овар, печенег және қыпшақ көшпелі тайпаларының мекені болды. Қазір Оралда нарықтың басты салалары – машина жасау, металл өндіру, құрылыс материалдарын өңдеу сияқты толып жатқан өндіріс орындары бар.

АТЫРАУ. Қазақстандағы ескі қалалардың бірі. Оның іргесі 1640 жылы қаланды. Қаланың Гурьев аталуы орыс көпесі Михаил Гурьевтің есімімен байланысты. Атырау тұрғындары мұнай өндіру, балық аулау, химия өнеркәсібі, машина жасау және металл, құрылыс материалдарын өндірумен айналысады. 1995 жылы Гурьев аты Атырау болып өзгертілді.

ҚЫЗЫЛОРДА (Ақмешіт). Қызылорда 1853 жылға дейін Ақмешіт аталып, Қоқандық шағын қамал болды. Орыс әскерлері келген соң оған Перовск деген ат берілді. 1925 жылы Қазақ АССР-ының астанасы болуымен байланысты Қызылорда аталды. Қызылорданың атын ақ маржан күріші мен қауын-қарбызы дүниежүзіне танытты.

ШЫМКЕНТ. Қазақстанның оңтүстігіндегі тоғыз жолдың торабында (көп жолдың түйіскен жерінде) орналасқан қала. Халқының саны, нарықтық маңызы жағынан үшінші орындағы ірі қала. Шымкент XII ғасырда Жетісу мен Қытайға баратын жолдың (Жібек жолы) үстіне салынған. Қоқан хандығының құрамынан 1864 жылы бөлініп шығып, басқа қазақ жерлерімен бірге патшалық Ресейдің қол астына қарады.



ТАРАЗ. XVIII ғасырдың соңынан бастап Әулиеата атанған бұл қала 1938 жылы қазақтың халық ақыны Жамбылдың құрметіне Жамбылдың есімімен аталды. Өткен 1996 жылы Жамбыл аты өзгеріп, бұрынғы Тараз атына қайта көшті. Бұл қалада Қарахан мазары, Айша бибі күмбезі, Бабаджа хатун кесенесі, әйгілі Тараз моншасы бар.

• Қазақстанның тағы қандай ірі және көне қалалары айтылмады деп ойлайсыз? Олар туралы өзіміз ізденіп көрейік.

(Қазақ тілі: тіл ұстартуға арналған оқу құралы, Бектұров Ш.К., Бектұрова А.Ш. Қазақ тілі, el.kz сайты)

Топтық жұмыс

1- «Тәуелсіз Қазақстан» ойынын ойнаңыздар. Студенттер екі топқа бөлініп, тақырып бойынша қойылған викториналық сұрақтарға тез-тез жауап беруге тиіс. Қай топ көп сұраққа жауап берсе, сол топ жеңеді.

Мысалы:

- Қазақстан өз тәуелсіздігін қашан алды?
- Тәуелсіздік дегеніміз не?
- Ұлттық валютамыз қалай аталады?
- Ұлттық рәміздерді атаңыздар.
- Ата Заңымыз қай жылы қабылданды?
- Қазақ халқының ұлттық меркелерін атаңыз.
- Қазақстан қандай ұйымдарға мүше?
- Қазақстанның әкімшілік бөлінісі туралы не білесіз?
- Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?
- Қай жылы елордамыз Астанаға көшті? т.б.

2- Патриоттық өлең оқу немесе «Патриоттық әндер» кешін ұйымдастырыңыздар.

2-БӨЛІМ

ЕЛ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ЖОСПАРЛАРЫ

Ой бөлісейік

1. Қазақстан дегенде сіздің көз алдыңызға ең алдымен не елестейді?
2. Ел басқару жүйесі туралы не білесіз? Ел басқару оңай ма?
3. Басшының бойында қандай қасиеттер болу керек деп ойлайсыз?
4. ҚР стратегиялық даму бағдарламалары мен жоспарлары туралы қысқаша айтып өтсеңіздер.

ОҚЫЛЫМ

Атамекен – адамның туып-өскен жері, ел-жұрты, табиғи байлықтары, халқы, қоғамдық және мемлекеттік құрылысы, тіл, мәдениет, тұрмыс-салт және дәстүрлері ерекшеліктері бар белгілі бір халықтың тарихи тұрағына айналған аумақ. Тар мағынада біреудің туған ауылы. Кең мағынасы адамның қалыптасқан, дүниедегі өнер мен мәдениетке кенелген жері.

Ұрпақтан-ұрпаққа қалып отырған «кір жуып, кіндік кескен» аймақ, өңір, өлке – атамекенге кіреді. Ертеде көшпелі қазақ ауылдары жерді ру-ата болып пайдаланғандықтан, олардың бір-бірінің жеке-жеке қоныстары: қыстауы, көктеуі, жайлауы, күзеуі болған. Осы жерлер елдің (рудың, атаның, ауылдың т.б.) атамекені деп есептелген.

Қазақ халқының атамекені – көне замандардан қалыптасқан жер көлемінің батыс жағы Каспийге, шығысы мен терістігі – Сібірге және Алтай тауларына, күнгейі – Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан республикаларына шектеледі. Қазақ жері – қасиетті, құдіретті құт мекен. Бұл күндері осы мекенде сан ғасыр армандаған қазақ мемлекеті дүниеге келді. Көлемі бес Францияға, тоқсан екі Бельгияға пара-пар елдің жерінде алуан түрлі кендер, өсімдіктер, жан-жануарлар бар. Химия ғылымында Менделеев ашқан химиялық элементтер кестесінде көрсетілгендердің бірі қазақ даласынан табылады.

Қазақта «ел», «жұрт», «халық», «Отан», «ағайын» деген сөздер бар.

Ел. Қазақ халқында «Ел іші – алтын бесік», «Елдің елдігін білмеген, Құдайдың бірлігін білмейді» деген даналық сөздері бар. «Ел» сөзі кейде мемлекет мағынасында «Қазақ елі» деп те қолданылады. Басқа елге баратын өкілді «елші» деп те атайды.

Жұрт. «Жұрт жаңарту», орыстың «юрта» дегені ел мағынасына жақын, синоним деуге болады. «Ел», «жұрт» – түрік сөздері.

Ағайын. «Аға-іні» деген сөздердің бірігуінен шыққан. «Отан» арабтың «в-тан», яғни, «өлке» деген сөзінен шыққан. «Ұлт» қазақта ертеден Отанға қосарлана айтылған.

С.Мұқанов «Халық мұрасы»

1. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әрабзацбойынша әңгімелеңіздер. беріңіздер:
2. «Кір жуып, кіндік кескен жер» сөзі – Туған жеріңіздегі көрікті жерлер; тіркесін қалай түсінесіз? – Болып өткен тарихи оқиғалар;
3. Өз туған жерлеріңіз туралы айтып – Өлкенізде туған белгілі тұлғалар.

Қазақстан Республикасы – тәуелсіз мемлекет

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң 1991 жылғы желтоқсан айының 16-сы күні Жоғары Кеңестің VII сессиясында қабылданды. Бұл күн – Республиканың Тәуелсіздік күні деп жыл сайын тойланады. Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық мемлекет деп жарияланды. Қазақ ұлтының және Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, салт-дәстүрін, тілін қайта түлетіп, дамыту, ұлттық қадір-қасиетін нығайту мемлекеттің аса маңызды мәдениеттерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының өз мемлекеттік рәміздері – Елтаңбасы, Туы, Әнұраны бар. Еліміз Туымен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі, Әнұранымен айбатты.

Республика өкіметі адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған өзге де нормаларында баян етілген жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының үстемдіктерін мойындайды. Қазақ ұлтының өзін-өзі билеу құқығын растайды. Ол бейбітшілік саясатын ұстанады, ядролық қаруды таратпауға, қарусыздануға шақырады. Өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, жүйелі жүргізеді.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңның 5-бабында «Қазақстан Республикасының территориясы қазіргі шекараларында біртұтас, бөлінбейтін және қол сұғуға болмайтын территория болып табылады» деп жазылған. Ал осы Заңның 7-бабында былай делінген: «Қазақстан Республикасының өз азаматтығы бар. Басқа мемлекеттерде тұратын республика территориясын тастап шығуға мәжбүр болған барлық қазақтардың сол мемлекеттердің азаматтығымен бірге, егер олар азаматы болып отырған мемлекеттердің заңдарына қайшы келмейтін болса, Қазақстан Республикасының азаматтығын алу құқығы бар деп танылады».

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы көші-қон үрдістерін де реттеп отыр.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Тәуелсіз» дегенді қалай түсінесіз? Осы сөзге синоним ретінде қандай сөздерді қолданар едіңіз?
2. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанда қандай өзгерістер болды? Естеріңізге түсіріп көріңіздер.
3. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңның 5,7-баптары туралы не айтасыз?
4. Қазақстан туралы ассоциациялық карта жасаңыздар.

СӨЙЛЕСІМ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сөзі туралы өз ойларыңызды айтып, рәміздерге толық сипаттама беріңіздер.

«Мемлекеттік рәміздер – бұл біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің берік негізінің бірі. Олар Тәуелсіздіктің қасиетті біріктіруші образын білдіреді».

(Ғаламтордан)



Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Тудың түсінің көк болуында қандай себеп бар деп ойлайсыз?
2. Рәміздердің авторларын білесіздер ме? Олар туралы не айтар едіңіз?
3. Әнұранды жатқа жазыңыздар.



ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК!



Кез келген бозбала мен бойжеткеннің сүйікті түсі болады. Және ол біреу емес, бірнешеу болуы мүмкін. Әдетте, оны киімінің, көлігінің түсіне қарап білуге болады. Мұнымен қатар, адамның ұнататын түсі арқылы көп мәлімет аламыз.

Психолог мамандар көк, жасыл сынды суық түстерді сабырлы, нәзік, кейде мұңға жақын жандар таңдайтындығын айтады. Ал қызыл, ақшыл сары сынды жылы түстерді басқаруды жақсы көретін, белсенді, көңілді жүретін жандарға балайды.

Төмендегі түстер мен оның адам мінезіне сәйкестігін оқып, мамандардың шындыққа қаншалықты жақындағандарын байқап көріңіз.

Ақ түс. Ол барлық түстің жиынтығы болғандықтан, нағыз арманның символы. Бір уақытта тазалық пен мұздың суығын еске түсіретіндіктен, астарында көп мағына бар. Бұл түсті, әдетте, қай ортаға барса да, тез сіңісетін, ешкімді кеудесінен итермейтін жандар таңдайды.

Қара түс. Өмірде қиындықты көп көрген, бойына батылдық жетіспейтін жандар таңдайды. Шығар биігінің тұғырлы болмайтындығын мойындаған жандар қара түсті киімдерді көп киеді. Адам өзгергісі келген кезде қара киімді жарқын түстілерімен алмастырады.

Күлгін түс. Жоғары сезімталдықты, эмоционалдықты, рухани байлықты, әдептілікті баян етеді. Үйлесімділікті жақтаушылардың түсі. Бұл түсті реалды өмір сүруді жөн көретін жандар ұнатпайды.

Көгілдір түс. Аталған түсті ұнататын жандар тылсым құбылыстарға жақын. Өзгелер байқамайтын күшті сезінеді, әрі көріпкелдік қасиеті бар. Әртістік қабілеттері де зор. Достары өте көп. Отбасындағы мәселелерге назар аудармаса да, өзгелердің қиындығын шешуге құмар. Аналарын өте қатты жақсы көреді. Жалғыздықты суқаны сүймейді.

Жасыл түс Қайнап жатқан тіршіліктің, өмірдің, көктемнің, табиғаттың түсі. Бұл түсті таңдайтын жандар кез келген қиындықтан, өзгелердің өзіне үстемдік жүргізуінен қорқады.

Сары түс. Сабыр мен аса мәдениеттіліктің көрсеткіші. Біреуге қарыздар болғанды ұнатпайды. Кез келген ортаға тез бейімделіп, қиын-қыстау сәттерде батыл мінез танытады. Көпшілікті өзіне баурап, достарының көп болғанын жақсы көреді.

Сұр түс. Жеті рет өлшеп, бір рет кесетін, әр сөзін ойланып барып айтатын, өзгелерге көп сенбейтін жандардың сүйікті түсі. Әдетте, өзін жарнамалап, көпшіліктің көзайымына айналуды жөн көрмейтін жандарға тән. Ал ұшқалақ, албырт адамдар ұната бермейді.

Қоңыр түс. Жердің түсі. Ешкімнің жетегіне еріп кетпейтін, сөздің парқын бағалай білетін жандар таңдайды. Отбасылық құндылықтарды жоғары қойып, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді барынша қадірлейді. Өте жұмбақ, бойында өзімшілдік қасиеті басым жандар бұл түсті ұнатпайды.

Қызыл түс. Басқаруға құмар, батыл, сөзшең, ұшқалақ жандардың сүйікті түсі. Аталған түсті тұрақты, кикілжіңнен қорқатын, жалғыз жүруді ұнататын адамдар таңдамайды.

Көк түс. Адамның тазалығын, жүрегінің пәктігін білдіретін түс. Айналасындағылардың қолдауына, демалысқа зәру. Тез шаршайды, ұяң. Бұл түсті қорқақ жандар таңдайды. Ал ұшқалақ мінезділер көп ұната бермейді.

(www.massaget.kz)

Топтық жұмыс

Топ болып бірнеше мемлекетті бөліп алып, үйден сол мемлекет жөнінде ақпарат дайындап келіңіздер:

- рәміздері;
- ел басқару жүйесі;
- ұстанатын саясаты;
- ірі қалалары;
- ол ел қандай түсті ұнатады, қай түсті кері қабылдайды?
- халықтың жалпы мінез-құлқы, т.б.

ТЫҢДАЛЫМ



«Ел Парламентінің елеулі кезеңдері» туралы бейнежазбаны көріп, төмендегі кестені толтырыңыздар:

<https://www.youtube.com/watch?v=1hwjjuCo82E&feature=share>

Жылдар	Атқарылған жұмыстар
1996 жыл 20 қаңтар	
1999 жыл	
2004 жыл	
2007 жыл	
2012 жыл	

Қазақстандағы министрліктер туралы ақпарат жинақтап келіңіздер. Өз саланың министрі кім? Ол туралы не білесіз?

ЖАЗЫЛЫМ

1. Сәйкестендіріңіздер және осы бағдарлама туралы қысқаша жазып шығыңыз.



31 қаңтар 2017 жыл	«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты
12 сәуір 2017	Нұрлы жол – болашаққа бастар жол
12 қараша 2014 жыл	«Қазақстандық жол – 2050: Ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ болашақ»
17 қаңтар 2014 жыл	«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»
14 желтоқсан 2012 жыл	Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы

Қаз дауысты Қазыбек бидің сөзін түсініп оқыңыздар.

Біз – қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, д м-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен – қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы, табысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз. Танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен – қалмақ болсаң, біз – қазақ, қарпысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз. Тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. Сен темір де, мен көмір, еріткелі келгенмін. Екі еліктің баласын теліткелі келгенмін, егесетін ер шықса, иілткелі келгенмін. Берсең жөндеп бітіміңді айт, не тұрысатын жеріңді айт.



**Мәтін бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Мәтіннің тарихы туралы айтып бере аласыз ба?
2. Мәтінде берілген ақпараттарды ашып жазыңыз:

Мәтіннен үзінді	Мағынасы
Біз – қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз	Бұл жолда Қазыбек бидің айтқысы келгені: ...
Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз	Бұл жолдардан қазақтың ... мінездері көрінеді.
Досымызды сақтай білген елміз, д м-тұзды ақтай білген елміз	
Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз	
Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.	

**Төмендегі кестеде берілген сөздердің мағынасын жазыңыздар:**

Мәтінде берілген сөздер	Мағынасы
Құл-күң	
Үкі	
Қарпысу	
Тұтқыр сары желім	
Теліту	
Егесетін ер	
Иілту	



Шетелдік досыңызға өз еліңізді таныстырып хат жазыңыз.

3-БӨЛІМ

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК. ҚАРУЛЫ КҮШТЕР. ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ

Ой бөлісейік

1. Төмендегі тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, суреттерге қарап болжам жасаңыз.



ел шекара сарбаздар жас ұрпақ қорғаныс Ұлы Отан бейбіт өмір ардагерлер мереке борыш қолбасшы бағынышты отансүйгіштік ерлік даңқ жанқиярлық өжеттік



2. Мемлекеттің қауіпсіздігі дегенді қалай түсінесіз?
3. Ұлттық қауіпсіздікті қалай қамтамасыз етуге болады?
4. «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті» (Ата Заң) деген сөзді қалай түсіндірер едіңіз? Елін қорғайтын азаматтар қандай болу керек?
5. Елімізде 7-мамыр мерекесі қалай аталып өтіледі деп ойлайсыз?

ОҚЫЛЫМ**Мәтінді түсініп оқыңыз.****Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі**

Мемлекет дамуының алғышарты – оның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Демек, тәуелсіздік пен бостандық алу жеткіліксіз, оны табанды түрде қорғау қажет. Елдің қауіпсіздігін қорғау шараларын ҚР-дың Қарулы күштері, Ұлттық қауіпсіздік органдары, әскери және салық полициялары, ҚР-дың Президентін қорғау қызметі, салық және кеден қызметі, төтенше жағдай салдарын жою қызметі атқарады. Осы органдардың құрылымы мен қызметін реттей отырып, құқықтық базаны жетілдіріп, оны нығайту аса маңызды. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын республикалық бюджеттен қомақты қаржы бөлінеді.

Қандай да бір мемлекеттің Ұлттық қауіпсіздігі оның ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қатерлерден қорғалуымен сипатталады. Ұлттық мүдде деген мемлекеттің тәуелсіздігі, аумақтық тұтастығы, оның шекарасына қол сұғылмауы және Конституцияның мызғымастығы. Ол 3 деңгейге бөлінеді: бірінші, мемлекеттік мүдде (мемлекет басқарудың тиімді жүйесі, аумақтық тұтастық, саяси тұрақтылық, елдің

қорғаныс қабілеті және халықаралық ынтымақтастық мәселесі). Екінші, қоғам мүддесі (салтты сақтау, дәстүрді дәріптеу, рухани мәдениет, қоғамдық келісім, заң мен тәртіпті сақтау). Үшінші, жеке адам мүддесі (нақты бір адамның әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және т.б. мәселелері).

1998 жылы 26 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңға сәйкес ҚР-дың ұлттық мүдделері деп мыналар танылады:

- адамның, азаматтың құқығы мен еркіндігін қамтамасыз ету;
- елде қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтау;
- халықтың игілігі үшін экономиканы дамыту;
- отансүйгіштік сезімді тәрбиелеу және ҚР халқының бірлігін нығайту;
- ҚР материалдық және рухани байлығын сақтап, молайта беру;
- Президенттік ел басқару формасының мызғымастығы;
- Мемлекеттік институттардың қызметін нығайтып, тиімділігін арттыру;
- Қарулы күштердің, ҚР-дағы әскерлер мен әскери құрылымдардың жарақталуын және олардың ұрыс қабілетін қамтамасыз ету;
- Заңды мүлтіксіз орындау және тәртіп сақтау;
- Халықаралық ынтымақтастықты нығайтып отыру.

(Қазақ тілі: тіл ұстартуға арналған оқу құралы)



1. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Мемлекет дамуының алғышарты не?
- 2) Ұлттық мүдде дегеніміз не? Ол қандай деңгейлерге бөлінеді?
- 3) Ұлттық мүдде деп нелер танылады екен?



2. Жоспар құрып, түсінгеніңізді айтып беріңіз.

СӨЙЛЕСІМ



Сұхбатты оқып шығыңыз.


Бауыржан Момышұлымен сұхбат

- Намыс, ар-ұят туралы айтқанда, сіздің сөздеріңіз еске түседі. Сіздің түйсігіңіздегі намыс деген не?
 - Намыс – азаматтың алтын туы.
 - Ал осы намыстың өлшемі қайсы?
 - Әке-шешесін сыйлаған балада ғана намыс болады. Оларды ұялтпайын, сүйегіне таңба түсірмейін, ата-анамды, ағайын-жұртымды жерге қаратпайын дейді.
 - Қандай адамды ардақтайсыз?
 - Ардақты ананы қадірлеймін. Ары бар азаматты ардақтаймын. Талабы бар жасты құрметтеймін.
 - Нені жақсы көресіз?
 - Қазақтың қонақжайлығын жақсы көремін. Қазақтың досқа деген мейірбандығын ұнатамын. Жастардың ата-аналары алдындағы перзенттік борышқа адалдығын ардақтаймын.

- Отаншылдық, Отан қорғау, патриотизм, ұлтты сүю... Осы ұғымдар жайлы сіздің ұққаныңыз не?

- Отаншылдық – әр адамға керекті ең ұлы қасиет. Ал отаншылдық өз үйіңнен басталады. Кімде-кім ата-анасын ардақтаса, сол ата-анадан бірге туған бауырларымен тату болса, өзінің өскен ауыл, қаласын, туған ұлтын сыйлап, қадірлесе сол адам отаншыл болады. Өйткені, өз әке-шешесін ардақтамаған, өзгенің ата-анасын құрметтемейді. Өз ауылының тасын сыйламаған, өзге ауылдың тауын қадірлемейді. Ата-анасын сыйлаған шәкірт сабағын да жақсы оқиды, тәртібін де дұрыс ұстайды, шаруакер, адал, әділ болып өседі. Іс деген осы, патриотизм осыдан басталады.

(Қазақ тілі мен әдебиеті, «Назарбаев Зияткерлік мектептері»)



Сіз Бауыржан Момышұлына қандай сұрақтар қояр едіңіз?



ТЫҢДАЛЫМ

Әнді мұқият тыңдаңыздар.



Әлия

*Сөзін жазған: Бәкір Тәжібаев
Әнін жазған: Сейдолла Бәйтереков*

Қобда, Нева суларын сүйіп өскен,
Әсем гүлін құшаққа жиып өскен.
Аққу құстың бейнебір баласындай,
Сұлу сазды, жастықтың күйін кешкен.

Қайырмасы:
Әлия – ару қызы сен халқымның,
Әлия – батыр қызы сен халқымның,
Ерке құсы сен даламның!

Қайырмасы:
Әлия – ару қызы сен халқымның,
Әлия – батыр қызы сен халқымның,
Ерке құсы сен даламның!


Шолпан жұлдыз – өзіңсің шоқтай жарық,
Көз алмаймыз көркіңнен, тоқтай қалып.
Туған жердің төсінде мәңгілікке,
Тұр ғой сенің жүрегің оттай жанып.

Саған белгі орнаттық мәрмәр тастан,
Саған күнде қызыққан мөлдір аспан.
Саған күнде жазылған көркем дастан,
Саған күнде құшағын көктем ашқан.

Қайырмасы:
Әлия – ару қызы сен халқымның,
Әлия – батыр қызы сен халқымның,
Ерке құсы сен даламның!



Ән мазмұны бойынша кластер құрастырыңыз.



Қазақ даласында болған немесе дүниежүзінде өз ерлігімен танылған тағы қандай нәзік жанды батыр қыздарды білесіз?

Біле жүріңіз!

Қазақстанның Қарулы Күштері — Қазақстан Республикасының әскери құрылымын, әскери басқару органдарын, Қарулы Күштердің түрлерін, арнайы әскерлерді, тыл, әскери оқу орындары мен ғылыми мекемелерді қамтиды.

Соғыс уақытында құрамына қорғаныс министрлігіне қарайтын әскер түрлерінен басқа Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі және басқа да әскерлері, республикалық «Ұлан», азаматтық және аумақтық қорғанысты басқару мен құру органдары кіреді.

Қарулы күштердің мынадай түрлері бар:

- Құрлық күштері
- Әуе қорғанысы күштері
- Әскери-теңіз күштері

Елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін органдардың қазақша атауын есте сақтаңыздар.

- ҚР-дың Қарулы Күштері
- Ұлттық қауіпсіздік органдары
- Ішкі істер және сыртқы барлау органдары
- Әскери және салық полициялары
- ҚР-дың Президентін қорғау қызметі
- Салық және кеден қызметі
- Төтенше жағдайлар салдарын жою қызметі

(<https://kk.wikipedia.org/>)

ЖАЗЫЛЫМ

1. Қазақ даласында болған батырлар есімдерін хронологиялық реттілікпен орналастырып, олар туралы қысқаша ақпарат жазыңыз.

Күлтегін Махамбет Өтемісұлы Қабанбай батыр Сырым Датұлы

Исатай Тайманұлы Мәлік Ғабдуллин Мәншүк Мәметова

2. «Ер есімі – ел есінде» тақырыбына төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, шағын ойтолғау жазыңыз.

- Сіздің ұғымыңызда ерлік деген не?
- Батырды заман тудырады дегенді қалай түсінесіз?
- Қазіргі таңда ерлік деп бағаланатын қандай әрекеттер деп ойлайсыз?
- Намыс деген ұғымға қандай анықтама берер едіңіз?
- Еліңіз туралы айт десе, неден бастар едіңіз?

Топтық жұмыс



1- Топта батырлық, ерлік, батырлар туралы мақал-мәтел жарысын ұйымдастырыңыздар. Төмендегі мақал-мәтелдер міндетті түрде болуы керек.

Батыр елі үшін туады,
Елі үшін өледі.

Батырға оқ дарымайды,
Батылға жау жоламайды.

Күш батылдыққа ереді.

Ер мойнында қыл арқан шірімейді.

От ішінде туған оттан
қорықпайды.

Ат басына күн туса,
Ауыздығымен су ішер.

Тәуекел ел сақтар.

Ер басына күн туса,
Етігімен су кешер.

2- Қазақстан Республикасының азаматы мен азаматшасы ретінде төмендегі антты жаттап алыңыз. Тобыңыздың алдында айтып көріңіз. Қандай сезімде болдыңыз?

Мен, Қазақстан Республикасының азаматы (тегі, аты, әкесінің аты), Қарулы Күштердің қатарына кіре отырып ант қабылдаймын және Қазақстан халқы мен оның заңды сайланған Президентіне ақтық демім қалғанша адал болуға, өзімнің егемен мемлекетімнің Конституциясы мен заңдарын қастерлеп сақтауға салтанатты түрде ант етемін.

Өзіме жүктелген міндеттерді, әскери жарғыларды және командирлер мен бастықтардың бұйрықтарын бұлжытпай орындауға, әскери қызметтің ауыртпалықтары мен қиыншылықтарын табандылықпен көтеруге ант етемін. Әскери істі дәйекті оқып-үйренуге, әскери және халық мүлкін мұқият ұстауға, әскери және мемлекеттік құпияны қатаң сақтауға ант етемін.

Мен өз Отанымның, тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік мүдделерінің ержүрек әрі батыл қорғаушысы болуға ант етемін.

Егер мен өзім қабылдаған әскери антты бұзсам, онда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қатаң жазаны кешуге әзірмін.

4-БӨЛІМ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ. ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САУДА



Ой бөлісейік

1. Төмендегі тірек сөздерге назар аударыңыз. Олардың әрбірін өмірмен байланыстырып түсіндіріп көріңіз.

айырбас тауар сату-сатып алу нарық сапа кіріс шығын дағдарыс шикізат меншік тұрақтандыру бәсекеге қабілеттілік

2. Экономика ұғымының шығу тарихын естідіңіз бе?

3. Ұлттық байлық дегенді қалай түсінесіз?

4. Қазақстан экономикасының қай салалары жақсы дамыған деп ойласыз? Неліктен?

5. Қазақстанда жұмыс істейтін қандай шетелдік компанияларды білесіз? Олар Қазақстан экономикасына қандай үлес қосуда?

6. Сауда дегеніміз не? Экономиканың дамуында сауданың рөлі қандай?

7. Сауданың дамуы үшін не істеу керек деп ойлайсыз?



ОҚЫЛЫМ



Ел экономикасының дамуы мен бәсекелестіктің артуының негізгі көздерінің бірі – жарнама екені белгілі. Төмендегі жарнама туралы мәтінді оқыңыз.

Жарнама тарихы

Жарнама (франц. *reclame*, лат. *reclamo* – жар саламын) – тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама; белгілі бір адамдар, ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармашылығы туралы хабар таратып, оларды әйгілеу. Жарнама көпшілік ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылатын адамдар арасындағы қатынастың ақылы түрі болып табылады.

Кез келген жарнама хабарламалық, болмаса назар аударушылық сипатымен ерекшеленеді.

Жарнаманың түрлері көп: сату орнындағы жарнама, институционалдық жарнама (жақсы пікір қалыптастыру), хабарламалық жарнама, сауда және көлік жүйесіндегі жарнама, көше жарнамасы (плакат, афиша), ауызша жарнама, баспалық жарнама, т.б.

Жарнаманың қарапайым түрлері біздің заманымыздан бұрын пайда болды. Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римде жарнамаларын, хабарландыруларын ағаш тақтайларға жазып, халық көп жиналатын алаңдарда айғайлап, жар салатын болған. Баспаға басылған жарнамалар Ұлыбритания мен Францияда XVII ғасырда пайда болған. Жарнама қазақ халқына да ежелден белгілі. Оның ауызша үлгілері фольклорлық әдебиетте «жарлық шашу», «жар салу» ұғымдарымен берілген.

Жарнама үлгілері «Қобыланды батыр», «Оғызнама» жырларында да кездеседі. XIX ғасырдың аяғында шығып тұрған «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты» газеттерінде де жарнамалар кездеседі. Ол кезде де саяси-экономикалық мәселелерді, оқу-ағарту, әдебиет және өнер-білім мәселелерін жарнамалаған.

XX ғасырда жарнаманың мақсаты мен мазмұны кеңейіп, икемділігі артты. Жарнама тілінің ішкі құрылымы сараланды. Нарықтық экономиканың қанат жаюына орай Қазақстанда жарнамалық қызмет түрлері сан алуан болып дамуда. Жарнаманың стратегиясымен айналысатын жарнамалық компаниялар пайда болды. Жарнамалық қызмет жанданған сайын бәсеке де қыза түсті.

(Қазақ тілі: негізгі стандарттан жоғары деңгей)

1. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі кестені толтырыңыз.



Жарнама ұғымына берілген анықтама	
Плакат, афиша	
Жарнаманың түрлері мен олардың өзара ерекшеліктері не деп ойлайсыз?	
Біздің заманымыздан бұрын пайда болған.	
«Қобыланды батыр», «Оғызнама» жырларында қандай жарнама үлгілері кездеседі деп ойлайсыз?	
Олар саяси-экономикалық мәселелерді, оқу-ағарту, әдебиет және өнер-білім мәселелерін жарнамалаған.	

2. Кез келген бір өнімді алып, топ алдында өз жарнамаңызды әзірлеңіз.



ТЫҢДАЛЫМ

«Шеврон» компаниясының өкілі мен тілші арасындағы сұхбатты тыңдаңыз.



- Қош келдіңіз! Сізден еліміздегі жетекші шетелдік бір компанияның өкілі ретінде бірнеше сұрақ қойсақ деп едік ...

- Әрине, сұрақтарыңызды қоюыңызға болады.

- Қазақстан неліктен халықаралық мұнай компанияларымен әріптестік орнатқан деп ойлайсыз?

- Қазақстан өзінің мұнай-газ қорын жедел әрі тиімді пайдалану үшін және үздік халықаралық технология, ноу-хау, ірі капиталдар тарту мақсатында халықаралық мұнай компанияларымен келісімшарт жасаған деп ойлаймын.

- Ол келісімшарттар бойынша шетелдік компаниялар қандай салаларда жұмыс істеуде?

- Мұнай-газ ресурстарын игеру, өңдеу, тасымалдау салаларында жұмыс істеуде. Жасалған келісімшарттардың негізінде Қазақстанның мүддесі, экологиясы, жергілікті тұрғындардың жұмыспен қамтылуы және әлеуметтік мәселелердің шешілуі қарастырылған. Сондай компаниялардың бірі – «Шеврон» халықаралық мұнай корпорациясы болып табылады.

- ҚР мен «Шеврон» арасындағы іскерлік ынтымақтастықтың негізі қашан қаланды?
 - Ұзақ мерзімді келісімшарт 1993 жылы 6 сәуірде жасалған болатын. Осы күні ҚР Үкіметі мен «Шеврон» корпорациясы «Теңіз» мұнай-кен орнын бірігіп игеру тең үлестік негізде «ТеңізШевройл» (ТШО) бірлескен кәсіпорын құру» туралы келісімге қол қойды.

- «Шеврон» компаниясы негізінен немен айналысады?
- «Шеврон» – мұнайды барлау мен өндіру, тасымалдау, мұнай өңдеу, химиялық өнімдерді шығару және оларды сатумен айналысады.
- «Шеврон» корпорациясы басқа қандай елдерде жұмысын атқаруда?
- Компанияның ентаңбасы 90-нан астам елде компания кеңселерін безендіруде.
- Сұхбатыңызға рақмет!
- Оқасы жоқ.

(Сұхбат «Қазақ тілі: тіл ұстартуға арналған оқу құралы негізінде құрастырылды)



Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. ҚР қандай мақсатпен шетелдік компаниялармен қарым-қатынас орнатқан?
2. Шетелдік компаниялар қандай салаларда жұмыс істеуде?
3. «Шеврон» компаниясымен келесімшарт қашан жасалды? Онда нелер қарастырылған?
4. Қазақстан нарығында «Шеврон» компаниясының қандай өнімдері белгілі?
5. «Шеврон» компаниясы Қазақстанның қандай қалаларында зауыт ашқанын білесіз бе?



Мәтіндегі ақпараттың негізінде басқа шетелдік компанияның өкілі мен тілші арасындағы сұхбат құрастырыңыздар.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!



Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) — халықаралық сауда ережелерін реттейтін халықаралық экономикалық ұйым. Ол 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастады. Алғашқы кезеңде ДСҰ-ға 77 мемлекет кірсе, 2005 жылғы 11 желтоқсандағы мәлімет бойынша оған 149 ел мүше болды.

ДСҰ басты міндеті — іркіліссіз халықаралық сауда-саттыққа мүмкіндіктер жасау. Дамыған елдердің бастамасымен құрылған аталған ұйым халықаралық саудада экономикалық өсім мен адамдардың тұрмыс-тіршілігін көтеруге ықпал етеді деп есептеледі.

(Уикипедия ақпараттрынан алынды)

СӨЙЛЕСІМ

Болашақта Қазақстан сауда экономикасы дамыған елдердің қатарында болуы үшін не істеу керек? Қандай шаралар қолға алынуы тиіс? Кімдер көбірек атсалысуы керек? Осы сауалдар төңірегінде өз ойыңызды жазыңыз.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Экономика саласына қатысты қанша сөз білесіз?

Э – экспорт,

К – кәсіпкерлік,

О – облигация,

Н – нарық,

О – офферта,

М – меншік,

И – ипотека,

К – компания,

А – айырбас,

2. Байлық, ақша, бай, кедей, кедейлік туралы мақал-мәтелдерді әрі қарай жалғастырып, толықтырып жазыңыз.

1. Жоқтық – ұят емес,
Байлық – мұрат емес.

3. Бай – балпаң келер,
Жарлы – жалаң келер.

2. Бірінші байлық – денсаулық,
Екінші байлық – ақ жаулық,
Үшінші байлық – он саулық.

Топтық жұмыс



3- Төмендегі кереғар пікірлерді негізге ала отырып, топта шағын пікірталас ұйымдастырыңыздар.

- Қазақстан әлемнен бөлек, жеке өз басына дамуы керек. Яғни, әлеммен байланыс орнатудың еш қажеті жоқ, керектің барлығы өзімізде бар.
- Қазақстан әлемге әйгілі болса да, оның халыққа берер еш пайдасы жоқ.
- Қазақстан беделді елдермен байланыс орнатқан жағдайда ғана экономикалық жағынан дами алады.

4- Үш студент сыртқа шығады. Аудиторияда қалған студенттер оларды өртүрлі үш мекеменің директоры етіп тағайындайды. Сырттағы студенттер өздерінің қай мекеменің директоры екенін білмеулері керек. Кейін олардан студенттер өздерінің директор болған мекеменің жұмысы туралы сұрай бастайды. Қойылған сұрақтарға қарап ол үшеуі өздерінің қай мекеменің директоры екенін табу керек. Ең аз сұрақтан тапқан студент жеңеді. Мысалы, егер мұнай компаниясының директоры болса, мынадай сұрақтар қойса болады?

- Сіздің мекемеңізде неше қызметкер бар?
- Айына қанша өнім шығарасыз?
- Оны қайда сатасыз?
- Сіздің өніміңіздің негізінен кімдер пайдаланады?
- Өніміңізді шетелге сатасыз ба? т.б.

5-БӨЛІМ

АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ. БАНК ЖҮЙЕСІ. ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА



Ой бөлісейік

1. Төмендегі тірек сөздерге назар аударыңыз. Қай сөздер сізге жақсы таныс?

айналымға енгізу қылқалам шеберлері ұлттық валюта несие қаржы жомарттық сараңдық шығын кіріс

2. Ақша деген не? Ақша қандай қызмет атқарады?



3. Ақшаға байланысты қандай ырым-тыйымдарды білесіз?
4. Ақшаның шығу тарихын білесіз бе?
5. Қазақстанда ұлттық валюта күні қай күні атап өтіледі?
6. Теңге қай жылдары айналымға енді?
7. Теңгенің авторлары кімдер?

ОҚЫЛЫМ



Мәтіндерді түсініп оқыңыз.

Ақша туралы қызықты деректер

1) **Орыстың «монета»** сөзі Ежелгі Римнен келген. Рим құдайы Юнона Монета лауазымына ие болған, латыншадан аударғанда бұл «алдын-ала ескертуші» немесе «кеңесші» деген мағынаны білдіреді. Дәл осы құдайдың ғибадатханасының жанында металл ақшаларды соғатын шеберханалар болған. Осы шеберханалардың өнімдерін монета деп атай бастаған, ал ағылшын тілінде осы сөзден «money» деген ақшаның жалпы атауы шыққан.

2) **Ежелгі Грецияның** мемлекеттерінде қарапайым ақшалар болғанымен, Спартада ақшаның орнына ауыр және ыңғайсыз темір шыбықтарды пайдаланған. Бұл спарталықтардың байлыққа құмар болмауы үшін, сонымен қатар аз ұрлап, пара бермеуі үшін жасалған әрекет.

3) **Әлемге танымал доллардың белгісі (\$)** америкалық валюта пайда болғанға дейін, тіпті Құрама Штаттарға дейін болған. Бастапқыда ол АҚШ-тың өз тиынын соғып шығарғанға дейін, шекарасында кең қолданыста жүрген мексикалық песоны белгілеу үшін пайдаланылған. Сол кезеңнің құжаттарын зерттеу көрсеткендей, бұл белгі Р мен S әріптерінің қосындысынан пайда болған. Ps аббервиатурасы песоны белгілеу үшін пайдаланылған.

4) Бүгінде Перта (Австралия) ақша сарайы жасаған алтын тиын әлемдегі ең ауыр тиын (монета) болып саналады. Оның салмағы 1 тоннаға тең. Ол 999-шы

сынамадан жасалған, диаметрі 80 см, ал қалыңдығы 12 см. Алыптың атаулы құны – 1 миллион доллар, бірақ мамандар алтынды кесектеп сататын болса оны шамамен 55 миллионға сатуға болатынын есептеген.

5) **Исаак Ньютонның есімі көбімізге аңызға айналған алма мен жердің тарту күші заңымен таныс.** Алайда оның адамзатқа жасаған тағы бір жаңалығы бар. Ол британ Корольдық теңге сарайының басшысы болып жүргенде тиынның жиегін бұдырлап соғуды ұсынған. Бұл сол кездері үлкен мәселе болған, тиындарды қолдан жасау мен соғуды қиындата түсті.

6) **Әдетте ақша көрсетілген бағаға сай келеді.** Бірақ бұл қолданыстан шыққан, жәдігерлік және коллекциялық даналарға қатысты емес. Бүгіндікке «Жалбыр Шаш» деп аталатын, АҚШ-та 1794 жылы соғылған доллар ең қымбат тиын болып саналады. Ол аукционда 7 850 000 долларға сатылған.

7) **Қағаз ақшалар, атына қарамастан шын мәнінде қағазға басылып шығарылмайды.** Олар тозуға төзімді, мақта мата мен зығырдан тұратын материалдан жасалған. Бұдан өзге, қазір көптеген елдерде банкноттарды басып шығаруға жаңа материалдарды пайдалануға тәжірибелер жасалып жатыр. Бұл олардың төзімділігін арттыра түспек. Осылайша, Австралия, Қытай, Бразилия, Солтүстік Ирландия, Румыния мен басқа да елдер банкнотты басып шығаруға арнайы жіңішке пластик материалдарды пайдалана бастаған.

[<http://bilim-all.kz/article/2782-Aqsha-zhaily-qyzyqty-dereker>]

Банктің шығу тарихы

Банк (итальянша *banco* — үстел) — ақша қаржылары мен қорларын жинақтау, беру, мемлекеттер, кәсіпорындар (фирмалар), мекемелер және жеке адамдар арасындағы өзара төлемдер мен ақшалай есеп айырысуда делдалдықты жүзеге асыру, ақшаның белгілі бір түрін айналымға қосу, ақша мен құнды қағаздар шығару, алтынмен, шетелдік валютамен түрлі операциялар жасау және басқа да қызметтер атқаратын қаржы мекемесі.

«Банк» сөзі *«banco»* деген ағылшын тілінен аударғанда «айырбас столы» дегенді білдіреді. Бұл «айырбас столы» тауарлармен сауда жасалатын аландарда құрылады. Сауда мемлекеттер мен қалалардың, жекелеген тұлғалардың әртүрлі монеталарымен жасалған. Ол уақытта монеталардың біртұтас жүйесі болмағандықтан, олармен сауда-саттық барысында әр түрлі нысандағы монеталар кездескен.

«Алғашқы банктік операцияларды орындаған кімдер?» деген сұрақ туады. Тарихшылардың пайымдауынша, олар жекелеген тұлғалар және қолында шоғырланған ақшалай қаражаттары бар шіркеу мекемелері екен. Шіркеулер құндылықтарды сақтайтын ең сенімді орындар болған. Сол уақыттары белгілі гректің шіркеулері (Дельфа, Дело, Само, Эфсе) ақша сақтаумен айналысқан. Эфседегі Артемид шіркеуінде кіші Азия жағалауындағы елдердің салымдары, ал Дельфадағы Аполлон шіркеуінде барлық еуропалық Грекияның бос ақша қаражаттары шоғырланыпты.

[<https://kk.wikipedia.org/wiki>]

1. Мәтіндердің мазмұны бойынша төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.
 - o Мәтіннен тірек сөздерді шығарып, оларды маңыздылығына қарай орналастырыңыз.
 - o Ең маңызды үш фактіні атаңыз. Неліктен? Түсіндіріңіз.
 - o Қай факті маңызды емес. Түсіндіріңіз.



СӨЙЛЕСІМ

Банктердің экономикалық жүйеде атқаратын қызметі қандай? Мына берілген тізімді жалғастыра отырып, Қазақстандағы банктерді атап шығыңыз. Олардың Қазақстан банктік жүйесіндегі алар орны туралы әңгімелеңіз.

Қазақстан Халық Жинақ Банкі, Банк Центр Кредит, Альянс банк, Еуразиялық банк, «Сбербанк» АҚ, Ситибанк Қазақстан,

ТЫҢДАЛЫМ



Мәтінді мұқият тыңдаңыз.

Ақыл мен ақша

Бір еріккен патша өз қарамағындағы қызметшісін шақырып алып:

- Алдында ақыл мен ақша тұрса, қайсысын алар едің? – дейді. Қызметшісі:

- Ақшаны аламын, - деп жауап береді.

Патша бұған мәз болып:

- Ақымақ-ау, ақыл болса, ақша қайда қашады? Мен ақылды алар едім, - дейді.

Сонда қызметшісі:

- Тақсыр, әркім керегін алады ғой, - дейді. – Ақыл менің өзімде де бар. Ал, ақшам жоқ, - деген екен.

(Қамзебаева Р.Е., Камешева Г.Қ.

Қазақ тілін үйренеміз. Тіл дамыту құралы)



Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Патша қызметшісіне неліктен осындай сұрақ қойды деп ойлайсыз?

Ол өз қызметшісінің жауабына қанағаттанды ма?

Сіз нені таңдар едіңіз? Неліктен?

Осы жағдайды ашатындай өмірден мысал келтіре аласыз ба?

Біле жүріңіз!

Ұлттық валютамыз – теңге туралы қызықты мәліметтер



1. Теңгенің ең алғашқы дизайны қалам, калька және тушь арқылы салынды, өйткені әрлеушілердің қолында бұдан басқа ешқандай құрылғы болмаған.

2. Теңгенің бірінші топтамасы Harrison & Sons фабрикасында, Лондонда басылып шығарылды. Оны елге жеткізу үшін тасымалдаушылар 18 әуе сапарын жасаған. Ол Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бақылауымен орындалып, өнеркәсіпке арналған жабдық ретінде тасымалданған.

3. Қазақстанда ақша басып шығаратын өз фабрикамыз 1995 жылы ашылды. Соның арқасында Қазақстан ерекше атаулы күндерде мерекелік банкноталар шығаруға мүмкіндік алды.

4. Ұлттық валютаның атауына «сом», «ақша», «алтын» секілді атаулар бақталас болған. Яғни, теңге атауымен бірге осы нұсқалар да таңдауға түскен.

5. Теңге — жалған ақша жасаушыларға қарсы тұра алатын, әлемдегі ең қауіпсіз валюта. Америкалықтар теңгенің технологиясына сүйеніп, доллар қауіпсіздігін күшейткен. Доллардың тарихы XVIII ғасырдан бастау алады.

6. Теңге банкнотасы қатарынан үш рет 2011, 2012 және 2013 жылдары дүниежүзіндегі ең үздік қағаз ақша ретінде танылды.

7. 50 теңгелік қағаз ақшада Қазақстанның Тұңғыш президентінің портреті тұруы тиіс болған, алайда Елбасы мұндай мәртебеден бас тартқан.

(massaget.kz)

• Әр жылда айналымға түскен теңге түрлерін алып, олардың ерекшеліктері туралы сөз етіңіз.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Ойланыңыз, жазыңыз.

Ақша не үшін керек?

1. Ақша _____ керек.
2. Ақша _____ керек.
3. Ақша _____ керек.
4. Ақша _____ керек.
5. Ақша _____ керек.

2. Ақшаның адам өміріндегі маңызы қандай? Ақшасыз өмір сүру мүмкін бе? Үнемшілдік – сараңдық па? Ақшаны көп жұмсау – жомарттықтың белгісі ме? Өз айлық шығындарыңызды есептеп, төмендегі мәліметтерді толтырыңыз. Қорытынды жасаңыз.

Тамақтану
Жолақысы
Киім-кешек
Қыдыру, қосымша шығындар
Өзіңіздің басқа шығындарыңыз:

3. Өз қиялыңызға ерік беріп ақша, теңгенің шығу тарихы жайлы ертегі құрастырып көріңіз. Төмендегі тірек сөздерді басшылыққа алыңыз.

Тірек сөздер: ертеде, ақша, теңге, доллар, евро, валюталар, банк, экономика, негізгі тетік.

Топтық жұмыс

1- Бірнеше топқа бөлініп, әртүрлі елдердің ұлттық валютасының таныстырылымын дайындаңыздар.

2- Студенттер үш топқа бөлінеді. Әр топқа 100 теңге беріледі. Сосын әр топқа өткен сабақтар бойынша сұрақтар қойылады. Сұрақтан бұрын топ басшысы 100 теңгеге дейінгі бір ақшаны айтуы керек. Мысалы: 10, 20, 40, 60, 80, 100 теңге. Егер 40 теңге десе және сұраққа дұрыс жауап берсе, ақшалары 140 теңгеге көбейеді. Әр топқа үш сұрақ қойылады. Ең көп ақша жинаған топ жеңіске жетеді.



6-БӨЛІМ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР

Ой бөлісейік

1. «Ынтымақ, ынтымақтастық» ұғымдарына өз анықтамаңызды беріңіз.
2. Халықаралық деңгейдегі қандай ынтымақтастық ұйымдарды білесіз?
3. Қазақстан қай елдермен достық қарым-қатынас ұстанады?
4. Төмендегі берілген ұйымдарға назар аударыңыз. Олардың әрбірінің қызметін айтып көріңіз.

*Біріккен Ұлттар Ұйымы Бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымы
Шанхай ынтымақтастық ұйымы Халықаралық валюта қоры
Солтүстік Атлантикалық келісім ұйымы
Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы*

ОҚЫЛЫМ

Мәтінді оқыңыз.

Қазақстан және Біріккен Ұлттар Ұйымы



Қазақстан тәуелсіздік алысымен, ядролық және жаппай қырып-жоятын қарулардан бас тартты. Мұндай шешім жас мемлекеттің дамуы үшін аса маңызды алғышарт болып табылды. Қазақстан мемлекетінің бұл қадамын әлемдік саяси топтар қолдап, ерекше бағалады. Бүгінде Қазақстан –дүниежүзілік қауымдастықтың, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) толық мүшесі. ҚР Біріккен Ұлттар Ұйымына 1992 жылы 2 нау-

- рызда қабылданды. 1945 жылы құрылған бұл ұйымның 180-нен аса мүшесі бар. БҰҰ-ның негізгі қызметі мына мәселелерді шешуге бағытталған:
- экономикалық және әлеуметтік дамудың аса маңызды шараларын жүзеге асыру;
 - босқындарға және түрлі апат құрбандарына көмек көрсету;
 - бітімгершілік жасау;
 - адам құқықтарын қорғау;
- Қазақстан БҰҰ-ның түрлі институттарымен мына бағыттарда тиімді ынтымақтастық орнатқан:
- қару-жарақ пен қарусыздануды бақылау;
 - экономикалық және қайырымдылық көмек мәселелері;
 - босқындар мәселесі;
 - адам құқығын қорғау;
 - денсаулық сақтау;
 - мәдениет;
 - көлік және байланыс.

(Қазақ тілі: тіл ұстартуға арналған оқу құралы)



1. Мәтіннің негізінде бірнеше сұрақтар құрастырып, оларды өзара бір-біріңізге қойыңыздар.



2. БҰҰ-ның әрбір қызметін ашатындай мысал келтіре аласыз ба?

СӨЙЛЕСІМ

Төменде берілген сөз бен сөз тіркестерін қатыстырып сөйлемдер немесе мәтін құрастырыңыз.

Халықаралық ұйым, дүниежүзілік қауымдастық, ядролық қару, жаппай қырып-жою, босқындар, алғышарт, адам құқықтарын қорғау, ынтымақтастық орнату, қайырымдылық, әлемдік саяси топтар.

ТЫҢДАЛЫМ



Мәтінді түсініп тыңдаңыз. «Ынтымақ» сөзінің мағынасын мәтін желісі арқылы ашыңыз.

Бір қалада ағайынды үш жігіт өмір сүріпті. Олардың әрқайсысының өз шеберханасы болыпты. Үшеуі де темір тостақ жасаумен айналымыпты.

Бір күні олар бірге ақылдасады. «Біз үшеуіміз де бір кәсіппен айналысамыз. Бұдан кейін біздің бірігіп жұмыс істеуіміз керек. Үш «бір» бөлек тұрса, «бір» саны болып тұра береді. Ал үш «бір»-ді бірге қойса, «жүз он бір» болады. Бір адамның істеген жұмысы мен жүз он бір адамның жұмысын салыстыруға бола ма?

Сол үшін күнделікті жұмысымызды үшке бөлуіміз керек. Сонда ғана жұмысымыз өнеді», - дейді де, үшеуі бір шеберханада жұмыс істеуге кіріседі. Біреуі от жағумен және темір ерітумен шұғылданады. Екіншісі темірді балғамен соғып, тостақ жасауды өз мойнына алады. Дайын болған тостақтың бетіне әртүрлі сурет салу, ою жасау үшіншісіне тиеді. Сөйтіп, олардың жұмыстары жеңілдеп, өнімдері көбейеді. Бұрын әрқайсысы бір күнде он тостақ жасайтын. Енді үшеуі бір күнде жүз тостақтан көп жасайтын болды. Сатып алушылар да тостақтың жақсы болғанын айтып, көптеп сатып ала бастайды.



Мәтін мазмұнын «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы талдаңыз.

1. *Пікір.* Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.

2. *Дәлел.* Өз пікірлеріңізді бір сөйлеммен делелдеңіздер.

3. *Мысал.* Пікірлеріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіздер.

4. *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыздар.

Біле жүріңіз!

Ынтымақтастық – түрлі мүдделі топтардың бейбіт қатар өмір сүру жағдайында экономикалық, саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени және халықаралық мәселелерді

бірлесіп шешудегі қабілеттілігі. Ынтымақтастық қоғамдық қатынастардың әртүрлі деңгейінде көрінеді. Микродеңгейдегі ынтымақтастық ретінде түрлі топтардың, ұйымдардың, партиялардың, қоғамдық ұйымдардың белгілі бір мәселелерді ұйымдасып шешіп отыруға ниетін атауға болады. Мезодеңгейдегі (орта) ынтымақтастыққа әлеуметтік топтар мен топтар, халықтар мен этностар арасындағы ортақ мәселелерді (экономикалық даму, әлеуметтік мәселелер, этнографиялық даму) және міндеттерді шешуде бірігіп әрекет етуді жатқызуға болады.

Макродеңгейдегі ынтымақтастыққа мемлекеттер, халықаралық ұйымдар арасындағы ғаламдық планетаралық мәселелерді шешуге бағытталған ұжымдық іс-әрекеттерді жатқызамыз.

Ынтымақтастық қазіргі адамзаттық өзара түсінісуінің, ортақ мәселелерді біріккен әрекеттермен шешуге ұмтылуын, бейбітшілікті қамтамасыз етуінің негізгі формасы болып табылады.

Мамыр айының 1-і күні – Халықаралық ынтымақтастық мерекесі. Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Біздің елімізде 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар мекендейді. Олар өздерінің тілін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін сақтаған. Бір-бірімен тату-тәтті, бейбіт өмір сүреді. Бұл ынтымақтастықты нығайту Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Халықтар достығы ассамблеясына жүктелген.

(<https://kk.wikipedia.org/wiki>], «Сен білесін бе?» энциклопедиясы)

ЖАЗЫЛЫМ

1. Төмендегі тақырыптардың бірін таңдап, ойтолғау жазыңыз.

Ынтымағы жарасқан Қазақстан

Ынтымақ қайда болса – ырыс сонда (мәтел)

Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман (Қазыбек би)

Ырыс алды – ынтымақ (мәтел)

2. Берілген мақалдардың жалғасын жазып, жаттап алыңыз.

Теңге – тиыннан,

Ынтымақ – бұзылмайтын қорған,

.....

.....

Ынтымақ түбі – игілік,

Аз да бітер, көп те бітер,

.....

.....

Екі құзғын таласса,

Ынтымақ жүрген жерде,

.....

.....

Қажетті сыңарлары: Бір қарғаға жем болар. Ырыс бірге жүреді. Татулыққа не жетер? Ынтымақ – ұйымнан. Қосылып еккен ағаш – орман. Тірлік, тірлік түбі – бірлік.



Топтық жұмыс

1- Төмендегі ұйымдардың бірін таңдап алыңыздар. Өзара топтарға бөлініп, әр ұйымның қызметін таныстырыңыздар.

ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕҢБЕК ҰЙЫМЫ	ЮНЕСКО
БҮКІЛӘЛЕМДІК ЖАСТАР АССОЦИАЦИЯСЫ	БҮКІЛӘЛЕМДІК ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ	

7 - БӨЛІМ

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ

Ой бөлісейік

1. Төменде берілген екі сөздің мағынасын ашып айтыңыздар. Бұл сөздердің тақырыпқа қандай байланысы бар деп ойлайсыздар?

«Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды»
Б.Момышұлы.

«Ата заң әркімнің бойтұмары болып, оның әрбір қағидасы мүлтіксіз орындалғанда ғана ортақ мақсатқа қол жеткіземіз»
Н.Назарбаев.

2. Сіз өз құқығыңызды білесіз бе?

3. Не істеуге құқылысыз, не істеуге құқығыңыз жоқ?

ОҚЫЛЫМ

Мәтінді түсініп оқыңыз. Жоспар құрып, түсінгеніңізді айтып беріңіз.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген аталы сөз бекер айтылмаған. Әр адам мемлекеттік заңдарды құрметтеп, ата бабамыздың тәжірибесін үнемі назарда ұстап отыруы тиіс. Халқымыз 13 жастағы баланы «отау иесі» деп атаса, ал қазіргі Қазақстан Республикасының Ата заңы бойынша, қылмыс жасаған баланы 14 жас-тан жауапқа тартады. 16 жас-тан бастап толық әкімшілік, қылмыстық жауапкершілік басталады, азаматтық жеке куәлік алады. Заңды білу – заман талабы. Адамның негізгі міндеті – заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан, өзіне жүктелген міндетін орындау. Өйткені заң дегеніміз – өмірдің нәрі. Заңның мықтылығы – атында емес, адалдығы мен әділдігінде. Заңның ең басты мақсаттарының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Енді осы кезге дейін жүріп өткен құқықтық жолымызға көз салып көрелік:

1787 жылы Дүниежүзіндегі тұңғыш Конституция қабылданды.

1789 жылы 26 тамызда Адам және азаматтардың құқықтары декларациясы қабылданды.

1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ да Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы қабылданды.

1959 жылы 20 қарашада БҰҰ ның Бас Ассамблеясында Балалар құқығы декларациясы қабылданды.

1989 жылы Бала құқығы туралы конвенциясы қабылданды.

1993 жылы 28 қаңтарда егеменді еліміздің алғашқы Конституция қабылданды.

1995 жылы 30 тамызда референдум арқылы бекіткен екінші Конституциямыз қабылданды.

2002 жылы 8 тамызда Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтары туралы заңы қабылданды.

2004 жылы 7 шілдеде Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты Заңы қабылданды.

Адамзат баласының өмір сүруі белгілі бір заңдылықтарға бағынатыны сияқты, ғаламшарды мекен еткен әр мемлекеттің де негізгі заңы болуы шарт. Ол заңның барлық тілдердегі мойындалған атауы – Конституция. Еліміз 1995 жылы өзінің талғам талқысынан өткен басты құжаты Конституциясын жүрек қалауымен қабылдады. Жасампаздықтың жаңылмас жарғысы болған Конституция біздің барша жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Қастерлі құндылығымыздың қағидаттарын бұлжытпай орындаудың нәтижесінде біз қысқа мерзімде мызғымас мемлекетімізді орнатып, тәуелсіздігімізді тұғырлы еттік. Ата Заң тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыздың кепілі ретінде біздің бірлігімізді бекемдеп, елдегі тұрақтылық пен татулықтың берік тұтқасы болды.



Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегенді қалай түсіндірер едіңіз?
2. Әкімшілік, қылмыстық жауапкершілік дегенді ашып айтып берсеңіз. Ол неше жастан басталады екен?
3. Тұрақтылық пен татулық деген сіздің ұғымыңыз бойынша не?
4. Татулыққа қатысты тұрақты тіркес, мақал-мәтел айта алысыздар ма?

СӨЙЛЕСІМ

ҚР Конституциясында берілген кейбір баптарды оқып түсініңіздер және қазіргі шынайы өмірмен байланыстырып, мысалмен дәлелдейік.

Бап	Сипаттама	Орындалуы	Неге?
7-бап.	1.Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі.	Қазақстан азаматтарының – орыс бөрі мемлекеттік тілі тілде сөйлемейді	Ресми тіл
9-бап.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Гимні бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.		
14-бап.	Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.		
15-бап.	Әркімнің өмір сүруге құқығы бар.		
18-бап.	1. Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, арнамысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар. 1. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала		
27-бап	мемлекеттің қорғауында болады. 2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата ананың етене құқығы әрі міндеті. 3. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата – анасына қамқорлық жасауға міндетті.		

29-бап. 1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.

30-бап. 1. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті

34-бап. 1. Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.

Топтық жұмыс

«Біз өз құқығымызды қорғай аламыз ба?» тақырыбына әңгіме-сұхбат жасаңыздар.



Қызықты дерек

ҚР Конституциясы туралы қызықты мәліметтер

1995 жылы Конституция жобасын талқылауға үш миллионнан астам Қазақстан азаматы жұмылдырылды.

ҚР Конституциясы қабылданғаннан кейін небәрі үш-ақ рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. 1998, 2007 және 2011 жылдары өзгерістер енгізілді.

Тәуелсіздіктің 10 жылдық, 15 жылдық, 20 жылдық мерейтойлары құрметіне арнайы пошта маркалары жарық көрді. 2005 жылы 10 жылдық құрметіне 72 теңгелік номиналды марка, 2010 жылы 15 жылдыққа, 2015 жылы 20 жыл толуына орай пошталық марка шығарылды.

Ата заң мәтінінің орысша нұсқасына (7 168 сөз) қарағанда қазақ тіліндегі нұсқасында (8 904) сөз көп. Оның ішінде Республика сөзі 260 рет (орысшасында 305), Қазақстан сөзі 111 рет, Парламент сөзі 82 рет кездеседі.

Конституциядағы ең көп баб қарастырылған бөлім – «Парламент» (61 бап), ал ең аз бапты «Адам және азамат» (39 бап).

Ең алғашқы конституция Қазақ Автономиялы республика кезінде 1926 жылы 18 ақпанда қабылданған.

Әлемдік желіде конституция баспалық нұсқасының 30-дан астам түрі бар. Оның ең қарапайым, жұмсақ мұқабалы түрін 200-500 теңгеге сатып алуға болады. Өте қымбат тұратын түрлері де бар. Ғаламтор арқылы өткізілген бәссаудада Конституцияның ең қымбат нұсқасы 130 мың теңгеге сатылды, онда президенттің қолтаңбасы бар болған.

(massaget.kz)

ТЫҢДАЛЫМ

Ә.Нұршайықовтың халқымыздың біртуар ұлы Б.Момышұлы жайлы жазған «Ақиқат пен аңыз» роман диалогынан үзіндіні тыңдап, түсініп, зердеге түйіп алыңыздар:

Автор: Бұрынғы мен бүгінгі, онымен болашақты салыстыра отырып, арт пен алға көз жібере келіп, жас ұрпаққа қандай ақыл айтар едіңіз?

Бауыржан: – Ей, бүгінгі жас қауым, бейтаныс арғы ұрпақ! Әр әке балам бақыт-



ты болса екен, үрім-бұтағым үзілмесе екен, өшпесе екен деп тілейді. Осы мақсатпен әкелеріміз бізге қан кешіп жүріп, кең байтақ Отан жасап берді. Олар бізге: құрылыс жақсы болса – тұрмыс жақсы, бірлік мықты болса – тірлік күшті. Осы құрылыс пен бірлікті көздің қарашығындай сақтаңдар деп өсиет етті. Біз бұл өсиетті абыроймен орындап, Отанымызды Гитлер сияқты ең жауыз жаудан сақтап қалдық. Туысқандық бірлігімізге титтей де дақ түсірмедік.

Сөйтіп, Ұлы Отан соғысында қабырғадан қан кешіп жүріп, біз де сендерге бақыт әпердік, жас ұрпақ. Ол – қазіргі кең жазира Отаның сенің. Өйткені – Отансыз өмір, онсыз қуаныш жоқ. Соны көздің қарашығындай сақтаңдар. Соңғы үш ғасырда дүниеге үш жалмауыз берген адамзат жауыз ұлға қысыр болып қалмас.

Бір ғасырда бір Наполеон, екі жүз жылда есуас Гитлер тумай қоймас. Ондай жауыздардан елді, жерді, қоғамды сақтап қалу – сенің борышың, алғы ұрпақ. Ұзын бой қысқарады, үлкен дене кішірейеді, адам ақыры өледі. Ол – табиғат заңы. Адам өлгенімен, оның еңбегі өлмейді, ерлігі өлмейді, от атқарған ұлы іс өлмейді. Ұлы іс Отанға деген сүйіспеншіліктен, халыққа деген құрметтен, осы екеуі үшін аяусыз еткен еңбек пен ерліктен туады. Өткен Отан соғысында он тоғыз-жиырма жасар азаматтар ерекше ерлік көрсетті. Жиырма жас – тарихи ерліктер жасайтын жас. Осыған әрқашан да әзір болу керек. Жастарым Отаншыл болсын. Отаншылдық – әр адамға керекті ең ұлы қасиет. Ал Отаншылдық өз үйіңнен басталады. Кімде-кім ата-анасын ардақтаса, сол ата-анадан бірге туған бауырларымен тату болса, өзінің өскен ауыл, қаласын, туған ұлтын сыйлап, қадірлесе сол адам отыншыл болады. Өйткені, өз әке-шешесін ардақтамаған, өзгенің ата-анасын құрметтемейді. Үйде бауырмал болмаған, түзде интернационалист болмайды. Өз ауылының тасын сыйламаған, өзге ауылдың тауын қадірлемейді. Өз ұлтын жақсы көрмеген, өзге ұлттарды ұнатпайды. Мұны ұлтшылдықпен шатастырмау керек. Екеуі аспан мен жердей екенін жастар ажырата білуі шарт.

Намыс – азаматтың алтын туы. Әке-шешесін сыйлаған балада ғана намыс болады. Оларды ұялтпайын, сүйегіне таңба түсірмейін, өлсем өлейін, бірақ ата-анамды, ағайын жұртымды жерге қаратпайын дейді. Ер жігіттің елі – ата-анасы, Отаны – өз үйі кепілі ретінде біздің бірлігімізді бекемдеп, елдегі тұрақтылық пен татулықтың берік тұтқасы болды.

Мәтін бойынша төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіздер:

Сұрақ	Жауап	Мен қалай түсінемін?
Әкелеріміз бізге нені өсиет етті?		
Ұлы отан соғысы ардагерлері бізге бақытты қалай әперді?		
Отанымызды қалай сақтауымыз керек?		
Үш ғасырдағы үш жалмауыз кімдер?		
Алдағы ұрпақ борышы не?		
Тарихи ерлік жасайтын жас		
Б.Момышұлының ойынша қандай адам отаншыл болады?		
Ұлтышылдық пен ұлтжандылықтың айырмасы		
Намыс деген не?		

ЖАЗЫЛЫМ

Сөйлемді аяқтап, ойды кеңейтіңіз.

16-бап. «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды», сондықтан...

17-бап. «Әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар», өйткені...

14-бап. «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең», сондықтан...

Төмендегі сөздерді сәйкестендіріңіздер:

Құқық	Еліміздің негізгі заңы
Конституция	Мемлекет басшысы
Мемлекет	Негізгі саяси қоғамдық ұйым
Азамат	Тәуелсіздік
Құқықбұзушылық	Азаматтық куәландыратын құжат
Президент	Заң шығарушы орган
Парламент	Заң жүйесін бұзу
Егемендік	Құқығы бар ел тұрғыны
Төлқұжат	Қоғамға қауіпті іс-әрекет
Қылмыс	Заңдар жүйесі

«Қазақстан Республикасының Ата заңы – маңызды құжат» деген тақырыпқа сұхбат жазыңыздар.



8-БӨЛІМ ОТБАСЫ. БАЛА ТӘРБИЕСІ



Ой бөлісейік

1. Сіздің бойыңызда қандай жақсы қасиеттер бар?
2. Баланың бойына жақсы қасиеттерді қалай дарытуға болады деп ойлайсыз?
3. Шыдамды деген не? Шыдамдылық қасиетін қалыптастыруда сіз қандай рөл атқарасыз?
4. «Отбасы – бала тәрбиесін қалыптастырушы ең алғашқы бесік» дегенді қалай түсіндірер едіңіз?
5. «Отбасы» мен «жанұя» сөзінің қай нұсқасын қолдар едіңіз? Бұл сөздердің шығу тарихы туралы естідіңіз бе?



ОҚЫЛЫМ

Отбасы – тәрбиенің ең тамаша мектебі

Қазақтар амандасқанда, «мал-жаның, отбасың аман ба?» деп жатады. Неге солай? Ол – өз отбасың, мал-жаның үшін сен кез келген қазақтың алдында жауап бересің деген сөз. Біздер оны қазір жай әдет шығар деп есептейміз. Ілкіде олай болмаған. Ол – басқалардың алдында сенің өз отбасыңды қалай басқарып отырғаның туралы есеп беру.

Отбасы дегеніміз – тұрмыс құрған екі адамнан өрбіген ұрпақ. Отбасын бұзбау керек. Мал да, жан да сол ұяда қалса абзал. Бүкіл дүниежүзінің түсінігі басқаша болса да, қазақтың өз ұясына түсінігі – ата-баба түсінігінде, солардың заңдарды мен жарғыларына бағындырылуы шарт.

Адамзат баласы үшін басын қатерге тігеді, қолын отқа салады. Егер біздің заңымыз отбасы бұзылған жағдайда «мал-жаның» ата шаңырақ меншігі етіп қалдырса, «бауыр еті – баласын» көзі қиып тастап кетушілердің табыла қоюы да екіталай. Соның арқасында кездейсоқ болып қалған сәл реніш үшін баласын қолтығына қысып алып, төркіншілейтіндердің де саны азаяр еді. Мұндай заң әйелдің тең құқықтығын әлсіретпейді, қайта бақытты болуына, бесіктен бастап, отбасының тұрақты болуына әсер ететін тәрбие алып шығуына, жар таңдауда ұшқалақтық істемеуіне итермелейді.

Біздердің бұрынғы аналарымыздың «ері өлгенде де елден кетпеуі» сол «бауыр етіне» деген сүйіспеншіліктен туындайтын инабаттылық болса керек.

С. Тоқтамис



Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз:

1. «Отбасың аман ба» деп сұрау ненің белгісі?
2. Қандай жағдайда отбасы бұзылмас еді?
3. Үйленуге ең қолайлы жас неше жас деп ойлайсыз?

Біле жүріңіз!

Отбасы шежіресі

Ата – әкенің әкесі. Атаны жасы кішілер құрметпен «аксақал», «қария» деп атайды, шал деуге болмайды, ол сыйламағандық болып есептеледі.

Әже – әкенің шешесі. Ұлы мен келіні әжесінің айтқанын екі етпеуге тиіс. Әже де «немерелерін» ерекше жақсы көреді.

Әке-шеше, ата-ана – дүниеге ұрпақ әкелген ерлі-зайыпты адамдар. Ұл мен қыз үшін бұлардан асқан адам жоқ. Сондықтан олар ата-анаға өмір бойы қарыздар. Отбасында әке «отағасы» делінеді. Келін күйеуінің шешесін (анасын) «ене» дейді, ал басқалар «ошақ иесі» деп атайды.

Бала – ата-анадан туған ұрпақтар, яғни олар «ұл», «қыз» деп аталады. «Баласы бар үй – бақытты үй» деп саналады.

Ұл – шаңырақ иесі, ұрпақ жалғастырушы. Ұл туғанда бұрын «атұстар» деп хабарлаған.

Қыз – басқа елдің болашақ келіні, болашақ ана. Сондықтан «қыз-қонақ», «қыз-өріс» деп туған-туыстары аялап, мәпелеп өсірген. Үлкендер оны «қызымыз» деп үнемі төрге отырғызып, жолы үлкен деп есептеген.

Тұңғыш, ортаншы, кенже бала. Ата-ана бірінші туған баласын «тұңғышым», одан кейін туған баласы (немесе балаларын) «ортаншым», ең соңғы туған баласын «кен-жем» деп атаған. Алғашқы балаларын үйлендіріп, енші беріп жеке отауға шығарған да, соңғы кенжесін өз қолында қалдырған. Ол әке-шешесін бағып, олардың мұрасына ие болып қалған.

Немере – ұлдың баласы. Немере ата-әже үшін өте ыстық болады. Олар бірінші немересін көбінесе бауырына салып, бағып өсіреді.

Шөбере – немеренің баласы. Оның ата-ана үшін орны ерекше. Егер шөберенің қолынан (алаканынан) су ішсе, о дүниеде жеңілдік болады деседі. Шөберенің баласы «шөпшек», шөпшектің баласы «немене».

Аға, апа, қарындас, сіңлі – бір әке-шешеден туған немесе туыстың ұл балалары, үлкен болса – «аға», кіші болса – «іні», үлкен қыз – «апа» (әпке), кіші болса – ұлдар үшін «қарындас», қыздар үшін «сіңлі» болады.

Жеңге – ағаның әйелі. Ол жасы үлкендер үшін – «келін», жасы кішілер үшін -- «жеңге», «жеңеше». Жеңгелері қайындарына, қайын сіңлілеріне «мырза жігіт», «ерке бала», «сырғалым», «шашбаулым», «бойжеткен», «күлім көз» деп құрметтеп атаған.

Қайын іні, қайын сіңлі – жеңгелері үшін, әйелдің күйеуінің ағасы – қайын аға, күйеуінің інісі – «қайын іні», қарындасы «қайын сіңлі» болады. Бұларды жеңгелері үнемі еркелетіп жүреді.

Ағайын -бірге туған туыстар бір сөзбен «ағайындар» делінеді.

Балдыз – әйелдің інілері мен сіңлілері күйеуіне «балдыз» болады. Жезде мен балдыз өте тату, бірін-бірі ренжітпеуге тырысады.

Келін – інінің, баланың әйелі жасы үлкендерге «келін» болып есептеледі. Келін күйеуінен үлкендердің бәріне де иіліп сәлем беруі керек. Мұндай келін әдепті, иба-лы келін болып есептеледі.

Қалыңдық – күйеуге атастырған, бірақ өз үйінде отырған бойжеткен. Қазақ оны «оң жақта отырған қыз» дейді.

Абысын – ағайынды жігіттердің әйелдері.

Бөле – апалы-сіңлілі қыздардың балалары бір-біріне «бөле» болады.

Бажа – апалы-сіңлілі қыздардың күйеулері бір-біріне «бажа».

Қайын ата – әйелге күйеуінің әкесі, күйеуге әйелінің әкесі «қайын ата» болады. Екі жақ та қайын атаны өз әкелеріндей сыйлап, құрмет көрсетуге тырысқан.

Қайын ене – әйелге күйеуінің шешесі, күйеуге әйелінің шешесі «қайын ене».

Нағашы – ананың төркіні балаларына «нағашы» болады. Мұнда жиендері тек туған нағашы ғана емес, оның туыстарын түгел «нағашы» дейді. Осымен байланысты нағашы жұрттың ер-әйелдері «нағашы апа», «нағашы жеңге», «нағашы қарындас», «нағашы аға», «нағашы іні» деп аталады.

Құда – қыз алып, қыз беріскен ер адамдар бір-бірін «құда» деп атайды. Қыз бен жігіттің өз әкелері бір-біріне «бауыздау құда» делінеді, ал құда түсуге келген адамдардың басшысы «бас құда» делінеді. Халқымызда әлі тумаған балаға құда түсу салты болған, оны – «бел құда», «қарын құда», «құрсақ құда» десе, кейде бесікте жатқан балаларға құда түсу салтында «бесік құда» деген сөздер де бар. Кейде қызын берген үйдің қызын ұлына алып берсе, мұны «қарсы құда» дейді.

Құдағи – құдалардың әйелдері (бәйбішелері). Құдағи жол-жораны өзі басқарады. Құдалар басқа адамдардан жоғары отырады.

Жиен – қыздан туған бала(лар). Жиен нағашыларына еркелеп, нені қаласа да, алуға құқы бар. Ал нағашылары оның қолын қақпауға тиісті. Нағашы – жиендер кездескен-де бір-бірімен әзілдесіп, еркін ойнап-күле береді.

Жиеншар – жиеннен туған бала. Ол да әкесі сияқты жиендікті жалғастырады.

Құдаша – келіннің сіндісі, жігіттің қарындасы, жас келіншектер қарсы жақтарға «құдаша» делінеді. Құдалар аулының жастары құдашалармен жарасымды әзілдесіп, ойнап-күліп, сыйлас болуға тиіс.

Құда бала – жігіт немесе келіннің інілері. Бұлармен де екі жақтың құдалары әзілдесіп отырады.

Күйеу – қыз алған жігіт. Ол қыз берген жақтың бәріне «күйеу бала» болып есептеледі. Күйеу әйелінің апаларын «қайын бикем» деп, сіндісін, інілерін «балды-зым» деп, көбінше балдыздарымен әзілдеседі. Қонақасы бергенде күйеу мен келінге қойдың төсін ұсынады. Күйеу бас ұстамайды.

Жезде – әйелдің інілері мен сінділері оның күйеуін «жезде» деп еркелетеді, әзілдейді. Олар өте тату болады. Балдызының әйелі де оны «жезде» деу керек.

Жұбай – әйелдің күйеуіне қатысты атау.

Зайып – ердің әйеліне қатысты атау.

Шақа (шақалақ) – жаңа туған бала.

Шарана – қырқынан шықпаған бала.

Нәресте – қырқынан шыққан бір жасқа дейінгі бала.

Жесір – ері өлген әйел.

Тұлдыр (қу) жетім – әкесі де, шешесі де жоқ бала.



Үйден өз отбасыңыздың шежіресін жасап келіңіздер.

СӨЙЛЕСІМ

Әр мемлекеттің өзіне тән сыртқы және ішкі саясаты, басқару тәртібі мен міндет-қызмет бөлінісі, қасиеттеп, қастерлеп ұстанатын рәміздері болатыны сияқты, әр отбасы тіршілігінің де соған ұқсас жақтары бар.

Отбасы тіршілігінің заңы бойынша, оны отағасы, ол болмаса отанасы басқарып отырған.

Ата-ана өз отбасын нығайта отырып, оның балиғатқа толған мүшелерін үй боуға, өз шаңырағын көтеруге әзірлейді. Жас отаудың түтіні түзу шығып, жылы ұяға айналуы олардың үлкен үйде алған тәрбиесіне, көрген өнегесіне байланысты.

«Абай жолы» романынан үзіндіні оқыңыздар, қазақ әйелдерінің отбасы тәрбиесіндегі қандай тамаша үлгіні байқадыңыздар?

... Бала көп ішінен, ең алдымен өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым балам, әуелі ар жағында әкең тұр...Сәлем бер!- деді. Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі

бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды.

Сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Әке мен ананың отбасындағы рөлі қандай?
2. Қазіргі жастар отбасы тәртібін біледі деп ойлайсыз ба?
3. Ата-бабамыз неге ажыраспаған?
4. Қазақта жеті атаға толмай қыз бермеген. Осының себебі не деп ойлайсыз?

ТЫҢДАЛЫМ

Мәтінді мұқият тыңдаңыздар.

..Бағанағыдай емес, Қамар еңсесін жазып, ашылып сөйлей бастады. Көзіне ерік беріп жылап та алды. Бас тарта алмаймын дейді. Әке-шешесі де ықтиярын беріп қойған екен. Келер жылы үйленбекші көрінеді. Бірақ оның айтқандары мен үшін сыныққа сылтау, құлаққа кірмейтін сөз.

- Қазақ жігіті жоқ па? Шыңжаңдықтар Бейжінде толып жүр емес пе?

- Бар ғой, бірақ олармен әйтеуір тіл табыса алмай-ақ қойдым. Қанша мәрте жақындасайын десем де, қазақшам шорқақ болған соң соқырішектей бөлектенемін де тұрамын дейді.

- Қазақстанға жүрсеңші, бізбен бірге. Өзім қамқор боламын... Қазақстан қазақыланып жатыр, орыс тілінсіз де өмір сүруге болады. Бүгінде жетпіс пайыздан астық, Құдайға шүкір.

Бірақ менің бұл сөзім Қамарға күлкілі көрінді. «мырс» етіп кекесін танытты.

- Орыстандың не, қытайға сіндің не? Бәрібір емес пе?! Қайда барсаң да біреуге кіріптар боламыз ақырында. Осында оқып жүрген Қазақстан жастарын көріп жүрміз ғой аға, қазақшасы менен нашар. Бір-бірімен орысша шүлдірлеседі.

... Өз елінде жүріп, ана тілінен мақұрым қалған бауырларымды былайғы күнде жақтырмасам да бұл жолы жақтай сөйледім. Біраз жерге дейін көсілгенімді білемін, әйтеуір дәл қазір қазақ үшін аралас неке қылмыс деп тұжырғаным есімде.

- Неге? Басқаларға болғанда қазаққа өзге ұлтпен бас қосуға болмай ма? Әрі-беріден соң Қазақстанда жүріп те қазақ қыздары шетелдіктерге үйленіп жатыр емес пе? – деп жабыса кетті.

- Болмайды, олар шіріген жұмыртқа, жоғалған ұрпақ. Өзгеге қыз бермек түгіл, қыз алуға да болмайды. Өйткені олардан туған бала бәрібір қазақ болмайды.

- Неге?

- Өйткені қазақ ұзақ жылғы зобалаңда ұлттық имунитетін әлсіретіп алған халық. Біз біреуді сіндіріп алам дегенше, біреуге сіндіп кетуге бейім тұрамыз. Орыспен жақындассақ, орыс боп кетеміз, қытайға қыз беріп, қыз алсақ қытай боп шыға келеміз. Өзгенің тілінде жүйріктей жүйткіміз, өзіміздің тілде тұсаулы аттай шоқырақтаймыз. Оның себебін өзім де білмеймін.

- Ал мен баламды қазақ қылып өсірем десем сенесіз бе?

- Сенбеймін, - дедім шорт кесіп. Өйткені сен өзің шала қазақсың...

(Есболат Айдабосын «Тибет аруы»)



1. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Мәтінде қандай жағдай сипатталған?
2. Аралас некеге сіздің көзқарасыңыз қандай?
3. Автордың «қазақ ұзақ жылғы зобалаңда ұлттық иммунитетін әлсіретіп алған халық» деген сөзі туралы айтар пікіріңіз.
4. Сіз автор болсаңыз шығарманы қалай аяқтар едіңіз?
5. Төмендегі кестеде берілген сөздердің мағынасын жазыңыздар:

Сыныққа сылтау	
Тіл табыса алмау	
Сөзге шорқақ	
Кіріптар болу	
Көсіліп сөйлеу	
Шіріген жұмыртқа	
Сіңу-сіңіру	
Шорт кесу	
Жүйріктеу жүйткү	
Тұсаулы аттай шоқырақтау	

Топтық жұмыс



1. Сіздің құрбыңыз аралас некені қолдайтынын айтты. Сіз қандай пікір білдірер едіңіз?
2. «Шетелдегі қазақ қыздары» деген тақырыпта пікірталас өткізіңіздер.

ЖАЗЫЛЫМ

1. «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің» деген нақыл сөзге өз пікіріңізді жазбаша білдіріңіз.. Өйткені, себебі, сондықтан деген шылау сөздерді қолданыңыз.

2. Мына пікірге қатысты сұхбат құрыңыз. Осы пікірмен ойыңызды қорытыңыз. «Үйлену дегеніміз – өз құқыңның жартысын азайтып, міндеттеріңді екі есе көбейту деген сөз» (А.Шопенгауэр, неміс философы).

3. Сұхбатты толықтырыңыздар.
 - Қазір некелік одақ жиі бұзыла ма, әлде тұрақты ма?
 - ?
 - Оның жиі бұзылуына себептер қандай?
 - ?
 - Тек қана әлеуметтік мәселелерге байланысты ма?
 - ?
 - Психологиялық себеп деген не?
 - ?

4. Төмендегі нақыл сөзге ситуация құрыңыз.
«Атадан жақсы ұл туса, есіктегі басын төрге сүйрер,
Атадан жаман ұл туса, төрдегі басын есікке сүйрер».



9-БӨЛІМ

БІЛІМ. КӘСІБИ БАҒДАР. ОҚУ ОРЫНДАРЫ. МАМАНДЫҚ. КІТАПХАНА

Ой бөлісейік

1. Қазақстандағы білім және білім жүйесі туралы не айтасыз?
2. Сіз өзіңіздің сүйікті мамандығыңызға түстім деп ойлайсыз ба?
3. Сіз мектепте қандай пәнге қызыққан едіңіз?
4. Мектеп бағдарламасындағы қандай пәнді артық деп есептейсіз?
5. Білім мен тәрбие қатар жүру керек деген ойға өз көзқарасыңызды білдірсеңіз.



Мәтінді түсініп оқыңыз.



ОҚЫЛЫМ

Статистикаға сүйене отырып, әлемдегі ең үздік білім беру жүйесіндегі 20 ірі мемлекетке тоқталатын болсақ: Финляндия, Оңтүстік Корея, Гонконг, Жапония, Сингапур, Ұлыбритания, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Швейцария, Канада, Ирландия, Дания, Австралия, Польша, Германия, Бельгия, АҚШ, Венгрия, Словакия, Ресей.

Германияның білім беру жүйесі демократиялық деп айта аламыз. Ата-ана мен оқушы төменгі сыныпта өзіне керекті мектепті таңдайды. Төменгі сыныптарда, яғни 6-10 жас аралығында балалар оқуды, санауды, жазуды, табиғатты тануды үйренеді. 10-19 жас аралығында жоғары сатыда оқып, оқушы мамандана бастайды. Германияда мектептің мынадай түрлері бар: негізгі мектеп (Hauptschule) – 5-6 жыл оқытылады, шынайы мектеп (Realschule) – 6 жылды қамтиды. Осының қорытындысы бойынша жоғары мектепке (Gymnasium), кейін университетке түседі. Гимназияда 8-9 жыл оқытылады. Гимназияда гуманитарлық, қоғамдық, техникалық және жалпы (үшеуін де қамтитын) бағытта білім беріледі. Нәтижесінде орта білім туралы диплом беріледі. Жекеменшік мектептердің басым бөлігі діни, зайырлы бағытта жұмыс істейді, азаматтығы жоқ адамдар тек осы мектептер де білім ала алады.

Қытайда білім жүйесін мектепке дейінгі дайындық, бастауыш мектеп, толымсыз орта білім, толымды орта білім, университет, аспирантура құрайды. Балаларды бастауыш мектепке 6 жастан бастап қабылдайды. Осы жерде 6 жыл білім алады. Қоғам мен табиғат туралы пәндер көбірек оқытылады. Салауатты өмір салтын қалыптастырып, әрбір оқушының бойындағы патриоттық сезімді оятуға көп көңіл бөлінеді. Ана тілі, математика, адамгершілік пен этика, музыка, шет тілі сынды пәндерге баса назар аударылады. 3 сыныптан бастап ағылшын тілі жиілей бастайды. 4 сынып оқушылары жылына 2 апта фермаларға, шеберханаларға барып жұмыс істейді. Барған жерлерінің тыныс-тіршілігімен танысады. ҚХР заңына сәйкес әрбір республика азаматы 9 жылдық білім алуы керек.

Оңтүстік Кореяда балалар 8-14 жас аралығында бастауыш мектепте оқиды. Онда оқытылатын пәндер: корей тілі, математика, нақты ғылымдар, тіл, бейнелеу өнері. Әдетте барлық пәнді бір ғана мұғалім жүргізеді. Білім беру жүйесінің сатыларына өту емтихан балымен емес, оқушының жасына байланысты анықталады. Қазіргі таңда ағылшын тілі үшінші сыныптан бастап оқытылады. Корей тілінің грамматикасында өзгерістер өте көп болғандықтан, ағылшын тілін меңгеру өте қиын. Корея білім беру жүйесінде математика мен ағылшынға баса көңіл бөлінеді. (<http://group-global.org>)



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Германия, Қытай, Оңтүстік Кореяның білім жүйесі туралы не айта аласыз?
2. Басқа мемлекеттің білім жүйесін оқып көрдіңіз бе?
3. Демократиялық дегенді қалай түсіндіңіз?
4. Қоғам мен табиғат туралы пәндерде не қарастырады деп ойлайсыз?
5. Оқушының жұмыс істеуі дұрыс па? Пікіріңіз.
6. Үйден өздеріңіз басқа мемлекеттің білім жүйесі туралы қарастырып келіңіздер.



Жаяғдаяттық тапсырма:


- а) Сіз Білім және ғылым министрісіз. Білім жүйесіне қандай өзгеріс енгізер едіңіз?
 - ә) Сіз кітапхана директорысыз. Кітапханада ғылымның қай саласындағы кітаптар көп болуы тиіс?
- б) Қазіргі заманда ғылым үшін кітап пен жаңа технологиялардың қайсысы маңызды? (пікірталас)

ТЫҢДАЛЫМ



Ы.Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңін мұқият тыңдаңыздар:

Өнер - білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды;
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып - жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге,
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды;
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді;
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай,
Білгендерге осылар
Бәрі - дағы анықтай,
Білмегенде танықтай;
Біз де бекер жатпалық,
Осыларға таныспай;
Ат өнері білінбес



Бәйгеге түсіп жарыспай;
Желкідеп шыққан көк шөптей
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмтылыңыз, қалыспай.
Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды.
Өнер – жігіт көркі деп
Ескермедік мақалды...
Біз болмасақ сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды.

Кестені толықтырыңыздар:



Өлең жолдары	Қазіргі күндегі қандай дүние деп ойлайсыз?
Өнер - білім бар жұрттар Тастан сарай салғызды;	
	ғаламтор
Аты жоқ құр арбаны Мың шақырым жерлерге, Күн жарымда барғызды.	

Топтық жұмыс


Сізге жаңа дүние жасау мүмкіндігі берілсе, не жасар едіңіз? (Бірнеше топ болып, өз ойларыңызды қорғағыңыздар).



Біле жүріңіз!

SmartBesik

Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің магистранты Серікбол Шаймардан электронды бесік ойлап тапты. Арнайы құрылғыны бесікпен қосқандағы жалпы бағасы 50 мың теңге. Бесікті смартбесікке айналдыратын тербеткіштің құны 39 мың теңге болады. Бұл тербеткішті кез келген бесікке орнатуға болады.



Көлікке арналған құлып

Валерий Морев көлік жүргізушісі белдік тақпайынша көлікті орнынан қозғалтпайтын құлып ойлап тапты. Бұл жол көлік ережесін сақтай бермейтін алаңсар көлік жүргізушілерін қауіптен сақтауға септігін тигізбек.



Көлікке арналған жапсырма

Дамир Аралов көліктердегі жапсырманың үстіне жабыстырылатын нөмір белгісінің класын, техникалық байқаудан өткендігін, штрафтың бар-жоғын айқындап тұратын жапсырма ойлап тапты. 70×35 мм болатын жапсырма көліктің артқы не алдындағы нөмірінің оң жақ бөлігіне орналасатын болады. МАИ қызметкерлері осылайша көлік туралы бар мәліметті көзбен-ақ көріп біле алмақ.

(massaget.kz)

ЖАЗЫЛЫМ



Қазақстанның білім жүйесі мен басқа мемлекеттің білім жүйесін салыстырып жазыңыздар:

Ұқсастығы	Айырмашылығы
-----------	--------------



Мәтінді түсініп оқып, мәтін бойынша тапсырмаларды орындаңыздар:

Ертеректе екі жас бір-бірін ұнатысып, табысқан соң екі шопан құда болыпты. Қыздың әкесінде С.Мұқановтың «Ботагөз» романы бар екен. Ол кітабын мал жайған сайын алып шығып, қайталап оқи беретін көрінеді. Жігіттің әкесі құдасынан «Ботагөзді» өтініп сұраса керек. – Қалағаныңды ал, - дейді қыз әкесі, - қалың кілем дейсің бе, жүйрік ат па, бәрін берем, тек «Ботагөзді» сұрама. Жігіт әкесінің де кітапқа көңілі түсіп, басқа ештеңе керек болмапты. Құдалардың арасына сызат түсіп, ренжісе бастайды. Сатып алайын десе дүкенде жоқ, қала алыс, содан жігіттің әкесі С.Мұқановқа хат жазады. Хатты алған Сәбең тойға бара алмайтынына кешірім сұрап, «Ботагөздің» 10 данасын салып жіберіпті. Ұлы жазушының арқасында екі құда татуласыпты дейді.



Төменде берілген сөздердің мағынасын жазыңыздар:

Құда	
Шопан	
Көңілі түсу	
Сызат түсу	
Табысу	
Татуласу	

Төмендегі сөздерді қандай тұрақты тіркеспен алмастырар едіңіз?

Тату – Ренжу – Үйлену -



Топтық жұмыс

«Кітап және телефон» тақырыбына дебат ұйымдастырыңыздар.

Даналардан шыққан сөз

Кітап – өмір ұстазы. Сондықтан жастар кітап оқуды күнделікті әдет қылуы тиіс. Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес.

Серке Қожамқұлов

Өзінді-өзің тану үшін кітап керек. Өзгені де тану үшін кітап керек.

Расул Ғамзатов

Артық ғылым кітапта,

Ерінбей оқып көруге.

Абай

СӨЙЛЕСІМ

Күлкілі де қызық мамандықтар

Біздің елімізде кей маман иелеріне сұраныс аз болса, кей мамандық иелері ауадай қажет болып жатады. Ал әлемде біз біле бермейтін мамандық иелері бар екен. Солар туралы аз-кем мәлімет:

Доп жинаушы. Гольф ойыны аяқталысымен гольф доптарын жинақтайтын маман. Сиырға арналған педикюр шебері. Тұяқтары нашар күйде, күтімсіз болса, сиырлардың көңіл-күйі болмайды да, сүт беруі де азайып кетеді екен. Еуропа және Америкада элиталы фермаларда осы мақсаттағы арнайы бөлімнің арнайы мамандары болады.

Жиһаздарды сынаушы. Бұл кәсіп иелеріне ірі дизайн орталықтары мен жиһаз фабрикалары жүгінеді. Олар үстелдер мен сөрелерді тексермесе де, орындықтарды, креслолар мен кереуеттерді міндетті түрде тексеріп көреді.

Пингвиндерді аударушы. Пингвиндер жақын қашықтықта ұшып бара жатқан тікұшақтарға басын көтеріп қараған кезде шалқасынан құлап қалады екен. Құлаған пингвиндер өздігінен тұра алмайды, тіпті аударыла да алмайды. Сондықтан тікұшақтар ұшып өткеннен кейін оларға арнайы маман көмекке келеді. Әйтпесе, олар о дүниелік болып кетуі мүмкін.

Миды суырып алушы. Қорықпаңыз. Бұл мамандар мал сою орталықтарында жұмыс істейді. Олар бассүйектегі миды ұқыпты алып, мейрамханаларға еш кем-кетіксіз жеткізуге жұмыстанады. Бұдан басқа да құмырсқа сұрыптаушы, қыртыстарды жазушы, көпшіктерді түзеуші, кезекке тұрушы, әжетханаға жол көрсетуші сынды күлкілі де қызық мамандықтар жетіп артылады. Қандай мамандықты таңдасаңыз да, жүрек қалауына бағынғаныңыз жөн. Сонда ғана өз мамандығыңыздың қас шебері болып шығуға мүмкіндігіңіз жоғары. Іске сәт!

(massaget.kz)

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Кәсіп пен мамандықтың айырмашылығы бар ма?
2. Қандай мамандық батылдықты қажет етеді деп ойлайсыз? Не үшін?
3. Абай атамыз «толық адам» болу үшін *ақыл, қайрат, жүрек* үшеуі қатар болу керек деген екен. Осы пікірге алып қосарыңыз бар ма?
4. Төменде берілген үш қасиеттің қайсысы қандай мамандықта басым рөл атқарады деп ойлайсыз?

Ақыл	Қайрат	Жүрек

Топтық жұмыс

1. Бір мамандыққа толық сипаттама беріп шығыңыз, бірақ қай мамандық екенін айтпаңыз. Мысалы: *Бұл мамандық - өте қиын мамандық. Сіз адамдармен жұмыс істейсіз. Жалақыңыз аз. Жұмысыңыз қиын. Біліміңіз терең болу керек. Үйде де бұл жұмысты жасайсыз. Тек бір ғана жақсы жағы бар. Ол – демалысыңыз ұзақ, 2 ай. Бұл қандай мамандық?*

2. Америкалық астрофизик Майкл Харттың 1978 және 1992 жылдары басылып шыққан «Тарих әлеміндегі 100 белгілі адамдар» кітабынан өз мамандығыңызға қатысты бір адам туралы мағлұмат қарап келіңіздер.

10-БӨЛІМ. ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ. ТАНЫМАЛ ҒАЛЫМДАР.



Ой бөлісейік.

1. Білім және инновация дегенде ойыңызға ең алдымен не келеді?
2. Инновациялық технология дегеніміз не?
3. Қазіргі уақытта инновациялық білімге сай ең алдымен нені меңгеруіміз қажет деп ойлайсыз?
4. Қазіргі замандағы жас ғалымдардан кімдерді білесіздер?



ОҚЫЛЫМ

Ғылымның жаңа бағыттары


Қазіргі таңда Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қазақстандық ғылымның жаңа басым бағыттарын бекітті. Бұл – энергетика мен энергия сақтау, шикізат пен өнімді терең қайта өңдеу, өмір туралы ғылым, ақпараттық және телекоммуникациялық технология бағыттары. Аталмыш бағыттар өндіріс пен адам денсаулығын ғылыми-техникалық дамытуға бағытталған және инновацияда зерттеудің міндетті болуын көздейді. Осы басым бағыттар аясында 88 ең өзекті жоба бағдарламалық-мақсатты және грантты қаржыландыруға бекітілді. Оларды жүзеге асыру келесі жылдан бастап конкурстық негізде жүргізілетін болады, оларға 2012 жылы 10 млрд. теңге бөлу жоспарлануда. Республикада инновациялық қызметті жүйелі қолдау үшін қажетті заңнамалық негіз бен институционалдық база бар.

Инновация үшін қолдаудың қаржылық құралдары кеңейтіліп, жаңа салықтық жеңілдіктер мен жоғары технология саласында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін жеңілдіктер енгізілген. Сонымен қатар, «Инновациялық технологиялар паркі» құрылуда. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды кеңейту ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар бойынша нәтижелерді енгізу шығындарынан ұжымдық кіріс салығының 150 пайызы бойынша салық салу базасын қысқарту жолы арқылы қамтамасыз етіледі.



Төмендегі сұраққа жауап беріңіз:

1. Қазақстандық ғылымның жаңа басым бағыттары туралы пікіріңіз
2. Аталған бағыттарға қосымша не қосар едіңіз?
3. «Инновациялық технологиялар паркі» дегенді естуіңіз бар ма?
4. Басқа мемлекеттер қандай бағыттарға баса назар аударады екен? Бірнеше мемлекетті салыстырып қарап, өз ойларыңызбен бөлісіңіздер.



СӨЙЛЕСІМ

Нанотехнология

...Нанотехнология туралы жақынырақ түсінгіңіз келсе, «Бросок Кобры» атты фантастикалық киноны көруге кеңес беремін. Сол кинода нанотехнологияны қалай, қай бағытта қолдану


керектігін жақсы көрсетіп береді. Яғни қанның құрамына көзге көрінбейтін робот секілді құрылғыларды жіберіп, болашақта көптеген ауру т.б. құтылуға болатын дәрежеге жеткізбек. Қазіргі кезде ең жақсы зерттеліп жатқан сала осы нанотехнология мен нейрожелі және жасанды интеллект жақсы қолға алынып жатыр. Болашақта көрге көрінбейтін роботтар бізді кетіп бара жатып емдейтін дәрежеге жеткізеді. Нанотехнология дегеніміз – молекулалардың жиынтығынан құрылған ерекше бір физикалық қасиеті бар материал немесе бір сөзбен айтқанда, заттың бөлшегінен тұтас бір жаңа дүние ойлап шығару дегенді білдіреді. Мәселен, қазір Жапония елінде осы нанотехнологияның арқасында 18 келілік бронды сауыттың орнына жеңіл, әрі киюге ыңғайлы көміртекті бронды жейде жасалынып отыр. Шетелдегідей көп болмағанымен, мұндай жаңалықтан қазақ ғалымдары да құр алақан болып отырған жоқ. Мұрат Құрмашұлы әріптестерімен бірге дәрілік нанокапсула жасап шығарған болатын. Оның ерекшелігі болмашы ғана бөлігін сырқат жүрекке жақса, науқас жүрек талмасынан жылдам оңалады. Бұған қоса, нанокапсуланың әсері өте тез...

(<https://surak.baribar.kz/blog/132/>)

Төмендегі сұраққа жауап беріңіз:

1. Нанотехнология туралы сіздің пікіріңіз.
2. Айтылған фильмді көрдіңіз бе? Ойыңыз.
3. Қазақстанда нанотехнологияны зерттеуге баса назар аударылуда. Сізге осындай мүмкіндік берілсе не жасар едіңіз?
4. Осы саланы қарастырып жүрген жас зерттеушілерден кімді танысыз?

Ой бөлісейік



Ақылды компьютерлер біздің өмірімізді жаңа деңгейге шығаруы мүмкін. Олардың жұмысы бізге медицинада, қауіпсіздік саласында, халыққа қызмет көрсету саласында кәдеге жарары сөзсіз. Дегенмен, Стивен Хокинг, Билл Гейтс, Элон Маск секілді үлкен ғалымдардың пікірінші жасанды ақыл-ой иелерінің дамуы адамзатқа қауіп төндіреді. Қалай болғанда да, ақылды роботтар адамдар алдында тұрған барлық проблемаларды шешеді немесе сол роботтар адамзаттың жер бетінен жойылуына себепкер болады. Ал сіз қалай ойлайсыз?


Біле жүріңіз!

Ата-аналардың көпшілігі балаларына үй жануарларын асырауға рұқсат бермейді. Өйткені, оларды қаражат жұмсап тамақтандыру, уақыт бөліп қыдырту қажет. Алайда, заманауи технологиялардың арқасында қазіргі кезде робот жануарлар пайда болды. Олар электр тоғынан қуат алып, күні бойы сіздің балаңызбен ойнауға дайын.





Тұңғыш рет ақылы бар робот жазған мақаланы Los Angeles Times сайты жариялады. Мақала мәтініне зер салсақ: «Геологиялық қызмет көрсету орталығының мәліметіне сүйенсек, дүйсенбі күні таңғы сағат 6:25-те Калифорния штатында 4,7 балдық жер сілкінісі болды. Соңғы он күнде бұл аймақта үш балдан артық жер сілкінісі болмаған», - деп жазған. Демек, компьютер сөйлемнің құрылымын түсініп қана қоймай, барлық заңдылықтарды сақтай отырып, ақпарат бере алған.



Компьютерлер өзін-өзі жөндеумен ғана шектелмей, тіпті, өзін-өзі оқыта алатын деңгейге жеткен. Мысалы: Google компаниясының суперкомпьютері өздігінен 2600 компьютерлік ойынды ойнауды үйреніп алған.

(<http://el.kz/kz>)

ТЫҢДАЛЫМ

 Абай Құнанбайұлының «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін мұқият тыңдаңыздар.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын шен алсын деп бермедім
Өзім де басқа шауып төске өрледім,
Қазаққа қара сөзге дес бермедім.
Еңбегіңді білерлік еш адам жоқ,
Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім.

 Төмендегі сұраққа жауап беріңіз:

1. Берілген өлеңнің білімге қатысы бар деп ойлайсыздар ма?
2. «Махрұм» сөзінің мағынасы қандай екенін білесіз бе?
3. «Қара сөз» бұл өлең жолында қандай мағынада айтылып тұр деп ойлайсыз? Қара тіркесімен тағы қандай сөздерді білесіздер?
4. Қазіргі уақытта осы өлеңнің өзектілігі қаншалықты деп ойлайсыз?
5. Балаға қызмет пен білімнің қайсысын берген дұрысырақ?

Топтық жұмыс

- Стив Джобстың «Сабақты жақсы оқу мен ақылды болу екі бөлек нәрсе» деген пікірін талқылаңыздар.
- Ақыл мен білім. Қайсысын таңдар едіңіз? Не үшін?



ЖАЗЫЛЫМ

Бос орынды толықтырыңыздар. Қажетті сөздер: Тест, компьютер, сұхбат, ойлау адам, ақыл-ой, ереже, машина.

1950-ші жылы Алан Тьюринг есімді ғалым қарапайым әрі өте ұтымды ... ұсынды. Сынақтаманың мақсаты, компьютердің ... жүйесінің бар-жоғын анықтау. Ғалым тәуелсіз сарапшыны бір бөлмеге кіргізіп, оны бір ... және артынша бір ... сөйлестіруді ұсынады. Алайда, тесттің басты ... – сұхбаттасушылар бір-бірін көрмеуі қажет. Егер ... барысында сарапшы адам мен компьютерді ажырата алмаса, онда компьютердің ... бар дегенді білдіреді. Осы ұсыныстан кейін «ақылды» ... қарқынды түрде дами бастады.

Сіз IT саласының мықты маманысыз. Сізге білім мен компьютерді байланыстырып, бір жоба жасауға берді. Не жасайсыз?



11-БӨЛІМ ЕҢБЕК. ЕҢБЕК НАРЫҒЫ



Ой бөлісейік

1. Еңбек дегенді қалай түсінесіз?
2. Еңбекке қатысты қандай мақал-мәтел, нақыл сөз білесіз?
3. Еңбек туралы заңды қарап көрдіңіз бе?
4. Еңбекке қатысты оқыған әңгімеңізбен бөлісіңіз.

ОҚЫЛЫМ



Мәтінді түсініп оқыңыздар.

ТМД (Тәуелсіз мемлекеттер достастығы) елдерінде азаматтардың еңбек уақыты бір аптаға 40 сағаттан келеді екен. Ал Еуропада жұмыс уақыты ең қысқа елдердің тізімін Германия мен Нидерланда бастап тұр.

Мәселен, аталған елдерде жұмыс күні шамамен 5 сағатқа созылады. Таң-тамаша болып отырсыз ба? Сонда бір жыл көлемінде 1 330 сағат жұмыс істейді деген сөз. Ал бір сағат өткен еңбегі үшін Германияда – 35, Нидерландыда – 42 доллар көлемінде жалақы төленеді. Әлемдегі жұмыс уақыты ең қысқа елдердің қатарына келесі елдер де кіреді. Францияда еңбек келісімшарты бойынша аптасына 26 сағат, Австрияда 27.5 сағат, Бельгияда 27.8 сағат, Ирландияда 28.3 сағат, Данияда 28 сағат, Люксембургте 30 сағат, Финляндияда 30 сағат, Британияда 31 сағат жұмыс істейді. Айта кетсек, дәл осы ондыққа кірген елдердің еңбекақысы да жоғары болып саналады. Айтып-айтпай не керек, еуропалықтар өз қызметкерлерінің асты-үстіне түсіп, барлық жағдайларын жасайды. Бір ескеретіні, жұмыста сирек, анда-санда болса да қалып, кеш бойы жұмыс істейтін неміс жұрты болып шыққан. Олар келісімшарттағы бекітілген жұмыс уақыты әлдеқашан бітіп қалса да, жұмыс орнында отырып, үлкен ізденіс үстінде еңбектенеді екен. Бұл көрсеткіш жағынан олар барлық елдерден алда тұр. Мүмкін, ірі кәсіпорындардың тоқтамауы, баспасөз беттерінде олардың ашқан жаңалықтары туралы дүркін-дүркін жазатындары да осыдан болар. Көп сала бойынша олардың көшбасшы болып тұрғандары анық, оны мойындау керек.

(А.Т.Бозбаева ... Қазақ тілі)



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жұмыс уақыты туралы сіздің ойыңыз қандай?
2. Стив Джобс «12 сағат жұмыс істеу міндетті емес, баспен жұмыс істеу керек» деген екен. Сіздің пікіріңіз.

ТЫҢДАЛЫМ



Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала» мультфильмін көріңіздер.

<https://www.youtube.com/watch?v=LxqudWHXZe4&feature=share>

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

- Анау тағаны, балам, ала жүр, - деп.

Бала әкесіне:

- Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, - деді.Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді:

Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі қайрылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем-бірем алып жеп, баласына қарамай, аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып, баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты.

- Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын; аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың; азға қанағат ете білмесең – көптен де құр боласың, - деді.

Сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Ы.Алтынсарин осы әңгімесі арқылы нені айтқысы келді?
2. «Таға» сөзінің мағынасын білесіз бе? Өзіңіз тағаны көрген бе едіңіз?
3. Ұста деген қандай кәсіп иесі?
4. «Аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың»; «Азға қанағат ете білмесең – көптен де құр боласың» деген мақалдардың мәнін түсіндіріңіздер.

СӨЙЛЕСІМ

Шағын мәтінді оқыңыздар

Кіші жүзде Алшын Қаражігіт би деген атақты кісі болған екен. Сол кісінің қартайған уақытында бір жұт болыпты. Ел жаман жұтап, төрт түлік малдан дәнеме қалмапты. Қаражігіт бидің азамат боп ер жеткен жалғыз баласы бар екен. Сол баласын Ұлы жүзде Үйсін Төле биге жіберіпті дейді.

– Бар балам, ақыл сұрап кел, кедейліктен кісіні ерікке қоймай сүйреп алып шығып құтқаратұғын айла болар ма екен? – деп.

Содан бала Ұлы жүз Үйсін Төле биге әдейі іздеп барып, мейман болып, барған күні жатып, ертеңінде қайтпақшы болған соң, Төле би сұрапты дейді:

– Балам, жай жүр ме едің, жұмысың не еді? – деп. Бала айтыпты:

– Елім жұтап, төрт аяқты малдан тұяқ қалмаған соң, әкем сізге жіберіп еді, ақыл сұрап кел деді. Қайтсек біз ел қатарына қосыламыз деп. Сонда Төле би айтыпты:

– Ә, балам, жігіт адамды кері тартатын үш кесір бар. Бас кесір – еріншектік, ортаншы кесір – ұйқышыл болу, кенже кесір – көжірлік. Осы үш мінез бір адамда болса, ол адам өмірінде оңбайды, осы үшеуінің бірде-бірі жоқ болған адам ештеңеге мұқтаж болмайды, күннен-күнге ілгері баса береді, – дейді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мәтіннен не ой түйдіңіз?
2. Жұт, көжірлік, мұқтаждық сөздерін естіп пе едіңіз? Мәтінде бұл сөздер қандай мағынада қолданылып тұр деп ойлайсыз?
3. Төле бидің айтқан пікіріне қосыласыз ба? Төле бидің берген кеңесі қазіргі заманға сай келеді деп ойлайсыз ба?

Есте сақтаңыздар!

Кедейленудің 10 қағидасы:

- 1.Өзін-өзі мүсіркеу;
- 2.Бір сәттік қана пайда;
- 3.Көңілі сүймейтін іспен айналысу;
- 4.Ысырапкершілік;
- 5.Сәттілікті ақшамен өлшеу;
- 6.Сараңдық;
- 7.Жылаңқылық;
- 8.Салыстыру;
- 9.Байлықты ақшаның құнымен өлшеу;
- 10.Отбасынан аулақтау.

Баюдың 10 қағидасы:

- 1.Өзіңе сену, өзінді саналы түрде сендіру;
- 2.Тілегінді орындау;
- 3.Мақсатты айқындау;
- 4.Жобаны не жоспарды жүзеге асыру;
- 5.Арнайы білім алу;
- 6.Табандылық таныту;
- 7.Шығындарды есептеу;
- 8.Адалдық заңын ұмытпау;
9. Бәрі өзіңізден басталатынын ескеру;
- 10.Қайырымдылар жасасын!

ЖАЗЫЛЫМ

1. Төменде берілген сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер. Берілген сөздердің бірнешеуін қатыстырып «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» (Абай) тақырыбына шағын эссе жазыңыздар.

- А) жуас, тентек, ынталы, жалқау, қатты, жұмсақ, семіз, арық, әдемі, жаман;
Ә) қысқа, ұзын, ащы, тұщы, қышқыл, сопақ, дөңгелек, жалпақ, қисық, түзі

2. Берілген мақал-мәтелдерді толықтырып жазыңыздар.

- | | |
|--|--|
| 1. Жалқаудың ... тәтті,
Еңбектің ... тәтті. | 4. Ерте тұрған жігіттің ... артық,
Ерте тұрған әйелдің ... артық. |
| 2. Бейнетің ... болса,
Татқаның ... болар. | 5. ... сенбе,
... сен. |
| 3. ... қимылдағынның
... қимылдар. | 6. Еріншектің ... бітпес. |

12-БӨЛІМ ДЕНСАУЛЫҚ. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ



Ой бөлісейік

1. Денсаулық дегенде ойыңызға не келеді?
2. Денсаулықты неге байлықпен теңейді?
3. Сіз үшін денсаулықтың маңызы қанша?
4. Денсаулықты сақтау үшін не істеуіміз қажет? Ауырмаудың жолы бар ма?
5. Қазіргі кезде балалардың денсаулығына қандай дүниелер кері әсерін келтіруде?
6. «Тәні саудың жаны сау» дегенді қалай түсінесіз?

ОҚЫЛЫМ

Мәтінді оқыңыздар.

Денсаулық — табиғаттың ең қымбат сыйы. Күнделікті жұмыста жүргенде, деніміз сау болғанда, денсаулықтың қадірін біле бермейміз. Аздап ауырсақ, өзіміз білетін дәрі-дәрмектерді ішіп жазылып кетуге тырысамыз. Дәрігерге бара қоймаймыз. Шын мәнінде кез келген аурудың алдын алуға болады. Ол үшін не істеу керек?

Ең алдымен, ішімдіктер мен темекі шегудің зиянын білген дұрыс. Темекі түтінінің құрамында 30-дан астам зиянды заттар бар. Әсіресе жас балалар мен қарттарға темекі тартуға болмайды. Бұл заттар қатерлі ісіктің пайда болуына тікелей себептер. Ішімдікке салынып кетуге болмайды. Ішімдікті жақсы көретін адамнан бақытсыздықтан басқа ештеңе күтуге болмайды. Лев Толстой: “Ішімдік адамның денсаулығын құртады, ең қорқыныштысы — адамның рухы мен ұрпағын жояды”, - деген болатын.

Денсаулық сақтаудың алдын алуға болады. Ол үшін дұрыс тамақтануға, уақытында демалуға, дене қимылымен айналысуға көп көңіл бөлу қажет. Әсіресе жасы ұлғайған адамдарға майлы тамақтарды көп жеуге болмайды. Оның орнына сүт, көкөніс тамақтарын пайдаланған дұрыс. Денсаулық сақтауда дұрыс тамақтанудың маңызы зор. Ал спортпен айналысу — денсаулықты жақсартады. Спорттың ең қарапайым түрі — жүгіру. Күн сайын таңертең үйдің маңайында, саябақта жарты сағаттай жүгіруе болады. Егер жүгіруге дәрігер рұқсат етпесе, таңғы таза ауада серуендеуге болады. Әр түрлі жаттығулар жасауға болады.

(<http://testent.ru>)

Мәтін бойынша сұраққа жауап беріңіздер:

1. «Денсаулық — табиғаттың ең қымбат сыйы» дегенді ашып түсіндіріңіздер.
2. Адамның салауатты өмір сүруіне не кедергі болуы мүмкін?
3. Зиянды әдеттерге адам неліктен үйір болады?
4. Адамға пайдалы және зиянды әдеттерді екі бағанға бөліп толтырыңыздар:



Пайдалы әдеттер	Зиянды әдеттер
-----------------	----------------

Қызық дерек!

Ұйқы адамның ағзасын тынықтырады. Жұмысқа екінші тынысың ашылып, қайта кірісетінің де анық. Бірақ біз қалай ұйықтап жүрміз немесе дұрыстап көз шырымын алып жүрміз бе? Жалпы дүние жүзінде ең көп ұйық-

тайтын ел қайсы? Аустралия мен Американың бір топ ғалымдары «қай ел ұйқыны жақсы көреді, ал ең аз ұйықтайтын ұлт қайсы?» деген тапқырыпта бас қатырып көрді. Мамандар өз тәжірибелерін зерттеу барысында әлемнің әр түкпіріндегі 645 қаланың тұрғындарына сұрау салып, олардың қанша сағат ұйықтайтынын анықтаған. 2006 – 2012 жылдар аралығында жүргізілген бұл сауалнама барысында көп нәрсенің анықталғаны белгілі болды. Сонымен ұйқыдан бас алмайтын қай елдің тұрғындары? Зерттеу барысы көрсеткеніндей, Аргентина мемлекетінің тұрғындары ұйқышыл болып шыққан. Олар орташа есеппен алғанда, тәуліктің 10 сағат 16 минутын ұйқымен өткізеді екен. Ал жастыққа басы көп «қисая» қоймайтын ел ретінде Күншығыс елінің тұрғындары аталады. Олар күніне 7 сағат 16 минут ұйықтайтын көрінеді. Бұл көрініс немен байланысты? Бұл ең алдымен жапон халқының еңбексүйгіштігіне қатысты болып отыр. Орыстар та аргентиналықтардан кем емес. Орекендер тәулігінің 9 сағат 20 минутын ұйықтаумен өткізеді екен. Бірақ күніне уақыттың қанша сағатында алаңсыз көзді жұмып, алаңсыз демалған жөн? Ғалымдардың пайымдауына қарағанда, 8 сағаттан асқан ұйқы – артық, «өлі ұйқы» болып есептелінеді. Мысалы, ресейлік тұрғындар шамамен сағат 22:43-те ұйықтап, 07:54 –те оянады екен...

(www.aikyn.kz)

СӨЙЛЕСІМ

Жапондар неге ұзақ өмір сүреді?



Ақ жүректен ақ тілек атқақтап шыққанда, «Жамбылдың жасын берсін» деп ұзақ ғұмыр тілейміз. Ұзақ ғұмыр кешудің құпиясы қандай? Мысалы, жапон халқы әлемнің ғасыр жасайтын тұрғыны атанған. 50 мыңнан астам жапон екінші жүзжылдықта өмір сүріп жатыр. Ғасыр жасаудың сыры неде екен? Жапонияның 50 мыңнан астам тұрғыны екінші жүзжылдыққа қадам басқан. Ендігі 15 жылда бұл елде миллиондаған жапон өмір сүретін болады. Бір қызығы, бұлай ғасыр жасап, ұзақ ғұмыр кешу басқа елде тіркелмеген. Мұның сыры неде деп сұраса, көпшілік «олар теңіз өнімдері мен балдырларды

жейді» деп жауап береді. Теңіз жағасында өмір сүретін, үнемі теңіз өнімдерін тұтынатын ел көп, дегенмен халқы аз. Демек, теңіз шаяндары жапондарға ұзақ ғұмыр сыйламайды. Әлде олар сиқырлы сусын (элексир) іше ме екен? Мұның құпиясы мынада: жапондар ешқашан бір-бірінің де, өзінің де көңіл-күйін түсіргісі келмейді. Олар осындай құндылықпен әлем халықтарынан ерекшеленіп тұрады. Олардың күріш егетін жерлері де аз, табиғи байлықтары да көп емес. Осындай экономикалық жағдайға қарамастан, олар рухани күшке бай. Сонымен қатар жапондар әлемдегі ең бай ұлт саналады. Бұл елдегі орташа айлық үш жарым мың АҚШ долларын құрайды. Елдің осындай жетістікке жетуінің басты сыры мынада болса керек: жапондар ең алдымен өз ойларын тізгіндеуді үйренген. Олар теріс ойлар адамның көңіл-күйін түсіріп қана қоймай, денсаулыққа, болашаққа кері әсер етеді деп түсінеді, сол себепті сөздік қорларынан «жоқ» деген сөзді алып тастаған. Бұл елдің жетідегі баласынан жетпістегі

қартына дейін теріс пікірден, кері ойдан бойларын аулақ ұстайды. Әлемнің кей тұрғындары болашақтың осы ойдан басталатынын ұғына бермейді: ой – болашағыңыздың дәнегі, ойыңызды қалай «суарсаңыз», болашағыңыз да солай өседі.

(https://massaget.kz)

Сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Ұзақ жасаудың сыры неде екен?
2. Денсаулықты жақсартуға байланысты басқа да ақпарат білесіз бе?
3. Үйден денсаулыққа қатысты қызықты дерек тауып келіңіздер.



Топтық жұмыс

Үш топқа бөлініп, төменде берілген тақырыптардан постер жасаңыздар.



Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі

Дәрумендер әлемі

Денсаулық жаулары

ТЫҢДАЛЫМ

1. <https://www.youtube.com/watch?v=YrreWn5gnvQ&feature=share> Бейнероликті көріп, «Денсаулық – зор байлық» тақырыбына эссе жазыңыздар.
2. Ұ.Есдәулетовтың «Қара пима» термесіне түсірілген бейнебаянды көріп, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

<https://www.youtube.com/watch?v=fRIFUXPnOQc&feature=share>

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Видеоны көргенде қандай сезімде болдыңыз?
2. Адамдардың зиянды әрекеттерге баруына қандай себептер бар деп ойлайсыз?
3. Осындай жағдайлар қазіргі кезде кездесе ме?
4. Егер адам салауатты өмір салтын ұстанса мұндай жағдай орын алар ма еді? Өз ойыңыз.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Денсаулыққа пайдалы және зиян дүниелерді теріп жазып, себебін түсіндіріңіздер. Қажетті сөздер: ірімшік, балық, сүт, нан, алма, шай, бал, чипсы, кока - кола, сникерс, қытырлақ нан, майонез, жұмыртқа, балмұздақ, ботқа, сосиски, торт, газдалған су, гамбургер айран, тұздалған балық, қант, қымыз.

Денсаулыққа пайдалы тағамдар	Денсаулыққа зиян тағамдар

2. Сұхбатты әрі қарай дамытыңыз.

А. – Біз ішіп жүрген шырындар өте дәмді, денсаулыққа пайдалы, құрамында витаминдері (дәрумен) көп.

Б. – Жоқ, қателесесің, олар – жасанды, табиғи емес, құрамында концентраттар, бояғыштар бар.

А. –

Б. –

3. Берілген суреттерді қатыстырып әңгіме құрастырыңыздар.



13-БӨЛІМ. ҰЛТТЫҚ СПОРТ. АТАҚТЫ СПОРТШЫЛАР

Ой бөлісейік

1. Қазақ халқының қандай ұлттық спорт түрлерін білесіз?
2. Қазіргі күні ұлттық спорттың қай түрі кеңінен қолданылады?
3. Атақты спортшылардан кімді білесіз?
4. Өздеріңіз қай спорттың түрімен айналысасыз?
5. Төменде берілген сызбаны толтырыңыздар:



ОҚЫЛЫМ

Ұлттық ойындармен танысыңыз.





Төмендегі сұрақтаға жауап беріңіз.

1. Айтылған ойындарды сіз көрген бе едіңіз? Қай түрін ойнадыңыз?
2. Мобильді қосымшада қазақтың қандай ойын түрлері бар? Сіз өзіңіз қай ойын түрін жасар едіңіз?



Топтық тапсырма:

Бәріңіз қатар отырып, сақина салу ойынын ойнаңыздар. Бір адам шығып өз дайындаған сұрағын білдірмей екінші адамның қолына салу керек. «Атып шық» дегенде сұрақты алған адам көршісіне ұстатпай жылдам ортаға шығады. Көршісі ұстап қалса балл соған беріледі. Солай ойынды бірнеше рет қайталайсыздар.

Қызықты дерек




Біреу сізден «Асық деген не?» деп сұраса қалай жауап қайтарар едіңіз. «Қазақтың ұлттық ойыны» дейсіз, иә? Бәріміз де солай жауап береміз. Себебі, қазақтың қай баласы да асықпен ойнаған. Ал анығында, асық тек қазақтың ғана ұлттық ойыны емес екен. Қиырдағы Африканың балалары да асық ойнап жетіліпті. Мысыр патшасы Тутанхамон перғауынның өзі асық ойнапты. Б.з.б бұрынғы 1333 жылға тән бұл асық бүгінде Мысырдың Каир мемлекеттік музейінде сақтаулы тұр. Бұл асықтар (жиынтық қорап) перғауынның қабірін ашқан кезде табылыпты.

Асықтар және басқа да сүйектер жасалған ойыншықтар осы жиынтық қорапшада сақталыпты. Бұл жай қорапша емес, мысырлықтардың 4 мың жылдық тарихы бар Senet деген ойыны екен. Ойынның бұл түрі перғауындар заманынан бұрын пайда болыпты...

(aikyn.kz)

1. Шахмат және тоғызқұмалақ ойындарына салыстырма жүргізіңіздер.



2. Ұлттық ойын мен қазіргі заман ойын түрлерін салыстырып көріңіздер. Қай ойын неге үйретеді?

СӨЙЛЕСІМ


Алаштың ардақты ұлы

Мұстафа Өзтүрік – (Мұстафа Кәбенұлы Әбдірахман) 1954 жылдың 23 қарашасында Түркияның Қайсері қаласы Мұсаходжалы аулында дүниеге келген. Атағы дүниені жарған спортшы, актер, таэквондодан қара белбеудің 6 – Дан иегері. Қазақстан Республикасы таэквондо федерациясының негізін қалаушы, халықаралық дәрежедегі жаттықтырушы...

Қалың қазақтың атамекенге орала бастаған алғашқы көші легінде 1990 жылы Мұстафада ат басын елге бұрды. Қазақтан алыста өссе де ана тілінде мүдірместен сөйлеген алаш ұлы өзімен бірге елімізге спорттың жаңа бір лебін ала келді. Келе сала қарап қалмай, өзі бас болып Қазақстан Республикасы таэквондо федерациясын құрды, Алматыдан өз мектебін ашты. Қазақтың қара домлақтары арасынан Бексейіт Түлкиев, Қабібек Мұхитов, Қайрат Қырғызбаев, Сұлтанмахмұт Шоқпытов сынды талантты жастарды тәрбиелеп шығарды. 1992 жылы Мұстафаның шәкірттері алғаш рет көк туымызды Түркияда өткен халықаралық турнирде желбіретті, олар жарыс чемпионы Сұлтанмахмұт Шоқпытов және Қайрат Қырғызбаевтар.

1993 жылы қазақ елінің федерациясы Халықаралық таэквондо федерациясының мүшелігіне қабылданды. Бұл дегені қазақ таэквондошылары үшін әлемдік аренаға жол ашылғандығы еді. 1995 жылы әскерилер арасындағы әлем біріншілігіне алғаш рет қатынасқан ұлттық құрама әлемдік деңгейде екінші орыннан көрінді.

(<https://surak.baribar.kz/539688/>)



Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Мұстафа Өзтүрік туралы қосымша не айта аласыз?
2. Таэквондо деген спорттың қандай түрі?
3. Қазіргі таэквондошылар туралы білесіздер ме?
4. Үйден «Кеңес дәуіріндегі қазақ спортшылары» және «Тәуелсіз Қазақстан спортшылары» деген тақырыпта слайд жасаңыздар.



ТЫҢДАЛЫМ

«Болашақта пайда болатын спорт түрлері» тақырыбындағы бейнебаянды көріп, өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

<https://www.youtube.com/watch?v=7kWsQY9R1sQ&feature=share>



Біле жүріңіз!



Паралимпиада

Паралимпиада ойындары – бұл физикалық мүмкіндігі шектеулі жандардың арасында түрлі спорт ойындарынан өткізілетін халықаралық сайыс... Жазғы Паралимпиада ойындары 1960 жылдан бастап, ал қысқы Паралимпиада ойындары 1976 жылдан бастап ұйымдастырылады. Бірақ мүмкіндігі шектеулі жандарды спортқа тарту XIX ғасырда қолға алынған. 1888 жылы Берлинде құлағы естімейтін жандар үшін спорт клубы құрылса, 1924 жылы Парижде алғаш рет Олимпиада ойындары өткізіледі.


Паралимпиадалық қозғалыстың негізін салушы нейрохирург Людвиг Гуттман. Ол Германияда туып, 1939 жылы Англияға қоныс аударған. 1944 жылы Ұлыбритания билігінің тапсырмасы бойынша Сток-Мандевиль қаласындағы аурухана жанынан Жұлын жарақаты орталығын ашады. Нейрохирург спортқа тарту арқылы Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан солдаттарға қалыпты өмірге қайтуға көмектеспек болады. Соғысқа қатысқан солдаттарды физикалық оңалту жұмысы уақыт өте келе спорттық қозғалысқа ұласады.

Гуттман 1948 жылы арбаға таңылған спортшылар арасында садақ атудан сайыс ұйымдастырады. 1952 жылы Англия мен Голландиядан шыққан 130 мүгедек-спортшының қатысуымен бірінші халықаралық жарысты өткізеді. Бұл Халықаралық Сток-Мандевиль ойындары деген атқа ие болады.

(Ғаламтордан)

ЖАЗЫЛЫМ

1. Ойынның қай түрлері екенін анықтап, досыңызбен «Қазақ халқының ұлттық ойындары» тақырыбында диалог құрастырыңыздар



2. Денсаулыққа қатысты мақал-мәтелдерді жазып алыңыздар

1. Бірінші байлық – ...
Екінші байлық – ...
Үшінші байлық – ...
2. Жарлының байлығы - ...
3. ...ауырса - тән азады,
...басса - жан азады.
4. Емнің алды - ...
5. Ауырып ...іздегенше,
Ауырмайтын ...ізде.
6. Ауру желмен келіп, ... шығады.
1. ... денеге ауру үйір.
8. ... - тынықтырады,
...шынықтырады.
9. Ауру батпандап кіріп,
...шығады.
10. Денсаулықтың қадірін ... білерсің.
11. Ауруда - ...жаман,
Сөзде - ... жаман.

14-БӨЛІМ ТАҒАМТАНУ. ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ



Ой бөлісейік

- Қазақтың ұлттық тағамы туралы не білесіз?
- Ұлттық тағамдардың емдік қасиеті туралы естіп пе едіңіз?

ОҚЫЛЫМ

Берілген мәтінді түсініп оқыңыз.



Қазақтың ұлттық тағамдары

Дүние жүзінде қанша ұлт болса, сонша ұлттық асхана бар, ал әрбір ұлттық асханада сан алуан бір-біріне ұқсайтын және ұқсамайтын ұлттық ас мәзірлері бар. “Ас адамның арқауы” деген қазақ халқы тағам құнарлығымен сіңімділігін және бір-бірімен деген үйлесімділігіне аса мән беріп, оның жасау технологиясын атадан балаға мирас еткен.



Ұннан жасалатын тағамдар: бауырсақ, таба нан, салма, май шелпек, қаттама.

Бауырсақ - шай, қымыз, шұбат ішкенде дастарқанға салады. **Таба нан** ұнға май, сүт қосып иленеді. Қамырды бір табаның үстіне қойып екінші табаны төңкеріп жауып, шоқтың қоламтасына көміп пісіреді. **Салма** – асқан етке салынатын, ұннан дайындалатын тағам. Салманың аты әр жерде әртүрлі: салма, кеспе, жайма, шелпек, нарын, үзбе т.б.

Сүттен жасалатын тағамдар: айран, қымыз, шұбат, ірімшік, сүзбе, қатық, кілегей, май. **Қымыз** – биенің сүтінен дайындалатын, денсаулыққа шипалы әрі жұғымды сусын. Қымыз қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастарқан дәмінің бірі. **Айран** – ұйытылған сүт. **Кілегей** – шикі сүттің бетіне жиналатын маңызды қаймағы. Кілегей сиыр сүтінен алынады.

Ет тағамдары: қазақша ет, қазы-қарта, жал-жая, сірне, қуырдақ, құйрық-бауыр, жаубүйрек, т.б. **Қазы** – жылқы етінің кәделі мүшелерінің бірі. Ол жылқының қабырғалары мен белдемелерінің етегіне жиналатын аса шұрайлы, майлы ет. **Жаубүйректі** мал сойған кезде үйде пісіреді. Оны кәдімгі кәуәптің бір түрі деуге болады. **Сірне** үйітілген бас-сирақ, ішек-қарын, мүшеленіп бұзылған ет түгелдей қазанға салынып, малдың өз іш майына және еттің өз сөліне бұқтырылып пісіріледі.

Дақылдардан жасалатын тағамдар: жент, талқан, тары, майсөк, бидай көже т.б. **Майсөк** – ақтаған тарыны майға қуырып дайындалатын тағам. **Жент** – аса кәделі дастарқан дәмі. Ақталған тарыны келіге түйіп ұнтақтайды. Оған қант, ұнтақталған ірімшік салып араластырады. Содан соң қазанға жылқының майын құйып ысытып, жаңағы араластырған тары мен ірімшікті салып, оттың болмашы табында араластырады. Жент майды бойына сіңірген соң ыдысқа салынып, салқын жерге қойылады.

Төмендегі кестені толтырыңыздар:



Тағам түрлері	Жасалуы
Қаттама	
Қатық	
Ірімшік	
Қазақша ет	
Қуырдақ	
Бидай көже	

Сүрленген, қақталған, ысталған деген сөздерді естідіңіздер ме? Түсіндіріп берсеңіз.



СӨЙЛЕСІМ

Қазақ тағамдарының емдік қасиеті



Қазақ халқының ұлттық тағамдары пайдалы дәрумендер мен минералдарға бай, сонымен бірге көптеген ауру түрлеріне де ем. Тағамдардың емдік қасиеті жөніндегі ұғым медицинада пайда болмай тұрып-ақ ата-бабаларымыз қымыз, шұбат ішіп көптеген дерттің алдын алған.

Қымыз Құрамы ақуыз, май, көмірсутек (лактоза), натрий, калий, фосфорға бай. Сонымен қатар, онда адам ағзасына аса қажетті дәрумендер өте көп. Олар: А, В1, В, В12, С дәрумендері. Қымыздың емдік қасиеттерін ежелден білетін ата-бабаларымыз ас қорыту жүйесі ауруларын, қан аздық, мешел, құрт ауруларын, асқазан жарасын, жүрек, қантамыр ауруларын және атеросклерозды емдеуге пайдаланған.

Шұбат Түйе сүтінен әзірленетін бұл сусын биологиялық құрамы бойынша құнарлы және дәмді азық қана емес, В, В1, В2, С дәрумендерінің де қайнар көзі. Шұбат өзіндегі В1, В2 дәрумендері бойынша сиыр сүтінен асып түседі. Шұбаттың бір литрі адам ағзасында С дәруменіне және рибофлавиніне тәуліктік қажеттілігін қанағаттандыра алады. Шұбат – сиыр сүтіне қарағанда май, ақуыз, минералды заттарға және дәрумендерге өте бай. Емдік қасиеті де күшті. Ол қант диабеті, асқазан жарасы, диарея, бауыр, аллергия тәрізді аурулардан айықтырады.

Ешкі сүті Құрамында май, көмірсутек, ақуыз үш есе көп. Темір, кальций, А, В дәрумендері бар. Ешкі сүті бездерге, рахит, бронх демікпесі, өт жолдары сырқатына, бас сақинасына, ас қорыту жолдарының бұзылуына қарсы шипалы ем.

Жылқы еті Мұнда 75,3% су, 21,7% нәруыз, 2,5% май, 0,5% көмірсутегі бар. Жылқы етінің майы жеңіл балқитын болғандықтан ол ағзаға жақсы сіңеді. Етке гликогеннің (жануар крахмалы) бөлінуі оған өзгеше дәм береді.

Түйе еті Жануарлар майын шектелген ем-дәмге (диетаға), пісірілген тағамдарда қолданбайды. Өйткені жануарлар еті ішкі майлардың қабатын құрайды. Түйе етіндегі май қой, сиыр етіне қарағанда көбірек. Өркешті ерітіп, жоғары сапалы ақ түсті май алуға болады және ол сиыр мен қой малына қарағанда бағалы. Түйе етінде 75-80% су, 18-21% нәруыз және 1-2% май бар. Одан басқа кальций, магний, фосфор, темір, тағы да басқа бірқатар дәрумендер кездеседі.

(<https://massaget.kz>)

«Мейрамханада» тақырыбында досыңызбен әңгіме-сұқбат құрыңыз. Сіз қазақтың ұлттық тағамдарын дайындайтын мейрамханаға келдіңіз. Қандай тапсырыс бересіз? Даяшымен қалай сөйлесесіз?

Біле жүріңіз!

№	Жасалатын табақ түрлері.	Табаққа салынатын ет мүшелері.
1	Бас табақ	Бас, жамбас салынады. Басты мал арнайы сойылған қонақтың ең жасы үлкені немесе оның ұсынуы бойынша басқа бір беделді кісі ұстайды.
2	Сый табақ	Сый табаққа да бас, жамбас салынады, сыйлы қонақтың алдына қойылады.
3	Орта табақ	Асық жілік, кейде жамбас та түседі.
4	Аяқ табақ	Еттің басқа мүшелерінен жасалып, ауыл адамдарына қойылады.
5	Күйеу табақ	Күйеу табаққа бір сан жілік пен төс салынады.
6	Келін табақ.(беташар табағы)	Келін табаққа ұлтабар және жүрек салынады.
7	Қыздар табағы	Қыздар табағына жүрек, бүйрек, жақ пен тіл салынады.
8	Құдағайлар табағы	Құдағайлар табағында жамбас немесе асық жілік пен сүбе болады.
9	Жерік асының табағы.	Жүкті әйелдерге арнап мал сойып, тамақ жасап жерік асын апарған. Жерік асының табағына кексе әйел болса жамбас, жас әйел болса асық жілік, төс, ұлтабар салынып үстіне жаңа соғылған болат кездік(пышақ)салып апару салты болған.

Топтық тапсырма:

Табаққа салатын ет мүшелерін қағаздан жасап, топ болып табақ жасап жарысыңыздар.

Есте сақтаңыздар:

Тамақсау – ашқарақ, қомағай.

Тамақ асырау – күнін көру, күнелту (біреудің жеңіл-желпі жұмыстарын ақысыз істеп, берген тамағына қанағат етіп жүру)

Арам тамақ – жатып ішер, масыл.

Арам ас – адал еңбексіз табылған ас, оңай олжа.

Ас ауыз тию (тамақ ауыз тию) – дәм тату, құр ауыз кетпеу.

Ас батпау – алаң болу, көңілі жарым болу.

Ас болсын – ішкен-жегенің бойыңа сіңсін.

Ас қайыру – тамақ жеп болғаннан кейін бата беру.

Ішкен асын жерге қою – есіл-дерті сонда болу, қатты құмарту.

ТЫҢДАЛЫМ

«Қазақстандық аспаздар АҚШ-та өткен ұлттық тағамдар фестиваліне қатысты» тақырыбындағы бейнетүсірілімді көрсету

https://www.youtube.com/watch?v=HMmFX_paDlw

Төмендегі сұраққа жауап беріңіз:

1. Қазақтың ұлттық тағамына басқа мемлекеттердің көзқарасы қандай?
2. Ол жердегі қамырдың басқаша болуына не әсер етті?
3. Астау дегеніміз не? Сіз өзіңіз астауды көрдіңіз бе?
4. Ұлттық қандай тағам ерекше ұнапты?
5. Бейнебаянда қандай ұлттық тағамдардың аты аталды?

Берілген мәтінді түсініп оқыңыз. Сілтемеде бейнетүсірілімі бар, қосымша көріңіздер. <https://www.youtube.com/watch?v=zWeYHF8TqQA&feature=share>

Құрт – асыл тас



Сталиндік репрессияның кезі. Шаш ал десе бас алатын шалақ белсенділердің құтырып тұрған шағы. АЛЖИР лагеріндегі бір топ әйел Жалаңаш өзенінің бойынан барак салу жұмысына қажетті қамыс шабу жұмысында жүреді. Қызылдар өкіметі үшін бұлар бар болғаны тегін жұмыс күші ғана. Сондықтан олардың денсаулығы, ауқаттануына дұрыс көңіл бөлінбейді. Ашқұрсақ жандар ала таңнан тұрып, қас қарайғанша суыққа тоңып, саз кешіп, қамыс шабады. Аштық пен ауыр жұмысқа төзбеген тұтқындар күн сайын қырылып жататын.

Сөйтіп жүрген күндердің бірінде, сол маңдағы Жаңашу деп аталатын ауылдан бір топ кәрі-құртаң шал-кемпір мен жас балалар тұтқындарға жақын келіп, онсыз да тағдыр тауқыметін тартып жүрген әйелдерді таспен атқылай бастайды. Ал күзетшілер болса балалар мен қариялардың бұл әрекеттеріне риза болып, күле қарайды және әйелдерге: «Көрдіндер ме, сендерді Мәскеу ғана емес, осы жақтағы ауылдың балалары да жек көреді» дейді. Онсыз да тағдырдың тауқыметіне ұшырап, жазықсыз қудаланып, барынан айырылған әйелдерге жергілікті қазақтардың бұл қылығы жығылғанға жұдырық болып тиеді. Ал ауыл адамдары тас атқылауын тоқтатпай, үнемі келіп тұруды әдетке айналдырған. Бірде тұтқындағы Гертруда Платайс өзіне қарай құлаш сермей лақтырылған кесектен жалтармақшы болып бұғып қалғанда аяғы сүрініп жерге құлап түседі. Ол құлаған жерде ауыл балаларының бірнеше күн бұрын лақтырған кесегі жатқан еді. Өмірге әбден налып, көз жасы көл болған әйел өлгі жерде ірімшік пен құрттың иісін сезеді. Кесекті ұстап, дәмін көрген кезде оның тас емес, жеуге келетін тамақ түрі екендігін бағамдайды. Өлгі кесектерден бірнешеуін жинап алып, кешке баракка алып келеді. Тұтқында отырған қазақ әйелдеріне көрсетеді. Олар мұның тұдалып, күн астында кептірілген сүт тағамдарының бір түрі құрт екендігін айтады.

Сөйтсе өздері де бір кездері аштықты бастарынан өткерген жергілікті тұрғындар, тұтқын әйелдерге жандары ашып, көмектесуді ойластырған екен. Бірақ, түкірігі жерге түспей тұрған Сталиндік саясаттың қырына ілінуден корқып, амал-айла ойластырады. Ақыры шешімін табады. Тұтқындарды жек көріп, оларға тас атқан тәрізді бола отырып, күзетшілерді алдайды. Осы арқылы тағдырдың талқысына түскен әйелдерді тамақтандырады. Олардың осы бір аз көмегінің өзі тұтқындарға демеу болып, өлімнен аман қалуына септігін тигізген.

(<http://qasym.kz>)

Біле жүріңіз!

Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық өлкесі Тарбағатай аймағының Дөрбілжің қазақ ауданында «Қазақ ұлтының дәстүрлі тағамдары» жәрмеңкесінде Гиннестің рекордына қазақтың қазысы ұсынылды. Бұл қазыны жасаған - Емілдің іскер азаматы Жарқын Бармақұлы. Қазының жалпы ұзындығы - 1111 метр. Ал салмағы - 4572 кг. Диаметрі 6.5 метр, алып табаққа қойылған кезде айналма қабаты 71 қатар, ал биіктігі 4 метрге жеткен. Жалпы қазыны жасап шығуға 44 жылқының еті кеткен көрінеді.

<http://el.kz/kz/news/>

Германияның Вальдбрун аймағында өткен қымыз фестивалінде саумалдан жасалған косметикалық өнімдер, дәрумен және балаларға арналған тағамдар сатылды. 400-ге жуық жылқысы бар фермер Ганс Цольманның отбасы 1959 жылдан бастап жылқы бағуды қолға алған.

(<https://www.azattyq.org>)

Тыйым сөздерді оқып, пікірлеріңізді білдіріңіздер:

1. Тамақты күттіруге болмайды.
2. Нанды тастауға, шашуға болмайды.
3. Жерде жатқан нан болса, көтеру керек.
4. Таңертең нан ауыз тимей үйден шықпау керек.
5. Дастарқанды аттауға болмайды.


Топтық тапсырма:

«Ыстық орындық» ойынын жүргізу. Бір студент ортаға шығады, ортада отырған студентке төмендегідей бірнеше сұрақтар қойылады (сұрақты өздеріңіз қойсаңыздар да болады):

1. Жылқының етінен не дайындайды?
2. Ұлттық тағамдар қаншаға бөлінеді?
3. Бауырсаққа қандай заттар қажет?
4. Қуырдақ жасасаңыз нені қолданар едіңіз?
5. Басқа елде жоқ, қазақ тілінде ғана қолданылатын тағам атауларын атаңыз

ЖАЗЫЛЫМ

1. Венн диаграммасын толтырыңыздар (басқа да халықтардың тағамымен салыстырыңыздар)



2. Төмендегі ет сөзімен байланысты тұрақты тіркестерді пайдаланып сөйлем құраңыздар:

Ет алды; ет асым (пісірім); ет қызумен; ет жақын; еті өлген; еті тірі; еті үйрену; иттің етінен жек көру; көзінің еті өскен; құлағының етін жеу; табан ет, маңдай тер; түйенің жарты етіндей;

3. Мақалдың жалғасын тап:

1. Ас тұрған жерде
2. Ат – адамның ...,
Ас- адамның
3. Ас ... тәтті.
4. Алтын күміс ... ,
Арпа, бидай
5. Ынтымақты үйдің

4. Үйден тағамның алдында беретін бір бата жаттап келіңіздер.

15-БӨЛІМ ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІК. ІСКЕР АДАМДАР



Ой бөлісейік

1. Кәсіпкер дегенді қалай түсінесіз?



2. Сіз қандай белгілі іскер адамдарды танысыз?

ОҚЫЛЫМ

Мәтінді түсініп оқыңыздар:



Экономиканы нығайтып, халықтың әл-ауқатын көтерудің бір жолы – жеке кәсіпкерлікті дамыту. Сондықтан ҚР экономикасын дамытатын, халықты қажет тауарлармен, азық-түлікпен қамтамасыз ететін жеке кәсіпкерлікті қолдайды және қорғайды. Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікке жеңілдіктер жасалып, мемлекет қорынан қарыз беріледі. Қазақстанда жеке кәсіпкерлік туралы арнайы заң қабылданған. Осы заңға сәйкес мемлекет органдарының жеке кәсіпкерлердің жұмысына тікелей араласуға құқығы жоқ. Лауазымды тұлғалар жеке кәсіпкерлердің құқығын бұзған жағдайда заң алдында жауапқа тартылады.



Сонымен, жеке кәсіпкерлік – түрлі тауарларға (қызметке, көмекке) деген тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыруға бағытталған азаматтардың қызметі. Мұндай қызметті жеке адам немесе бір топ адам бірігіп атқара алады.

Қазір жеке кәсіпкерлікпен айналысатындардың саны күннен-күнге өсуде. Пайда тауып, баю үшін, әрине, нарықтың заңдарына сүйенген дұрыс.

АҚШ азаматы Я.Гофман «Мен кәсіпкермін» деп аталатын кітабында жеке кәсіпкерлікпен айналысатындарға төмендегідей кеңес берген екен:

Коммерциялық идея (өтімді ой, зат) табыңыз. Сіз базарға қандай тауар шығара аласыз? Тұтынушыға қандай қызмет көрсете аласыз? Осыны елестетіңіз. Ойланыңыз. Тауарды өндіріп алып, енді қалай сатамын деу қателік. Жасағаныңызды қалай сататыныңызды алдын ала ойластырыңыз.

Бәсекелестіктен қорықпаңыз. Бұл зат базарда көп деп уайымдаудың қажеті жоқ. Сіздің бәсекелестерге қарсы 3 қуатты қаруыңыз бар. Олар – сапа, баға, жарнама.

Сапа – тек жақсы бұйым, тамаша қызмет көрсету емес. Тұтынушыға тек қана бұйым қажет емес. Оған басқа да толып жатқан мәселелерді шешу керек. Мәселен, үй тұрғызу үшін қажет қабырға блоктарын жасап сатуға болады. Алайда сатып алушыға дайын үйдің кілтін ұсыну үшін бар күш-жігерді жұмсаған дұрысырақ. Бұдан түсетін ақша да, пайда да көп.

Бизнес-жоспар құрыңыз. Қайта оны тым жоғарылатып жіберуден сақтаныңыз. Пайда екі затты қымбат сатудан түспейді. Ол екі мың, тіпті, екі миллион сатып алушыға тауар өткізуден немесе сонша адамға қызмет көрсетуден түседі.

Бағаны төмендетуден қауіптенбеңіз. Қайта оны тым жоғарылатып жіберуден сақтаныңыз. Пайда екі затты қымбат сатудан түспейді. Ол екі мың, тіпті, екі миллион сатып алушыға тауар өткізуден немесе сонша адамға қызмет көрсетуден түседі.

Тауарға жарнама жасаңыз. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін пайдаланып, өз ісіңіз туралы көпшілікке ақпарат таратыңыз.

Барлық адамдарға тілектес болыңыз. Өйткені кез келген шенеунік, іскер әріптес, қол астыңыздағы жұмысшы – өзіңіз сияқты адам. Сізге қандай адаммен қызметтес болған ыңғайлы? Міне, өзіңіз де сондай болыңыз. Адамдардан бәрін бірден талап етпеңіз.

Бар жұмыртқаны бір кәрзеңкеде сақтамаңыз. Ісіңіз жүріп кетсе, оған қоса тағы бір іс бастаңыз. Бірі «тынса», екіншісі демеу болады.

Сіздің басты байлығыңыз (капитал) ол – өзіңіз. Осы капитал 24 сағат тиімді жұмыс істеу керек. Арақ ішпеңіз, темекі тартпаңыз. Бұлар сізді кері кетіреді, азып-тоздырады. Ең бастысы, денсаулығыңызды күтіңіз.

«Қазақ елі» газетінен

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Сіздің жеке кәсіп ашу ойыңызда бар ма? Болса қандай кәсіп ашар едіңіз?
2. Қазақстанға қандай кәсіп қажет деп ойлайсыз?
3. «Жетістіктің тоқсан пайызы – тер, он пайызы - шабыт» деген пікірге қосылар ма едіңіз?



СӨЙЛЕСІМ

Стив Джобс пен Билл Гейтс

Уолтер Айзексонның кітабына сүйенсек, әуесқой инженерлер үйірмесінде бірде 15-16 жасар Стив Джобс пен Билл Гейтстің аты қатар аталыпты.

Ондай үйірмеде жас ғалымдар жаңадан үйренгенін, ойлап тапқанын басқаларға айтып, бір-біріне көмектесіп жатады екен. Ал Стив Джобс пен досы Стив Уозняк екеуі тапқан жаңалықты тегін бермей, сату керек екенін айтқан. Сол уақытта алыста

тұратын Билл Гейтс өзінің идеяларын ортаға салып талқыламауларын талап етіп, сәлем жолдапты. Идея ақша әкелетінін болашақ миллиардерлер сол кезден-ақ білген болса керек.

Стив – қызуқанды, ашушаң, дегеніне жету үшін өтірік те айтатын, дөрекі, бірақ адамдарды өзіне тарта білетін сүйкімі бар, іскер жігіт болса, Билл тұйықтау, мәдениетті, алды-артын ойлай білетін, іскерлік жөнінен Стивтен кем түспейтін, ең бастысы Стивке қарағанда инженерлік қабілеті жоғары жас ғалым болатын...

<http://qasym.kz/xerox-tarihy-zhane-dzhobs-pen-gejts-hikayasy/>



Наталья Захарова, Италиядағы қабылдау туроператоры, 2013 жылдың қаңтарынан бастап нарықта

Өз ісінді ашпас бұрын, саған қуаныш пен рақат сыйлайтын не нәрсе екенін, өзінді, өзінің қалауынды табу керек шығар. Ниет болса, әрқашан бәрі өз ретімен болады. Ал техникалық жақтарына келсек, тіл, діл, дәстүр, заңдарды білу қажет. Мен де фирмамды бірден ашып алған жоқпын. Италияда бес жыл тұрып, туристік компанияларда жұмыс істедім. Сіз қиындықтарға дайынсыз ба, соны түсініп, сезіну керек. Егер өзіңізге сенсеңіз, армандар орындалады деп айта аламын!

<http://weproject.kz/kz/articles/detail/sheteldi-baindaran-azastandi-biznesmender/>

ТЫҢДАЛЫМ

Абай Құнанбайұлының он бесінші қара сөзін мұқият тыңдаңыздар. Қара сөздің жеке кәсіпкерлікке қатысы бар деп ойлайсыз ба?

Он бесінші сөз

Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім.

Әуелі - пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

Есер кісі орнын таппай, не болса сол бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен дағы, күнінде өкінгені пайда болмай-ды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісіміз, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен.

Үшінші - әрбір нәрсеге қызықпақтық. Ол өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе екен. Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әртүрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки өне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен. Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы-мынаны» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен.

Есер кісілер ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспаңда, жынды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім.

Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?



Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Стив Джобс пен Билл Гейтс туралы не білесіздер?
2. «Идея ақша әкеледі» дегенді қалай түсінесіз?
3. Төмендегі кестені толтырыңыздар:

Кәсіпкерге қажет мінез	Себеп-салдары
Кәсіпкерге ақыл қажет,	себебі нені болса да ақылмен шешеді
Кәсіпкер қайратты болу керек,	өйткені ...
Кәсіпкердің еңбекқор болғаны дұрыс,	себебі ...

Біле жүріңіз!

ШЕТЕЛДІ БАҒЫНДЫРҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БИЗНЕСМЕНДЕР

Гаухар Ассион, Франция – Astana мейрамханасы, 7 жыл нарықта

Алғашқы үш жыл біз француз тағамдарының шағын дәмханасы ретінде жұмыс істедік. Сосын мен біздің тағамдарды нарыққа шығаруды ойладым. Бірақ тек қазақ тағамдарын ғана ұсынбаймыз. Сонымен қоса, и біз посткеңестік елдердің тағамдарын қамтуды жөн санадық. Яғни, бізде борщ, киевше котлеттер, өзбек палауы, хинкали де бар. Бұл тағамның барлығын өзімнің авторлық түсінігім бойынша ұсынамын.

Саида Таукелева, MMA Georgia және MMA Armenia сақтандыру компаниясы, 5 жылдай нарықта

Бизнесті бастауыма Қазақ мемлекеттік Заң университетінің кәсіпкерлік құқық факультетінде алған заңгерлік білімім көмектесті. Одан бөлек, бағалы қағаздар нарығында, ұлттық компанияда жұмыс істедім және бұл мені кәсіби маман ретінде қалыптастырды. Әрине, біз бұл салада бірінші емеспіз және нарықтағы бәсекелестікке тап болғанымыз рас. Бірақ бір жағынан, бәсекелестік компанияның дамуына жақсы жағдайлар туғызады.



Мәтін бойынша кестені толтырыңыз.

Ұғымдар	Мағынасы
Ақылды-ақылсыз	
Есті-ессіз	
Қызығу, құмарлану	
Мастық (неге мас болуға болады?)	

ЖАЗЫЛЫМ

1. Адамдар әріптерді орнына қойып жазып, сөздерге сөйлем келтіріңіздер

- Қаша -
- Рифма -
- Кірестестік -
- Атюлав -
- реkkәпіс -
- несзиб -

2. Жеке кәсіпкерліктің артықшылығы мен кемшілігі туралы берілген кестеге жазыңыз:

Артықшылығы	Кемшілігі

Берілген әріптен келетін бірнеше кәсіп және кәсіпкерлікке қатысты сөздер жазыңыздар.

- К—кәсіпорын, ...
- Ә—әлемдік нарық, ...
- С—
- І—
- П—
- К—
- Е—
- Р—

Мақалдың жалғасын тап:

- Қарыз күліп кіріп, ... шығады.
- Телміріп алған теңгеден, ... теңге жұғымды.
- Дауыл - құйыннан, ақша -
- Несиеге ет жесең, Сүйегі
- Жаманнан қарыз алсаң, ... жаныңды қысар.



Өзіңіздің ойыңызда жүрген бір іске бизнес жоспар жасап, слайд арқылы топ алдында жарнамалаңыз

- | | |
|---------------------|------------|
| 1. Аты | 2. Мақсаты |
| 3. Орналасатын жері | 4. Қаржы |
| 5. Серіктестік | |

16-БӨЛІМ

ДІН ЖӘНЕ ДІНИ ТАНЫМ. ДІНИ МЕРЕКЕЛЕР. АР-ОЖДАН БОСТАНДЫҒЫ

Ой бөлісейік

«Дін» деген түсінікке қандай анықтама берер едіңіз? ождан бостандығы дегенді қалай түсінесіз?



ОҚЫЛЫМ

Мәтінді түсініп оқыңыз.



Дін туралы жалпы түсінік

Дін және ғылым. Ғылымның діннен басты айырмашылығы, ғылым кез келген аксиомаларға, теорияларға күмәнмен қарай алады. Яғни күмәннен қорғалған ештеңе жоқ. Сондықтан да, ғылым тарихында бұрын дұрыс деп келген кез келген теорияның қате болғандығын көрсете алады. Дін, өз кезегінде, күмән келтіре алмайтын, тексеріле алмайтын, адамның санасына түсініксіз, тек жоғары күштерге белгілі, догмаларға негізделеді. Дін ақиқатқа толықтай монополия орнатады, зерттеп немесе тексеруге мүмкіндік бермейді. Ғылымның табиғаты динамикалық, яғни үнемі қозғалыста болып келеді. Қоғам мен табиғатты зерттеуде бірге дамып отырады. Ал, енді дін болса консервативті, статикалық болып табылады. Яғни қоғаммен бірге даму емес, бұрын қалай болса, солай қалдыру, Қоғам даму барысында сәйкессіздіктер болса, оны адасқандық деп жариялайды. Ғылым үнемі ізденіс үстінде, дәлелденген фактілерге де күмәнданып, қайта қарастыра алады. Дінде бұлай жасауға мүлдем тиым салынған. Ғылым үнемі ізденісті, оқуды талап етеді. Сондықтан да ғылыммен айналысу көпшілікке шектеулі. Ал дін кез келген адамға тиімді, тек сенім болса жеткілікті.

Дін және мәдениет. Діннің халық өміріндегі алатын орнының маңыздылығы соншалықты діндердің негізін түсінбей жатып сол діндерді ұстанатын мәдениеті туралы толық көзқарас қалыптастыру мүмкін емес. Дінді сипаттау оңай жұмыс емес. Біздің ойымызша, діннің анықтауыш қызметі оның әлеуметтілікті қалыптастыруында, яғни адамдар қарым-қатынасын реттеуде болса керек. Тіпті «религия», сөзінің этимологиялық бастапқы мәнінің өзі де «біріктіру», «байланыстыру», «қатынасты қалыптастыру» дегенді білдіреді. Дін – адамдардың бірлестігін және ұйымдастығын қалыптастырушы идеологиялық механизм. Діннің мазмұны әлеуметтік мәні бар негізгі құндылықтарды қасиетті деп танудан тұрады. Мәдениеттегі діннің рөлін әрбір мәдениеттің жүйе құрастырушы факторы деп анықтауға болады (/kk.wikipedia).

1. Дін мен ғылымның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын төмендегі кестеге толтырып жазыңыз.

2. Топтық жұмыс

«Дін – ғылымның бастауы» деген пікірмен келісесіз бе? Топқа бөлініп, өз ойларыңызды дәлелденіңіздер. Түрлі ақпарат көздерін пайдаланыңыздар.





3. Дін мен мәдениетті не байланыстырады деп ойлайсыз?

Біле жүріңіз!

Адамзат тарихындағы ең ұлы адам

Американдық ғалым Майкл Харттың «Тарихтағы 100 ұлы адам» деген ғылыми еңбегі батыс елдерін дүр сілкіндірді. Бұл еңбекке енген, атақтары дүние жүзіне белгілі 100 ұлы адам компьютердің көмегімен зерттеліп, іріктелініп алынған.

Мұндай жоғары бағаға ие болған ұлы адам мына шарттарға сәйкес болуы керек:

- халыққа әкелген сенімі;
- халықты басқару ерекшелігі мен халыққа тигізген пайдасы;
- өз жеке басының ұлылығы.

Осы шарт бойынша жүз ұлы адамның толық өмірбаяны компьютердің жадына енгізіліп, компьютерлік талдау жүргізіледі. Компьютерлік сараптау нәтижесінде мониторға тарихтағы нөмірі бірінші ең ұлы адамның есімі жазылады. Бұл есім – хазірет Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың есімі еді. Бұдан кейін де барлық мәліметтер мұқият тексеріліп, сараптау жұмыстары бірнеше рет қайталанды. Нәтижесінде Пайғамбарымыздың есімі компьютер экранына бірінші болып шыға берді. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) өмірбаяны үш шартқа да сәйкес болатын. Екінші болып Мұса (ғ.с.), үшінші болып Иса (ғ.с.) пайғамбарлардың есімдері жазылды («Ислам әлемі» журналынан).



1. Мұхаммед (с.а.у) туралы қандай ақпараттар білесіз?

2. Адамзат баласына келген тағы қандай пайғамбарларды білесіз?

ТЫҢДАЛЫМ



Мәтінді мұқият тыңдаңыз.

Бірде, танымал университеттің профессоры өзінің студенттеріне сұрақ қояды:

- Құдай (Алла) бәрін жаратушы ма?

Студенттердің бірі, батыл түрде:

- Әрине, жаратушы, - деп жауап береді.

- Сіз, Құдай бәрін жаратты деп санайсыз ғой? – деп сұрайды профессор.

- Ия, - деп жауап береді студент.

- Егер, Құдай бәрін жаратқан болса, жамандықты (зұлымдықты) да ол жаратқан ғой. Ал, біздің әрекетімізге байланысты, біздің кім екенімізді білуге болады деген, жалпыға ортақ ұстанымға сәйкес, біз, Құдай – зұлымдықтың өзі деген болжам жасай аламыз, - дейді профессор.

Студент үндемей қалады. Себебі, оның оқытушысы айтқан ойға қарсы аргументі болмайды. Ал, өзіне көңілі толған профессор, студенттерінің алдында, діннің адамдармен ойлап табылған аңыз екендігін, тағы бір дәлелдегенін айтып мәз болады.

Бірақ осы тұста екінші бір студент қолын көтеріп:

- Осыған байланысты сізге сұрақ қоюға болады ма, профессор?

- Әрине.

- Профессор, суық деген бар ма?

- Бұл тағы не сұрақ?! Әрине, бар. Сіз бір кездері жаурайсыз ғой?

Аудиториядағы студенттер досының сауалына күледі. Ол болса:

- Шындығында, суық деген жоқ. Физика заңына сәйкес, біз суық деп санап жүргеніміз, бұл тек жылудың жоқтығы. Бұл дүниеде тек, энергия шығаратын нысан ғана зерттеуге келеді. Жылу дегеніміз дене немесе метрияны энергия шығаруға итермелейтін нәрсе. Абсолюттік нөл (- 27.3° C) - бұл жылудың мүлде болмауы және мұндай температурада кез келген материя инерцияға айналып, ешнәрсеге әсер етпей қалады. Суық деген табиғатта жоқ. Адамдар бұл сөзді өздеріне жылу жетпеген уақыттағы күйлерін сипаттау үшін ойлап тапты.

Студент әрі қарай жалғастырады:

- Профессор, қараңғылық деген бар ма?

- Әрине, бар, мұны өздерің де жақсы білесіңдер...- деп жауап береді профессор.

Студент келіспейді:

- Бұл тұста да сіз қателесіз, табиғатта қараңғылық деген де жоқ. Қараңғылық дегеніміз - жарықтың болмауы. Біз жарықты зерттей аламыз, алайда қараңғылықты зерттеу мүмкін емес. Біз жарықты құрамдарға бөліп, әр толқынның ұзындығын өлшеу үшін Ньютонның prizмасын қолданамыз. Алайда, қараңғылықты өлшеу мүмкін емес. Кішкентай ғана сәуле қараңғы жерді жап-жарық етеді. Бірақ, қараңғылықтың деңгейін қалай анықтауға болады? Біз тек жарықтың мөлшерін ғана өлшейміз, солай емес пе? Қараңғылық – бұл жарық жоқ кездегі жағдайды суреттейтін сөз ғана.

Студент жігерлі түрде әрі қарай жалғастыра берді:

- Енді айтыңызшы, өзіңіз айтқан жамандық бар ма?

Профессор сенімсіз жауап қатты:

- Әрине, мен оны түсіндірдім ғой, егер, сіз мені мұқият тыңдаған болсаңыз, жас жігіт. Біз жамандықты күнде көріп жүрміз. Ол адамның адамға деген қатігездігінен, әр жерде болып жатқан қылмыстың көптігінен көрінеді. Сонықтан жамандық деген бар.

Бұл сөздерге де студент қарсы келді:

- Жамандық деген де жоқ, нақтырақ айтар болсақ, ол өздігінен өмір сүре алмайды. Жамандық деген Құдайдың болмауы, жарық пен жылылық болмаған кездегі - қараңғылық пен суық сияқты. Бұл – адамдардың Құдай болмаған кездегі жағдайды суреттеуі үшін қолданылатын сөз ғана. Жамандықты Құдай жаратпады. Жамандық – бұл жүрегінде Құдай жоқ адамдардың әрекетінің нәтижесі. Бұл жылу болмаған кезде келетін суық немесе жарық болғандағы қараңғылық сияқты.

Профессор үнсіз өзінің орнына отырды. Ал, тапқыр студент Альберт Эйнштейн болатын.

1. Эйнштейннің орнында сіз болсаңыз, профессор сұрағына қалай жауап берер едіңіз, ойыңызды қалай дәлелдейсіз?

2. Мәтін бойынша кестені толтырыңыз.

Ұғымдар	Эйнштейн жауабы	Сіздің пікіріңіз
суық пен жылу



қараңғылық
пен жарық
.....
.....

жақсы-
лық пен
жамандық

 3. Өмірін дін өзгерткен тұлғалар (Армстронг, Жак Ив Кусто, т.б) туралы қызықты ақпараттар жинаңыз.

СӨЙЛЕСІМ

 Мәтінді оқып, ой бөлісіңіз.


Құрбан Айтты тойлаудың ерекшеліктері
Әр мұсылман халықтарында Құрбан айтты тойлаудың өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Мысалы, Мароккода, Индонезияда, Малайзияда Айт намазынан кейін адамдар көшеге шығып, ән айтып, би билейді екен. Бұл елдерде мейрам карнавал түрінде тойланады.

Түркияда барлығы классикалық түрде жасалады екен. Тағы бір ерекшеліктері, сойылған малдың етінен кәуап дайындайды. Күйген кәуаптың иісі бүкіл қалаға тарайды,

Тәжікстан мен Ауғанстанда үйлерінде дастарқан жайып, қонақ күтеді. Олар үйді аралап шығады, дегенмен жергілікті халықтың жағдайы төмен болғандықтан бірінің үйінен бірі ешнәрсе алмайды.

Өзбекстанда бір күн бұрын ұннан түрлі тағамдар пісіріледі. Кешке үстелге мерекелік палау қойылады. Құрбан шалу күні адамдар кімнің үйінде жақын арада той өтті, сол үйге жиналады. Жас келін оларға мерекелік бай дастарқан жаяды. Бұл жас келін үшін өзіндік сынақ болады. Одан бөлек адамдар, жақын арада қайтыс болған кісілердің үйдеріне де келіп, құран бағыштайды.


Қазақстанда құрбан айтты тойлау көбінесе жергілікті салт-дәстүрлермен астасып жатады. Бұрындары бұл күні ат шаптырылып, айтыстар ұйымдастырылып, көкпар, қыз қуу сияқты түрлі ойындар ойнатылып, бай дастарқан жайылған. Адамдар бірі-бірінің үйлеріне қонаққа барған. Қазіргі кезде де бұл салттар өз жалғасын табуда.

-  1. Құрбан айттың тарихы туралы не білесіз?
2. Сіз Құрбан айтты қалай тойлайсыз?
3. Бір халықты алып, діни мерекелерді тойлау ерекшеліктерін атап өтіңіз.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Түрлі ақпарат көздерін пайдаланып, берілген кестені толтырыңыз.

Дін	Таралған аймағы	Киселі кітабы	Пайғамбары	Ерекшелігі
Ислам
Христиан
Будда

1. ҚР Конституциясында жазылған адамның құқықтары мен бостандықтары туралы баптарды талқылап, ойыңызды жазыңыз, мысалдармен дәлелдеңіз. 

2. Жинақталған ойыңызды екі сөзбен түйіндеп жазыңыз.

Бап	Сипаттама	Түйінді сөз
1-бап	1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.	Адам – құндылық
16-бап	1. Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.	
22-бап	1. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. 2. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс.	
23-бап	1. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі.	
24-бап	1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.	
34-бап	1. Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.	
39-бап	1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.	

17-БӨЛІМ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР



ОЙ БӨЛІСЕЙІК

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйым ұғымдарының негізгі айырмашылықтарын атаңыз.

салт-дәстүр

әдет-ғұрып

ырым-тыйым

Әрқайсысына мысалдар келтіріңіз.

ОҚЫЛЫМ




Салт-дәстүрлермен танысыңыз.



Топтық жұмыс

Екі топқа бөлініп, балаға және үйленуге байланысты салт-дәстүр түрлеріне қатысты қойылым қойыңыздар.

1. Балаға байланысты салт-дәстүрлерді ретімен орналастырыңыз.



Біле жүріңіз!



ТЫҢДАЛЫМ

Әнді тыңдаңыз.

Қайта оралды қазағымның бүгін дәстүрлері-ай,
Көптен күткен халқымыздың асыл арманы еді-ай.
Берекелі қазақ жері ол мерекелі,
Дәстүрлерін жоғалтпаған қазағымның бұл ежелгі.



Қайырмасы:

Шілдеhana, бесік той, тұсау кесу, сүндет той, ай шіркін-ай,
Құда түсу, сырға салу беташарың-ай.
Алтыбақан аясында сұлу бойжеткен,
Қыз-бозбала кең далада ән мен күйді тербеткен.

Ер жігітке жарасады озып шықса бәйгеден,
Қыз балаға жарасады алқа, шашпау, сәукеле.
Жоғалмасын дәстүріміз ұмытылмасын,
Ата-баба көзіндей қып сақтайық қазақ дәстүрін!

Қайырмасы:

Шілдеhana, бесік той, тұсау кесу, сүндет той, ай шіркін-ай,
Құда түсу, сырға салу, беташарың-ай.
Алтыбақан аясында сұлу бойжеткен,
Қыз-бозбала кең далада ән мен күйді тербеткен.



1. Өлеңнен салт-дәстүр атауларын теріп жазып, түсіндірмесін беріңдер.

СӨЙЛЕСІМ



Мәтінді мұқият оқыңыз.

... Ертексіз өскен бала - рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертек айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын. Ал менің кәрі апам Қызтумас маған ертекті көп айтатын, әлди әнді көп айтатын. Арада неше заман өтті! Қызтумас апамның сүйегі әлдеқашан құрап кетті, ал әлди ән айтқан үні әлі тұр құлағымда. Бөстекке отырып алып, басымды бауырына қысып, кәрі алқанымен арқамнан томп-томп қағып қойып:

- Балам менің қайда екен? - Қыздарменен тауда екен.
- Тауда неғып жүр екен? - Алма теріп жүр екен.
- Алмасынан кәнеки? - Жаңа теріп жүр екен.
- Қызыл алма қолында Қыз-бозбала соңында, - деуші еді-ау.

Кейде қиястықпен қыңқылдап мазасын ала берсем, алдына алып отырып:
Жылама бөпем, жылама, Жілік шағып берейін,
Жілігінің майы жоқ Жіпке тағып берейін.

Көк сиырдың сүтінен Көже жасап берейін.

Оның тұзын кім татар Жыламайтын ұл татар, - деп мәпелейтін еді.

Сол кезде әдемі әнге елтіп жатып балбырап ұйықтап кетер едім. Қайран сол балалық, қайта келермісің, сен! Кей кезде сол бір алаңсыз балалығыңды аңсап, еріксіз сағынасың. Әлдеқайдан асыр салып, жол шаңын бұрқыратып, тұлымын жалбыратып, екі бетін албыратып, дүниені даңғыратып сол балалығым шыға келетіндей, айналаңа жалтақтай беретін кездерің жиі болады. Алайда бал балалық қайдан келсін. Ойыңа сол шақтардың өрнектері ғана, үзік-үзік бөлшектері ғана, сапырылысқан ретсіз саздары ғана оралады. Сен соны тұшынасың да тамсанасың. Тамсанасың да еріксіз жымиясың. Осы сәтте бір шеттен балалық дәуірдің бір елесі де жы-

миып тұрғандай сезіледі. Біздің кейде өткенді еске алсақ, тұтас тұлға іздеп, бүтін бір жүйелі оқиға іздеп, кесек- кесек кереметтер іздеп, ерекше мән беріп қарайтынымыз бар. Дәл осы өлшем балғын кезге келе бермейді. Өйткені бала жүрегі, бала көңілі, бала ойы алғашқы көргенін, алғашқы сезгенін, алғашқы тұшынғанын қаз-қалпында, тұнық күйінде болмысына ұйытып алады да, сол қалпында сақтай біледі. Бала қиялы ол көргендерінен көлемді ой түйіп жатпайды, қайта үзік-үзік үміттің өзінен рақат сезімге бөлене береді (Б.Момышұлы «Ұшқан ұя»).

1. Мәтінде кездескен салт-дәстүр атауларына түсініктеме беріңіз.

2. «Сіз ертегі тыңдап өстіңіз бе?», «Қазіргі таңда балаларға бесік жыры мен ертегі айтудың қажеттілігі бар ма?», «Ұлы тұлғаның қорқынышы бүгінгі күнге сай келе ме?» сұрақтары аясында пікірталас ұйымдастырыңыздар.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Қажетті салт-дәстүрлерді жазып, сөйлемді толықтырыңыз.

Қажетті сөздер: бата, шілдеhana, сүйінші.

... Біздің ауылдың Байтоқ деген кісісі алпыс шақырым Әулиеатаға ат сабылтып жетіп, әкем жатқан үйге кіріп келіп, бір ауыз сөз айтуға дәрмені келмей, Момышты құшақтап жылай беріпті. Әкемнің қарындасының үй-іші үрпиісіп, бір жаманат хабар жеткен екен деп қорқып қалады. Ақыры Бәрі Байтоқты жұлмалай, «не боп қалды, айтсаңшы» деп тақақтағанда ғана, Байтоқ: - Жеңешем ұл тапты, - депті. Үрейден үрпиіскен жұрт енді мәз-мәйрам болып, қуаныштары қойындарына сыймай, Байтоққа беріп аттандырыпты! Әулиеатадан әкем қайтып келгенде, ағайын-жекжат құтты болсынға жиналып қалған екен. - О, Момыш, балаңның бауы берік болсын! - Ақмен-тей бабасындай батыр болсын! - Ақмолда Батыр бабасындай мәрт болсын! - Бәйдібек батырдың әруағы қолдасын! - Домалақ анамыз жар болсын! - десіпті. Сөйтіп,

тойға ұласыпты. Той соңында Имаш атам алақан жайып ел қарияларынан сұраған екен. - Төл немерең, бел немерең ғой. Бата жөні де өзіндікі, - десіпті ақсақалдар. Сонда Имаш бабам былай деген екен: Алатаудың қыраны мол еді - Қырағы болсын, құлыным - Қойнауы суға мол еді - Бұлағы болсын, құлыным. Елінің тілегі зор еді - Шырағы болсын, құлыным. Ата тілегі оң еді - Құмары болсын, құлыным. Бұл жер батырлар төрі еді - Сыңары болсын, құлыным (Б.Момышұлы «Ұшқан ұя»)..

2. Тікбұрыш жасай отырып, салт-дәстүр атаулары мен оған байланысты ұғымдарға түсіндірме беріңіздер.



Л	Й	Ө	К	Т	Ы	Й
Е	С	А	Т	И	С	Ы
К	Р	Қ	Т	Т	О	Ж
Қ	Ұ	Е	О	Й	Қ	Ы
І	Ш	Н	Қ	М	Ы	Л
Р	А	Ғ	А	Ғ	Ы	У
К	И	Е	С	Ң	Р	А
Т	І	І	Т	А	Т	С
У	Т	Р	Б	А	С	А



3. Берілген анықтамаларға сәйкес салт-дәстүрлердің түрін табыңыздар.

- Келіннің аман-сау босануына тілек білдіріп, кәделі дастарқан жасау салты _____.
- Қыз алатын жақтың қыз беретін жаққа төлейтін малы - _____.
- Қайтыс болған кісіні соңғы сапарға шығарып салу дәстүрі - _____.
- Қайтыс болған кісіні ақ жауып арулау - _____.
- Бие байлап, алғашқы қымыз ішу тойы - _____.
- Балалардың, жастардың жаңа киім кигені үшін берілетін ақшалай, заттай сыйы _____.



6. «Салт-дәстүр көрініс тапқан менің болашақ тойым» тақырыбында ойтолғау жазыңыздар.

18-БӨЛІМ

ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. ӨНЕР. ӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІ. ТЕАТР. МҰРАЖАЙ.

Ой бөлісейік

1. Тіл қашан және қалай пайда болды деп ойлайсыз?
2. Мәдениет ұғымы нені білдіреді? Мәдениеттің түрлерін атаңыз.
3. Қандай өнер түрлерін білесіз? Сіз қандай өнер түрін ұнатасыз?



ОҚЫЛЫМ

Мәтінді түсініп оқыңыздар.



Тілдің пайда болуы туралы әртүрлі теориялар бар, олар тілдің қалай шыққанын, қалай пайда болғанын өзінше дәлелдейді. Тіл білімінде оларды екіге бөліп қарайды.

1. Биологиялық теориялар тілдің пайда болу себебін адам организмі мен психикасының ерекшеліктерінен іздейді.

а) Еліктеу теориялары, оның ішінде кең таралған «дыбысқа еліктеу қағидасы» бойынша алғашқы адамдар қоршаған ортадағы дыбыстарға, көрініс, бейнелерге еліктеп, олады белгілеу үшін әртүрлі дыбыстар шығарудан бастайды (Х. Штейнталь).

б) «Одағай теориясы» бойынша адамдардың өздеріндегі көңіл-күй әсері бойынша еріксіз, оқыс дауыстар шығаруы қазірге тілге негіз болады.

в) Ымдау теориясы бойынша алғашқы кезде тілде «сөздермен» бірге мимикалар мен жестілер көп болған. Жалпы тілдің қажеттігі адамдардың рухани әрекетімен, әрекет құралы болуымен байланыстырылады. Бұл көзқарастардың қалыптасуына Г. В. Ф. Гегель мен В. Фон Гумбольдттің пікірлерінің ықпалы зор болды.

2. Қоғамдық теориялар бойынша тілдің пайда болуы әлеуметтік себептерден ізделеді.

а) «Қоғамдық келісім теориясы» бойынша адамдар белгілі бір заттарды белгілеу үшін оларды бірдей атауға келіседі.

б) Еңбек теориясы бойынша тіл адамдардың бірлесіп еңбек етуі кезіндегі байланыс жасау қажеттігінен пайда болған. Оның ішінде «еңбек айқайы теориясы» (Л. Нуаре, К. Бюхер) мен Ф. Энгельстің еңбек теориясы таралаған. Соңғы теория бойынша тіл, еңбек пен бірге «адамды адам еткен» факторларға енеді.

Қоғамдық теориялардың дұрыстығы – тілдің қоғамдық қажеттіліктен пайда болғаны шындық және ол қоғамдық құбылыс ретінде қоғамда пайда болып, онымен бірге дамиды (*massaget.kz*).

Сіз қай теориямен келісесіз? Өз ойыңызды дәлелдеңіз.



Еліктеу теориялары

«Одағай теориясы»

Ымдау теориясы

«Қоғамдық келісім теориясы»

Еңбек теориясы

Біле жүріңіз!

- Француз тілінде [O] дыбысын 13 түрлі тәсілмен жазуға болады. «Жұлдызды жол» (Звёздный путь) киносына арнап тіл ойлап тапқан. Ол өзінің 3 жастағы баласына осы тілді үйретеді, алайда бала ер жеткен соң тілді ұмытып қалған.
- Фриз тілі – 400 мың халқы бар, нидерландықтар сөйлейтін ресми тіл. Ол ағылшын тілінде сөйлейтін адамдарға үйренуге ең жеңіл тіл болып саналады.
- Ватикан елінің банкоматтары нұсқауды латын тілінде береді. 2000-нан аса иероглиф білу керек.




- Қазақ тілі туралы отандық, шетелдік ғалымдар, жазушылар, зерттеушілер пікірлерін жинап, талдаңыздар.
- Ақпарат көздерін пайдаланып, қазақ тілі туралы қызықты фактілер жинаңыздар.
- Туыстас тілдер ағашынан қазақ тілінің орнын тауып, ұқсас тілдер қатарын көрсетіңіздер.



ТЫҢДАЛЫМ

Мәтінді мұқият тыңдаңыз.



Біздің анық көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәрі не табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрсе, не адам ісінен шыққан жасалынды нәрсе. Орман, теңіз, тау, өзен, бұлақ – бұлар табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселер, үй, кірпіш, бақша, арық, құдық – бұлар адам ісінен шыққан жасалынды нәрселер. Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниесі болады; адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады; өйткені жасалынды нәрселердің істеліп шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен.

Өнер түрлі болады. Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, киіз басады, ыдыс істейді. Тағысын тағы сол сияқты шаруаға керек нәрселерді жасайды. Біреулер көрікті мешіт, көрнекті там, көркем сүгірет салады. Әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады. Алдыңғы өнер мен соңғы өнердің арасында айырым бар. Алдыңғы өнерден шыққан нәрселер күн көру ісіне керек шаруа керек-жарақтары. Мұны істегенде «Сұлуынан жылуы дегендей көркем болуын көздемейді, тұтынуға қолайлы, жайлы, берік болу жағын көбірек көздейді. Екінші өнерден шыққан нәрселер — жылуынан гөрі сұлу болуы көбірек. Көзделінгеннен көзге көркем, көңілге жағымды болып істелген нәрселер: алдыңғы нәрселер адамның мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан нәрселер, соңғы нәрселер адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселер. Сондықтан алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер — тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер — көркемшілік үшін көрнек өнері болады.

Көрнек өнері бес тарау болады:

Бірінші - тастан, кірпіштен, ағаштан яки басқа заттан сәнін келтіріп, сәулетті сарайлар, мешіт, медресе, үй, там сияқты нәрселер салу өнері. Бұл сәулет өнері болады. (Европаша - архитектура).

Екінші - балшықтан я металдан құйып, тастан я ағаштан жонып, нәрсенің тұлғасын, тұрпатын, сын-сымбатын келтіріп сүгірет жасау өнері. Бұл сымбат өнері болады. (Европаша — скульптура).

Үшінші - түрлі бояумен нәрсенің ісін, түрін, түсін, кескін-келбетін келтіріп, сүгіреттеп көрсету өнері. Бұл кескін өнері болады. (Орысша — живопись.)

Төртінші — әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері. Бұл әуез өнері болады. (Европаша — музыка). Бесінші — нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. (Қазақша — асыл сөз, арабша — әдебиет, Европаша — литература).

Өнердің ең алды — сөз өнері деп саналады. «Өнер алды — қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады.

Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын — сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді (А.Байтұрсынұлы «Сөз өнері»).


1. Жаратынды мен жасалынды өнер, тірнек өнер мен көрнек өнердің айырмашылықтарын топ болып талқылаңыздар.

2. Өнер түрлері ішінде А.Байтұрсынұлы сөз өнеріне ерекше мән береді? Сіздің ойыңызша қай өнер түрі басқаларына қарағанда маңызды?

Топтық жұмыс

Әр топ бір өнер түрін алып, пікірталас жасаңыздар. Пікірталаста қамтылуы тиіс:

- таңдаған өнер түрінің артықшылықтары;
- таңдаған өнердің туындылары;
- таңдаған өнер саласының дарынды тұлғалары;
- қазіргі таңдағы таңдаған өнер түрінің маңызы



ЖАЗЫЛЫМ

Театр тарихы

27 наурыз барша әлем Театр күнін атап өтеді. World Theatre Day 1961 жылы Вена қаласында өткен ЮНЕСКО Халықаралық театр институтының IX конгресінде бекітілді. Атаулы күн 1962 жылдан бері тойланып келеді.

Ортағасырларда әйел адамдарға тек құлдар мен күлкілі кейіпкерлер бейнесін ғана сомдауға рұқсат берілген.

Әлемде билет алу жүйесі ерекше театр бар. Ол АҚШ-тың Вирджиния штатында орналасқан. «Бартер Театрына» кіру билетін ақшаға емес, тамаққа айырбастап алады. Еуропадағы ең көне театр Хорватия елінде орналасқан. Иония театрларында бір қолы жоқ жауынгерлердің қасына тақыр бас құлдарды отырғызатын болған. Қойылым ұнаған жағдайда жауынгерлер шапалақтау үшін бір қолымен құлдың басынан соғады екен.


Ежелгі Рим театрлары комедияларында тек гректерді күлкіге айналдырса, гректер де өз кезегінде римдіктер өмірін мысқылдайтын болған.

Алғаш рет фонограмма Ежелгі Римде пайда болған. Ливий Андроник есімді драматург пьесалар жазуымен қоса, сол қойылымдарда өзі ойнайды екен. Бір күні оның дауысы шықпай қалып, қойылымды шегерудің орнына сахна артына актер орнына сөйлейтін адам қояды. Ал, өзі сахнада тек аузын жыбырлатып қана тұрған.

Сицилияда бір ай шамасына созылатын қойылым көруге болады. Ал, көне заманда, тіпті, бір жылға созылатын қойылымдар да болған. Күндіз жұртшылық жұмыс жасаса, кешке қарай қойылымның жалғасын көру үшін театрға асығатын. XVI ғасыр театрларында әйел адамдар көбіне Франческа, Коломбина, Смеральда есімді кейіпкерлерді сомдайтын. Өйткені, сол уақытта бұл есімдер кең таралған болатын.

1. Мәтінді бөліктерге бөліп жоспар құрыңыз.

Бөлім	Атауы

 2. Бүгінгі таңда фонограмманың орны, қызметі мен қолданысы туралы өз ойыңызды жазып, мысалдармен дәлелдеңіз.

 3. Әлемдік немесе отандық театрлар, мұражайлар туралы мәліметтер жинап, презентация дайындаңыз.

19-БӨЛІМ ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР: ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР

Ой бөлісейік

1. Индивид, адам және тұлға сөздерінің негізгі айырмашылықтары қандай?
2. «Толық адам» ұғымы туралы не білесіз?
3. Қазақтың қандай тарихи тұлғаларын білесіз?



ОҚЫЛЫМ

Мәтінді түсініп оқыңыз.



Қайраттың соңғы хаты

«...Иә, мен сіздерден еш жасырмаймын, мен 18 желтоқсан 1986 жылы алаңға бардым, көпшілікпен бірге. Барғанда да Қонаевтың күйін күйттеп барған жоқпын. Тек қана, ол жерге барған себебім, бар мақсатым, біріншіден, ол жерде не болып, не істеп, не қойып жатқанын өз көзіммен көру болды. Екіншіден, алаңда қазақтың уыздай жас қыздарын ұрып-соғып, өлтіріп жатыр дегенді елден естіген соң, өз басым қолымды жайып «күл болмасаң, бұл бол» деп отыруға еркектік ар-намысым еш жетпеді. Ер қатарында ер қара боп, саны бар, сапасы жоқ боп, ербеңдеп жүрген намыссыз еркек мен емеспін, құдайға шүкіршілік, менің де көркейген кеудемде нағыз ерге лайық «намыс» баршылық. Оның үстіне «қыздың жолы жіңішке» деген. Менің түсінігімше, әйел адамға ер адамдар тұрмақ, аң екеш аңдардың, хайуандардың еркегі де ұрғашысына мүйіз, я болмаса тұяғын көтермейді. Ал, біз бәріміз де аң емес, адамзаттың ұлы — адамбыз, сондықтан, ер адам әйел затына қол көтеріп, қол жұмсауға тиіс емес, әуелі еш правосы жоқ. Міне, қысқаша айтқанда, осындай түсінікпен, әйел затына ер болып өз қолұшымды беріп, көмектесуге, оларды арашалап-қорғау үшін барғаным рас. Сол жерде қолымнан келгенше бір көмегімді бергенім де рас. Ол үшін әлі күнге дейін еш өкінбеймін, керісінше, үлкен мақтаныш тұтамын. Бірақ та, бір Құдай өзі куә, адам баласын еш өлтіргенім жоқ. Мұндай айуандық жасаудың өзі, сормандай менің қолымнан келмейді. Еш уақытта, ешқашан да... Ал, әйел затына айуандықпен қол көтеріп, шашынан тартып, көкпарша сүйрегені үшін бір милицияны ұрып-соққаным өте рас. Ол адам күні бүгінге дейін аман-есен зыр жүгіріп жүр. Өз қолыммен жасаған бар теріс қылық, бар қылмысым осы ғана» (massaget.kz).

1. Қайраттың бойындағы осындай өр намыс қазіргі қазақ жастарында кездесе ме?



2. Қайрат Рысқұлбеков туралы білетін ақпараттармен бөлісіңіз.



ТЫҢДАЛЫМ

<https://www.youtube.com/watch?v=v-GcbxOto5k> сілтемесі арқылы бейнежазбаны көріңіз.



Тыңдалым мәтіні және түрлі ақпарат көздерін пайдаланып, кестені толтырыңыздар.



Тұлға туралы мәлімет	Мазмұн
Тұлғаның өмірдегі	
Білім алған орындары	
Қызмет еткен салалары	
Қайраткердің қоғамдық істері	
Тұлғаның қарапайымдылығы	
Сүйікті істері	
Тұлғаның күнделікті әрекеттері	

Біле жүріңіз!

Тұңғыш, тұңғыш...

Шоқан Уәлиханов	тұңғыш ағартушы ғалым, тұңғыш тарихшы, тұңғыш саяхатшы, тұңғыш этнограф, тұңғыш журналист;
Ахмет Байтұрсынұлы	қазақтың тұңғыш тілтанушысы, қазақ әдебиету теориясының негізін қалаушы, қазақ әліпбиін алғаш түзуші;
Мұхамеджан Тынышбаев	тұңғыш теміржолшы;
Әлихан Бөкейханов	қазақ үкіметінің тұңғыш төрағасы;
Санжар Асфендияров	Мәскеу мемлекеттік университетінің тұңғыш қазақ профессоры, Қазақ университетінің тұңғыш ректоры, қазақтың тұңғыш полиглот ғалымы;
Қажымұқан Мұңайтпасов	қазақтың тұңғыш кәсіби палуаны, әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ;
Нәзір Төрекұлов	тұңғыш қазақ баспагері, КСРО-дағы тұңғыш қазақ елшісі;
Мұхамеджан Қарабаев	тұңғыш қазақ кәсіби дәрігері;
Бақытжан Қаратаев	қазақтың тұңғыш заңгері, Мемлекеттік Дума депутаты ретінде патша үкіметінің қазақ жеріндегі аграрлық саясатын ашық сынға алып, сөз сөйлеген тұңғыш қазақ;
Әлкей Марғұлан	тұңғыш қазақ археологы;
Ескендір Тынышбаев	тұңғыш қазақ кинооператоры;
Ахмет Жұбанов	тұңғыш қазақ кәсіби музыканты, кәсіби музыка мәдениетінің негізін қалаушы, тұңғыш қазақ дирижеры, Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының тұңғыш ректоры;
Нүрсұлу Тапалова	қазақтың тұңғыш балеринасы;
Шоқыр Бөлтекұлы	қазақтың тұңғыш боксшысы;
Шәкір Жексенбаев	тұңғыш қазақ генералы;
Төлеу Бәсенов	тұңғыш қазақ сәулетшісі;
Хиуаз Доспанова	қазақ қыздары арасынан шыққан тұңғыш ұшқыш;
Әмен Қайдаров	тұңғыш қазақ мультфильмінің авторы.

Жұптық жұмыс

«Тұлғаларды танимыз ба?» ойынын ұйымдастыру. Екі адамнан жұп құрап, біріншісі екі тірек сөз арқылы тұлға туралы мәлімет береді, екіншісі табу керек. Кейін керісінше жалғаса береді.

Тарихтағы тұңғыш тұлғалардың бірін алып, презентация дайындаңыз. Презентация мазмұнында қамтылуы керек:

1. Тұлғаның өмірінен қызықты деректер (оның қызығушылығы, отбасы, т.б);
2. Жұмыс атқарған саласы (қай салада тұңғыш, еңбектері, т.б);
3. Бүгін қоғамдағы аталған тұлғаның танымалдылығы (Жастар ол тұлғаны тани ма, біле ме (анкета, видеоинтервью, т.б);
4. Қазіргі таңдағы тұлға есімінің дәріптелуі (оның атында көше, мектеп, мемориалдық мұражайы бар ма, т.б).

ЖАЗЫЛЫМ

Дұрыс жауапты белгілеңіз.

1. Тұңғыш қазақ сәулетшісі

Төлеу Бәсенов Жұмат Шанин Әмен Қайдаров Әбілхан Қастеев

2. Әмен Қайдаров

тұңғыш диктор тұңғыш суретші тұңғыш режиссер тұңғыш қазақ мультфильмінің авторы

3. Мұхамеджан Тынышбаев

тұңғыш режиссер тұңғыш теміржолшы тұңғыш қазақ кәсіби дәрігері тұңғыш редактор

4. Тұңғыш қазақ генералы

Қ.Қайсенов Б.Момышұлы Ш.Жексенбаев Қ.Рүстемұлы

«Менің үлгі тұтар тұлғам» тақырыбында ойтолғау жазыңыздар.

20-БӨЛІМ

ТАБИҒИ РЕСУРСТАР. СУ РЕСУРСЫ. ҚАЗБА БАЙЛЫҚ РЕСУРСТАРЫ



Ой бөлісейік

1. Ұлттық байлық дегеніміз не?
2. Қазақстанның табиғи байлықтарына нені жатқызар едіңіз?
3. Қазба байлықтарына не жатады?



Мәтінді оқыңыз.

ОҚЫЛЫМ

Ұлттық байлық дегеніміз не?

Ұлттық байлық – елдің экономикалық күш-қуатының ең маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Экономикалық әдебиеттерде “Ұлттық байлық” деп еңбекпен жасалатын, өндіріс пен тұтыну үшін пайдаланылатын материалдық игіліктердің қорын айтады. Кейбір экономистер ұлттық байлыққа табиғи ресурстарды да қосады.

Сонымен ұлттық байлыққа не жатады? Ұлттық байлық негізінен мына салалардан тұрады:

а) Қазақстан аймағындағы және сырт жерлердегі ғасырлар бойы ата-бабаларымыз қалдырған барлық мұрасы;

ә) Табиғи және жер асты байлығымыз;

б) Әдеби, мәдени, тарихи мұралар.

Әдеби, мәдени, тарихи мұраларымыз - халықтың, мемлекеттің өсіп-өркендеуін, байлығын көрсететін ұлттық игілігіміздің күре тамыры. Кез-келген мемлекет өзінің ұлттық мұрасын мақтан тұтады. Оның құны - сол елдің байлығының кепілі.

Әлемнің қай мемлекетін алсаңыз да, тіпті ол енді дамып келе жатқан ел болсын, ұлттық байлықтарының құны бар. Ол мемлекеттер әр тасына дейін есептеп, тіркеп, құнын анықтап, халықаралық каталогке тіркеп, бірін кеден қызметіне, екіншісін ин-терполға беріп қойған.

Ұлттық байлыққа жеке коллекционерлердің қолындағы көне заттар да жатады.


Барлық мемлекетте ғасырлар бойы жинақталған ұлттық байлық бар. Оны ғалымдар ең құндысынан бастап рет-ретімен зерттеп, ғылыми жұмыстармен дәлелдеген, сонымен қатар, ол заттың құны валютамен есептеліп шығарылған.

(“Қазақ әдебиеті” газетінен)



1. Ұлттық байлықтар қатарына сіз не қосар едіңіз?
2. Әр байлықтар түріне мысалдар келтіріңіз.

Кестемен танысыңыз.



Жоғарыда берілген кестені пайдаланып, «Қазақстанның табиғи ресурстары» тақырыбында әңгіме өрбітіндер.



Сарқылатын және сарқылмайтын сөздерінің мәнін ашып түсіндіріңіз.



Сарқылатын ресурс қатарына тұщы су да кіретіні белгілі. Сусыз тіршілікті елестете де алмаймыз. «Судың да сұрауы бар» деген ұғымды қалай түсінесіз, ойыңызды дәлелдер келтіріп жеткізіңіз.



Оқылым мәтіні мен кестені басшылыққа ала отырып, сызбаны толтырыңыз.



Қазақстанда кездесетін табиғи ресурс түрлері
Қазақстанның пайдалы қазбалары
Қазақстанның көрікті жерлері
Қазақ жеріндегі таулар, өзен-көлдер
Қазақстанда мекендейтін бағалы аң, құстар
Қазақстандағы сәулет ескерткіштері
Халық ауыз әдебиеті үлгілері
Қазақтың салт-дәстүрлері

Біле жүріңіз!

Қазақтың танымында жел – қыс пен жаздың қандай болатынын болжайтын синоптиктік хабаршы. Себебі күзде және көктемде жиі соғатын желдің күш-қуаты мен бағытына қарап, халық алдағы жыл мезгілінің жайлы, жайсыз болатынын аңғарып, соған орай қыс немесе жаз қамын алдын ала ойластыратын болған. Осы бір табиғаттың тылсым күші қыс мезгілінде ашуына енсе, дауылға, одан әрі боранға ұласатыны белгілі.



Жалпы алғанда тілімізде кездесетін желдің түрлерін топтастыратын болсақ, төрт мезгілге ажыратып көрсетуге болады.

Қара жел – жауын-шашынсыз азынап соққан өкпек жел.

Жаяу бұрқасын – ызғары шамалы ғана қарлы жел.

Жібек жел – салқын самал.

Мырза жел – ақырын соққан баяу жел.

Азынау жел – гуілдеп соққан аңқыма жел.

Алтын күрек – оңтүстіктен үзбей соғып, қыстың соңғы қарын күрт еритетін жылы жел.

Боранды жел – қарды бұрқыратып ұйытқып соғатын ысқырық жел.

Бұрқасын – жерге түскен қарды суырып соғар бәсең жел.

Дауыл – шаңдатқан, борандатқан, алай-дүлей осқырған жел.

Желең жел – сәл-пәл соғатын жел.

Жоғары жел – биіктен үйірген жел.

Ескек жел – есе соққан жел.

Еспе жел – желпінді еспек жел.

Зулама жел – іркілмей соғатын екпінді жел.

Көк дауыл – аязды қарлы боран.

Қара құйын – топырақ, құм боратқан жел.

Қарсы жел – жүріс бағытқа қарсы соғатын жел.


Тентек жел – ала құйын есер жел.

Үрме жел – екпіні бір басылып, бір көтеріліп соғар жел.

Үскірік жел – күзгі, қысқа құрғақ, суық жел.


Бізғырық жел – өңменіңнен өтер суық жел (Ана тілі газетінен)

 Ерекше табиғат құбылысы болып табылатын желдің бірнеше атауымен таныстыңыз. Бұған дейін желдің қандай түрін білетін едіңіз? Халқымыз желге осыншама атауды не үшін берді деп ойлайсыз?

 Жоғарыдағы мәтінді негізге ала отырып, қажет болса сөздіктерді пайдаланып, күн, жер, су, ауа ұғымдарымен тіркесетін сөз тіркестерін жинақтап, мәтін құрастырыңыздар.


КҮН	ЖЕР	АУА	СУ
• шұғылалы күн, ...	• қара жер, ...	• саф ауа, ...	• ауыз су, ...

ТЫҢДАЛЫМ

<https://www.youtube.com/watch?v=Bib3LXR-iww> сілтемесі арқылы бейнежазбаны көріп, менталды карта жасаңыздар. 



«Болашақ қуаты» аталған ЭКСПО-2017 көрмесінің негізгі мақсаты не болды? 

Бейнежазба негізінде «Нұр Әлем» павильонының әр қабатының ерекшеліктеріне сипаттама беріңіздер. 



Бір қабатты таңдап алып, презентация дайындаңыз.

Презентацияда қамтылуы керек:

- қабаттың маңызы (мысалы «Су энергиясы» қабаты болса, бұл энергияның тіршіліктегі маңызы;
- қабаттың көрмедегі орны (осы энергия көзі бойынша көрме барысында ұсынылған жобалар туралы мәліметтер);

Ол ескі ағылшын тілінің «geolu» сөзінен шыққан. Мағынасы – «сары». Менделеев кестесіндегі барлық элемент ішінде ақша орнына жүрген. «жарқын рауан», «таңғы шапақ» деген мағына береді. Тіпті оның жеуге жарамды түрі де бар. Азияның кейбір елдерінде оны жеміс-жидек жанына, кофе мен шайға қосып береді. Өте иілгіш. Одан тіпті тігін жібін жасауға да болады.

Бұл металл түрінен жасалған әшекей бұйымдарды тағу денсаулыққа өте пайдалы. Жүрек пен жүйке жүйесін қалпына келтіріп, асқазан мен бас ауырғанды басады. Шаршағанды сергітіп, күйзелістен арылуға септігін тигізеді.

Жерде ең көп кездесетін элементтердің бірі, Жер қыртысының 5 пайызы осы элементтен тұрады. Ол арабшадан аударғанда «түсірдік, құлаттық» деген мағына береді. Идиомалық тұрғыдан оны «адам пайдасы үшін берілді» деп те аударуға болады. Эйфель мұнарасы таза осы металдан салынған.

ЖАЗЫЛЫМ

Қазақстанның пайдалы қазбалары тақырыбында мәліметтер жинақтап кесте, сызба, схема, диаграмма құрастырыңыз.

Берілген сипаттамалардың жауабын тауып, олар туралы мәліметтер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер жазыңыздар.

Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қажетті тұлғада қойып, өлең мазмұнын қара сөзбен жазыңыз, негізгі ойды шынайы өмірмен байланыстырыңыз.

Қажетті сөздер: қалайы, алтын, күміс, мыс.
 Пәстеу соғып сырт көркі мазмұнынан,
 Бекер болды-ау, мезгілсіз тозды бір ән.
 ... құйдық тұлғасын ұлылардың,
 Жер бетінде ... аздығынан.
 Міне, тағы құлашын жазды бір ән,
 Көркі осалдық етпегей мазмұнынан.
 Сорпа ішеміз ... қасықпенен,
 Жер бетінде ... аздығынан.

Жасық жайлы жасампаз ойға қалып,
 Жарар еді кетпесек майдаланып.
 Сары шымшық сан рет той бастады,
 Бұлбұлдардың аздығын пайдаланып.
 ... өтсе ... есімімен,
 Үйреніппіз қарауға кешіріммен.
 Соның бәрі асылдың аздығынан,
 Азға зорлық жасаудың кесірінен (М. Шаханов).

21-БӨЛІМ ӨСІМДІКТЕР, ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ



Ой бөлісейік

1. Қазақ танымдығы ерекше өсімдіктер мен жануарларды атаңыз.
2. Жануар, аң және хайуан ұғымдарының ерекшеліктері туралы айтыңыз.



ОҚЫЛЫМ

Мәтінді түсініп оқыңыз.

Жаратушы тәңірінің жар құлағы жастыққа тимей күндіз-түні ойға батыпты. Ақыры жан-жануар аң біткенді жинаған екен. Осы жиында өз ойын білдіріпті. Енді есеп жүргізуді он екі ай бойынша енгізетінін айтады. Ол үшін он екі жылдың әр жылын жануарлар атымен атайтынын баяндайды. Сондықтан жан-жануар тегіс жазық далаға шығып, таң сәулесін күтсін. Шығыстан күн көтеріліп алғашқы алтын нұры жер бетіне төгілген сәт жыл басы болсын. Сол нұрды бұрын көргеніңнің атымен бірінші жылды атаймын. Екінші көргендерін екінші жылға ие боласындар. Осылайша он екі жануар он екі жылға иеленеді деген екен.

Аң біткеннің барлығы ашық алаңға жиналып, бозала таң атқанша бір-біріне мақтана бастайды. Біреулер көзінің қырағылығына, біреулер өзінің жүйріктігіне сеніп, күн сәулесіне бәрінен ерте жететініне шүбәсіз болады. Ал түйе болса маңғаз басып, ырғала ыңыранып, ернінен көбік шұбыртып, мойнын сан құбылтып, төңірегіндегінің біреуін де көзіне ілмей жатқан екен... «Таласып таусыла беріңдер, бейшаралар, босқа болдырғанша алаңсыз тыныға берейін. Мен сендер сияқты күн сәулесін күтіп шығысқа жүгірмеймін де, көз майын тауысып төңірекке үңілмеймін де. Құба жондай бойым бар, құлаш-құлаш мойын бар. Осы жатқан күйімде мойнымды бір созсам, бәрің жер бауырлап қаласындар. Күн шапағы шашырарда, мен мойнымды созып жіберіп, жыл басын өзім көрермін әлі. Тәңірден алғашқы жылдың атын өзім алып қайтам», - деп тікенек күйсеп жата береді.

Бейшара тышқан өзінің дәрменсіздігін мойындап жанұшыра безек қағады. Мынау жатқан алып түйенің қасында ол өзін құмырсқадай сезінгенде, бар болмысы шиыршық ата шиқылдапты. Сонда да жылдан дәмелі емес пе, әркімге жалбарына қарап, жалына сұрақ берумен болған екен: «Мен қайтемін?! Мен қайтемін?!» - дей беріпті. Тіптен түйенің қасына келіп шыңғыра шиқылдап одан да әлгі сұрағына жауап іздейді. Маңғаз түйе мойнын да бұрмай, ақкөбік жынын тышқанға бүркіп жіберіпті де былай депті: «Масадай болған бишара, мазамды алмай көзіңді жоғалтшы. Сенің бойың шөптен де аласа, шөңгемен тең емессің бе? Кеудеңде жаның бар демесең, кесек құрлы мыжып кетуге жарамайтын сорлы, сен жылдан дәметпей-ақ жайыңа жүрсең қайтеді...» - деп көзін жұмып ыңыраныпты түйе.

Тымық түн төңіректі әлдилеп, дүниені теп-тегіс маужыратқан кез орнапты. Соған соң көгілдір аспанның көздеріндей болып жұлдыздар ойнақшыпты. Сар далада тек қана әлсін-әлсін алыстан шиебөрінің ұлыған үні естіліп тұрған екен. Онан өзге

дыбыс та, онан өзге сыбыс та білінбепті... Айналаны торуылдаған аң біткеннің бәрі күншығысқа қадалған күйі көз ілмей күткен екен...

Міне, таң арайы таңдайланып алыс көкжиекті ақ сүтке шомылдыра бастапты. Түнімен тағатсыз күткен жан-жануар безек қағып берекесі кетеді. Біреуі мойнын созып, бірі секіріп, алғашқы сәулелі алдымен көруге арпалысып жүр. Қу түлкі болса құйрығын бұлғақтатып әр тұстан жылт етіп бой көрсете береді...

- Е-е, осыларды қойшы... Маған не асығыс бар, - деп есінепті түйе.

Кенет оның төбе тұсынан шіңкілдеген үн естіліпті:

- Мен көрдім, мен көрдім. Алтын сәулеге шомылған ақша бұлт көтеріліп келеді.

Бұл - түйенің төбесіне шығып алып бәрінен бұрын жыл басын көрген тышқан еді.

- Үнің қайдан шығып тұр, құмалақтай болған сен бәленің? - деп бұрылыпты түйе.

- Мен сенің төбеңде тұрмын. Бәрі анық, бәрі әдемі көрінеді екен. Алғаш көрген өзіммін, жыл басы да өзіммін, - деп тышқан мәз болып шиқылдапты. Ашулы түйе басын сілкіп қалғанда, байғұс тышқан атқан кесектей ұшып «мен бірінші көрдім» деп айқайлаған күйі алысқа топ ете түскен екен.

Жыл басы тышқаннан басталатыны содан, құлындарым. «Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты» деген мақал осыдан шыққан ғой. Кейде «түйедей бойың болса да, тышқандай ақылың жоқ» деп неге ұрсады дейсің адамдар. Бұл бойыңа сенбе, ойыңа сен, мақтан сөзге ерме, мағыналы тірлікке ер дегені. Сондықтан түйеге ұқсап орынсыз түксие бермендер, шырақтарым. Ақылға жүгініңдер, - деп күліп еді әжем (Б.Момышұлы «Ұшқан ұя»).

Мәтіннің негізгі ойы қандай?

Қазақша жыл қайыру дегеніміз не? Сіздің қазақша жыл санау бойынша жылыңыз қандай? Биыл қандай жыл?



Біле жүріңіз!

Қазақша жыл санау

1	Тышқан	1900	1912	1924	1936	1948	1960	1972	1984	1996	2008	2020	2032	2044	2056	2068	2080	2092
2	Сыыр	1901	1913	1925	1937	1949	1961	1973	1985	1997	2009	2021	2033	2045	2057	2069	2081	2093
3	Барыс	1902	1914	1926	1938	1950	1962	1974	1986	1998	2010	2022	2034	2046	2058	2070	2082	2094
4	Қоян	1903	1915	1927	1939	1951	1963	1975	1987	1999	2011	2023	2035	2047	2059	2071	2083	2095
5	Ұлу	1904	1916	1928	1940	1952	1964	1976	1988	2000	2012	2024	2036	2048	2060	2072	2084	2096
6	Жылан	1905	1917	1929	1941	1953	1965	1977	1989	2001	2013	2025	2037	2049	2061	2073	2085	2097
7	Жылқы	1906	1918	1930	1942	1954	1966	1978	1990	2002	2014	2026	2038	2050	2062	2074	2086	2098
8	Қой	1907	1919	1931	1943	1955	1967	1979	1991	2003	2015	2027	2039	2051	2063	2075	2087	2099
9	Мешін	1908	1920	1932	1944	1956	1968	1980	1992	2004	2016	2028	2040	2052	2064	2076	2088	2100
10	Тауық	1909	1921	1933	1945	1957	1969	1981	1993	2005	2017	2029	2041	2053	2065	2077	2089	2101
11	Ит	1910	1922	1934	1946	1958	1970	1982	1994	2006	2018	2030	2042	2054	2066	2078	2090	2102
12	Доңыз	1911	1923	1935	1947	1959	1971	1983	1995	2007	2019	2031	2043	2055	2067	2079	2091	2103

1. Осы он екі жыл бір айналғанда бір мүшел толады.
2. Бірінші мүшел 13 жас, содан кейін 12 жылдан қосыла береді.
3. Әрбір төрт жыл сайын 366 күндік кісе жыл кіреді, басқаша атауы толық жыл.



Өзіңіздің жылыңызды таңдап алып, сол жыл туралы жинақы мәтін дайындаңыз. Мәтін мазмұнында қамтылуы тиіс:

- сол жылдың қазақ тарихындағы орны;
- сол жылда дүниеге келген тұлғалар;

ТЫҢДАЛЫМ



Мәтінді тыңдаңыз.

Ең әдемі гүл

Баяғы өткен заманда бір қалашықта әлемнің ең сұлу қызы өмір сүріпті. Қыздың сұлулығы соншалық, оны көру үшін өте алыс шаһарлардан, елдерден өте бай, асқан көрікті, асыл текті жігіттер келеді екен. Үйленуге ұсыныс жасағандардың, ханзадалардың, серілердің біреуін де ұнатпапты.

Сол күндері осы маңда тұратын бір жігіт те әлгі қызға ғашық болып қолын сұрапты. Бірақ қыз оның да ұсынысын қабыл етпейді.

Арадан ұзақ жылдар өтеді. Әлгі жігіт басқа қалаға кетіп, жаңа өмір бастап, үйленіп бала-шағалы болады. Күндердің күнінде бұрын өзі тұрған кішігірім қалашыққа жолы түседі. Келе жатып жолда бір танысын кездестіреді. Онымен әңгіме барысында бұрынғы әдемі қыз есіне түсіп, оның жағдайының не болғанын сұрайды. Сонда танысы гүл бақшасы бар үйді көрсетіп, қыздың тұрмысқа шыққанын сол үйде тұрып жатқанын айтады. Жігіт: «Апыр-ай, кезінде ешкімге қарамаған бұл қыздың күйеуі кім болды екен?» деп, таңырқай бастайды.

Бір күні жасырын сығалап жүріп, күйеуінің үйден шығып бара жатқанын көреді. Қыздың күйеуі семіз, басы таз, түрі де өте ұсқынсыз біреу екен. Оның үстіне бай да емес екен. Мұның мәнісін білгісі келген әлгі жігіт күйеуі кеткен соң үйдің есігін қағды. Қыз есікті ашқанда, өзінің кім екенін айтып, не үшін мұндай адамға үйленгенін сұрайды. Қыз оған: «Анау тұрған гүл бағының ішінен ең әдемі гүлді үзіп әкелсең, жауабын айтамын. Бірақ, бір ғана шартым бар.

Әдемі гүлді алу үшін ілгерілей аласың бірақ кері шегінбейсің!» дейді.

Жігіт жүздеген әдемі гүлдердің ішіне кіріп аралай бастайды. Бірден көзіне өте әдемі бір сары гүл түседі. Оны енді алайын деп жатқанда сәл ілгеріде қызыл-ала гүл көзіне түседі. Оған барып қолын соза бергенде одан да ілгеріде өте керемет қызыл гүл шоғын көреді.


Осылай ең әдемі гүлді табамын деп ілгерілеп жүре келе бақшаның соңына да жетеді. Кері шегіне алмаған жігіт амалсыздан сол жерден бір гүлді үзіп, қызға алып барады. Бақшаның ең әдемі гүлін күтіп отырған қыз жапырақтары солыңқы, өңсіз гүлді әкелгенін көреді.

Сонда қыз жігітке бұрылып былай дейді:

(massaget.kz).



1. Қыздың жауабы қалай болды деп ойлайсыз?
2. Ребусты шешіп, мәтіннің мазмұнына қатысы туралы өз ойыңызды айтыңыз.



3. «Жар таңдаудағы уақыт пен талғам» тақырыбында пікірталас ұйымдастырыңыздар.



Біле жүріңіз!

Қан сорғыш терек. Ауғанстанда өзгеше қан соратын терек бар. Оның биіктігі екі метр, жуандығы 10см айналасында ғана. Теректің өн бойы толған түйіршік тектес. Қорқыныштысы жапырағына қол тиіп кетсе болды, дереу жабыстырып алып, қанын сорып, ақжемін шығарады екен. Кезінде Германия, Франция, Италия жабайы өсімдіктерді тексеру бірлескен отряды сол жерге барып, зерттеу жүргізеді. Солардың бірі осы ғажайып теректі көріп, таңдана жапырағын ұстайды. Сол-ақ екен, оның алақаны жапыраққа жабысады да қалады. Қалай бұлқынса да, қолын ажырата алмайды. Жапырақ оның қолын мұжып, қанын сора бастайды. Әріптесінің жанын алып қалу үшін, зерттеушілердің бастығы амалсыздан қолын шауып тастайды. Бұл оқиға өсімдік зерттеушілердің назарын ерекше аударады. Олар әрі қалың, әрі мықты жасалған ерекше қолғап киіп, теректі ұстап, оның сырын шешпек болады. Ойламаған жерден ағаш жапырағы адам қолымен қоса, қолғапты жабыстырып алып, дереу тесіп жібереді. Олар қолғаптан қолдарын зорға шығарып үлгереді. Ал ағаш жапырағына жабысқан қолғаптың лезде дал-дұлы шыққанын көреді. Міне, бұл күні бүгінге дейін құпиясы ашылмаған сырлы ағаш.

Кір кетіргіш ағаш. Жерорта теңізінің оңтүстік жағалауындағы Алжирде таңғажайып, қабығы қызыл, бұтағы жуан, жапырағы қалың ағаш бар. Жергілікті тұрғындар оны «Бодан» деп атайды. Мағынасы «кір кетіру» деген сөз. Тұрғындар кірлеген киімдерін ағашқа орап қойып, бірнеше сағаттан соң, таза сумен шайып жіберсе болғаны, киім тап-таза болып шыға келеді екен. Негізінде бұл ағаштың қабығында сарғыш түсті сұйықтық бөліп шығаратын көптеген ұсақ тесіктер бар болып, ал сұйықтықтың құрамындағы сілті тазартқыш рөлін атқарады.

Адам жейтін ағаш. Индонезияның Ява аралында бір түрлі «Янбай» деп аталатын адам жейтін қорқынышты ағаш бар. Жайшылықта бұл ағаштың бұтақтары шұбалып, жайылып жатады. Ал адам болсын, аң болсын байқамай бұтақтың біріне тиіп кетсе,

ағаш бұтақтары әп-сәтте шырмап алады. Сондай-ақ ағаш бұтақтарынан жабысқақ сұйықтық ағып, шырмалған денені ірітіп жібереді. Соңынан бұтақтарын қайтадан жайып, келесі орайды күтеді екен.

Ауа-райын болжағыш емен. Шымыр емен ағашы қоңыржай белдеуде өседі. Қытайда, Оңтүстік Кореяда, Жапония мен Индияда көптеп кездеседі. Оның жапырағының түсі ауа-райының өзгерісіне қарай құбылып тұратындықтан, «Ауа райынан мәлімет беретін ағаш» деп аталған. Бұл ағаштың ауа-райының өзгерісіне болған сезімталдығы жоғары. Бұл өзгеріс жапырағының құрамындағы хлорофилл мен антоцианин салыстырмасының өзгерісінен қалыптасқан, ұзақ уақытқа жалғасқан қуаңшылықтан соң, жауын таяғандығы тымырсық ыстықта хлорофиллдің қосылысы кедергіге жолығып, антоцианин құрамы артады да, жапырағы қызарса, осы өңірге екі күн ішінде нөсер жауатынын білдіреді. Күн ашыларда жапырақ жасыл түске өзгереді. Егіншілер осыған қарай өз шаруаларына жоспар жасайды екен (massaget.kz).



1. Өз туған жеріңізде немесе тұратын жеріңізде ерекше ағаштар, таулар, табиғат құбылыстары бар ма?

2. Түрлі ақпарат көздерін пайдаланып «Әлемде талай қызық бар...» тақырыбында презентация дайындаңыздар. Презентация мазмұнында қамтылуы тиіс:

- ерекше өсімдіктер мен жануарлар, таулар мен өзендер;
- ерекше болуының себептері;
- орналасқан аймағы;
- халық танымындағы орны.

ЖАЗЫЛЫМ



Берілген ұғымдарға қатысты тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер жазыңыз және мағынасын түсіндіріңіз.

қасқыр	аю	ағаш	түлкі	қой	жылқы	гүл
--------	----	------	-------	-----	-------	-----

22-БӨЛІМ

ҚЫЗЫЛ КІТАП. ҰЛТТЫҚ ҚОРЫҚТАР МЕН ПАРКТЕР

Ой бөлісейік

1. Елімізде экологиялық жағдайды жақсарту үшін қандай шаралар жасалып жатыр?
2. Төмендегі қорықтар мен саябақтардың еліміздің қай аймағында орналасқанын білесіз бе?

*Ақсу-Жабағылы Алматы Наурызым Барсақалмес Қорғалжын Марқакөл
Үстірт Батыс Алтай Алакөл Қаратау Баянауыл Іле Алатауы
Қарқаралы Алтынемел Көкшетау*

3. Табиғатты қорғауға байланысты қандай құжаттар немесе заңдар жинағын білесіз?
4. Қызыл кітаптың түсі неге «қызыл» деп ойлайсыз?

ОҚЫЛЫМ

Берілген мәтіндерді түсініп оқыңыз.

Қызыл кітап

«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» деп табиғаттың тілсіздігі үшін қынжыламыз. Жоқ, табиғаттың да тілі бар. Оны да адамзат қолдан жасады. Ол – Қызыл кітап.

Бізге Қызыл кітаптың неге дәл солай аталғаны қызық болып тұр. Неге дәл қызыл түс?

Халықаралық Табиғатты Қорғау Одағы 1948 жылы кеудесінде жаны бар тіршілікті қорғауды қолға алды. Бір жылдан соң сирек кездесетін түрлерді қорғайтын комиссия құрылды.

Комиссияның қызметі жойылу қаупі бар өсімдіктер мен жануарларды зерттеп, зерделеп, қорғауға алу еді. Және оларды бір кітапқа топтастыру болатын. Комиссия төрағасы Питер Скот адамдардың қып-қызыл түске назар салып, сәл де болса ойлануы үшін тізімді «**Қызыл кітап**» деп атауды ұсынды. Ең алғашқы Қызыл кітап 1963 жылы жарық көрді. Бұл адамзаттың табиғатты қорғау үшін жасаған алғашқы қадамдарының бірі болатын

Қызыл кітаптың ішінде **Қара кітап** та бар, яғни қара тізім. Жер бетінен мүлде құрып, жойылып кеткен тіршілік иелері осы кітапта хатталып қалған.

Қызыл кітап бойынша төмендегі кестені толтырыңыз.

Білемін	Білдім	Білгім келеді



Қазақстанда қорықтарды қорғау

Дүниежүзінің әртүрлі елдерінде құрылған қорықтардың қорғау тәртібі, атқаратын қызметі мен негізгі бағыты әртүрлі. Сондықтан қорғауға алынған жерлерді қорықтар, қорықшалар, резерваттар, ұлттық парктер, табиғат ескерткіштері деп бөледі. Қазір дүниежүзінің 124 елінде 2600-ден артық ірі қорық бар екен. Олардың ішіндегі ең үлкені – Гренландия ұлттық паркі. Оның жер көлемі – 7млн гектар.

Қорық – ерекше қорғауды қажет ететін тұқымы құрып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін табиғи күйінде сақтайтын жер. Мысалы, Барсакелмес қорығы құланды, Қорғалжын қорығы қоқиқазды, Үстірт қорығы дала қойын, Алматы қорығы Тянь-Шань шыршасын сақтап, көбейту мақсатында құрылған.

Көптеген ғалымдардың еңбектерінде VI-VII ғасырларда қазақ жерінде ерекше қорғалатын жерлер болғанын жазады. Мысалы, В.В.Бартольд еңбектерінде «Жер жәннаты – Жетісу» аталған мекенде өмір сүрген үйсін тайпалары шұрайлы, көк шалғынды, бау-бақшалы салқын жерлерді қорыққа айналдырып, ретсіз мал жаймағандығын, мезгілсіз аң ауламағандығын жазған. Бұдан бабаларымыз ерте кезде-ақ келешек ұрпақ үшін туған табиғаттың әсем жерлерін аялай білгенін байқаймыз.

Ал *Ұлттық парктердің* қорықтардан айырмашылығы бар. Ұлттық парктерде өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін әрі бағалы түрін сақтаумен қатар, адамдардың мәдени демалысын ұйымдастыратын, туризммен шұғылдануға мүмкіндік жасайтын орындар бар.

Қазақстанда алғаш рет ұлттық парк Баянауыл таулы орман алқабында ұйымдастырылды. Мұнда 40-қа тарта аңдардың, 50-ден аса құстарың түрлері қорғалады. Олардың көпшілігі «Қызыл кітапқа» енген.

Табиғат ескерткіштері деп сирек, құрып бара жатқан, желдің, судың әрекетінен мүжіліп, бұзылып жатқан ғылыми, тарихи және мәдени жағынан құнды табиғат объектілерін айтады.

Табиғат ескерткіштерін қорғау – бұл жанды табиғатқа тән затты қорғау деген сөз. Табиғат ескерткіштері дүниежүзінің көптеген елдерінде бар. Қазақстанда қазір 24 табиғат ескерткіші бар. Олардың ішіндегі аса маңыздылығына «Жетісу маржаны», «Шың түрген» шыршасы, Павлодардағы «Жыл құстары» табиғат ескерткіштерін жатқызуға болады.

(Қазақ тілі:оқу құралы.)



1. Қорық, ұлттық парк, табиғат ескерткіштерінің өзіндік ерекшеліктерін атаңыз.
2. Дүниежүзіндегі ең үлкен қорық қайсы?
3. В.В.Бартольд қандай деректер келтіреді?
4. Қазақстандағы ұлттық парктер мен табиғат ескерткіштерін атаңыз. Олар туралы қосымша ақпарат табыңыз.
5. Не себепті табиғат объектілері қорғауға алынады деп ойлайсыз?

ТЫҢДАЛЫМ



Өленді мұқият тыңдап, оған түсірілген бейнебаянды көріңіз.
(<https://www.youtube.com/watch?v=ODEC3d6AM-E>)

«Қызыл кітап»

Мылтық көрсем төрлерден іліп қойған,
 Менің мазам кетеді күдікті ойдан.
 Жұртпен бірге мәз болып,
 Ду - ду етіп
 Қайта алмаймын одан соң күліп тойдан.
 Аяймын мен анасыз,
 Атасызды.
 Аяймын мен құлынсыз,
 Ботасызды.
 Хайуанатқа жасаған қиянатың –
 Бауырыңа жасаған опасыздық!
 Біздің сайда болатын мия қалың.
 Ауылдастар ойлайтын ұя қамын.
 Мия сиреп,
 Ұядан құстар безіп,
 Біреу үшін мен енді ұяламын.
 Ұяламын қарауға қарлығашқа.
 Шиқылдайсың, балапан, қарның аш па?!
 Жалтандайсың әр Болат,
 Әр Қайратқа,
 Жауғандайсың әр Баян,
 Әр Күлашқа.
 Тәрбиең де жақсы еді,
 Тәлімің де...
 Аян бірақ өмірдің мәні кімге?!
 Торғай аттың бір кезде,
 Соның үшін
 Ұяламын, бауырым, әлі күнге.
 Ұяламын қарауға қоңыр қазға.
 Толып - ақ тұр бүгінде өмір назға.
 Балапаны шұбыртқан қасқалдақтың
 Оқтан көрген қорлығы,
 Зәбірі аз ба?!
 Ұяламын қарауға шүрегейге.
 Құстың бірі туған да,
 Бірі өгей ме?!
 Бүгін кептер атқандар
 Ертең ердің
 Кеудесіне тапанша тірмей ме?!

Мына қыры қазақтың,
 Ана қыры
 Қызыл қырман бүгінде,
 Қала бірі.
 Қайда кетті,
 Кім маған айтады енді
 Атыраудың құланы –
 Онагры?!
 Жер айтады осылай,
 Күн айтады,
 Күн айтады,
 Көңілді мұңайтады.
 Ақтөбеде бір кезде піл болғанын
 Кім біледі бүгінде?
 Бүгінде кім айтады?!
 Айла көп - ті адамда,
 Айла көп - ті.
 Айласына талайды айғақ етті.
 Қылыш тісті жолбарыс –
 Жерлес біздің
 Айтыңдаршы, ағайын,
 Қайда кетті?!
 Іздеймін мен әр бұта,
 Әр талымды.
 Момынымды,
 Тентегім,
 Арқалымды.
 Кім қайырып береді кваганы?
 Кім қайырып береді тарпаңымды?!
 Жарқырап - ақ тұрғанда көктем нұры,
 Қасірет пен қайғының жеткен бірі.
 Хайуанаттар ғана ма зәбір көрген,
 Хайуанаттар ғана ма кеткен құрып?!
 Одан көріп,
 Ақыры бұдан көріп,
 Таласқаннан не таппақ құлан, керік?!
 Жоғалтқанды жоқтаған жөн болғанмен,
 Жоғалтпаған жақсырақ одан гөрі.
 (Қадыр Мырза Әлі)

Өлеңнің мазмұны мен идеясын «ПОПС» формуласы арқылы талдаңыз.

Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ...»

Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ...»

Үшінші сөйлем «Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын ...»

Төртінші сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім ...»





Ақын жоқтаған жануарлар туралы әңгімелеңіз.

Біле жүріңіз!



Бір қызығы, Қызыл кітапқа енген алғашқы жануар – қасқыр. Бұл жарлық Германияда қабылданды. Қасекең тәкаппар, кербез һәм дербестікті сүйеді. Қасқыр – ең алдымен, көзсіз батырлықтың символы. Кез келген айқаста қасқыр не жеңгенше, не өлгенше алысады. Қасқыр өлексе жемейді. Өз бойын, ағзасын таза ұстайды. Қасқырдың бөрісі үйір ішінде темір тәртіп орнатаын, өзіне тиесілі аймақты жан-тәнімен қорғайтын, қол астындағы шабуылдаушысы бар жауынгерлерді бір мақсатқа жұмылдыра білеін, бөлтіріктер мен әртүрлі шаруаға міндетті ірілі-ұсақ қасқырларды әділ басқаратын Қаған.

Сондықтан біздің текті бабаларымыз қасқыр табиғатын жақсы білгендіктен, өз тайпаларындағы өмірді бөрінің басқару стиліне ұқсастырып отыруға тырысқан деп ойласақ қателеспейміз. Тағы бір штрих. Қасқыр ешқашан үрмейді. Ол тек ұлиды. Ал оның ұлуы нені білдіретінін ғылым сан саққа жориды.

(Қазақ тілі:оқу құралы)

ЖАЗЫЛЫМ

Төмендегі кестені толтырыңыз.

Көрінісі	Қорықтың атауы	Құрылған жылы	Орналасқан жері	Ерекшелігі
	<u>Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы</u>			
	<u>Алматы мемлекеттік табиғи қорығы</u>			
	<u>Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы</u>			

	<u>Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы</u>			
	<u>Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы</u>			
	<u>Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы</u>			
	<u>Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы</u>			
	<u>Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы</u>			
	<u>Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы</u>			



Қаратау
мемлекеттік
табиғи
қорығы

СӨЙЛЕСІМ

Мына сөйлемдерді өз ойыңызбен аяқтаңыз.

- Кең байтақ даланы көргенімде
- Бұршік атқан талдарды көргенімде
- Жаңа шыққан көк шөпті көргенімде
- Жайнаған гүлдерді көргенімде
- Жануарды көздеген аңшыны көргенімде
- Бұтағы сынған ағашты көргенімде
- Суы тартылған теңізді көргенімде



Топтық жұмыс

1- Табиғатты қорғау жөніндегі маман болсаңыздар Қазақстанның тағы қандай жерлерін қорғауға алар едіңіз? Ойыңызды дәлелдеу үшін сол жер туралы портфолио әзірлеңіздер.

2- «Табиғат бізге не үйретеді?» тақырыбында төмендегі мәтін мазмұны төңірегінде пікір алмасыңыз. Қорытындылау мақсатында постер әзірлеңіздер.

Адам мен табиғат егіз

Адам мен табиғат егіз. Табиғаттың адамға берері мол. Тек соны түсіне білуің керек. Өзге адамдардан жақсы қасиеттерді үйренгеніңіз сияқты, табиғаттан да үйренуіңізге болады.

Топырақтан үлгі алыңыз. Неге десеңіз, ол өте кішіпейіл және ол – бүкіл тіршілік атаулының қайнар бұлағы. Құлпырған гүл де, жайқалған орман да топырақтан өсіп шығады. Бірақ мынаны ұмытпаңыз: топыраққа не ексеңіз, сол шығады. Қалай баптасаңыз, солай өседі.

Болсаңыз таудай болыңыз. Ең бірінші, таудан сабырлықты үйреніңіз. Тау орнынан тапжылмай тұрғанмен, оның іші қазынаға толы. Бүкіл байлық содан табылады. Сыртыңыз бүтін болып, ішіңіз қуыс болмасын. Жердің тепе-теңдігін сақтап тұрған – таулар. Сіз де адамзаттың тыныштығын сақтаңыз. Басында мәңгілік қар жататын таулар, бір жақтан, өмірден көргені мен түйгені мол, шашына ақ түскен кемеңгер қарияларға ұқсайды. Көргеніңіз бен білгеніңіз көп болса да, асып-таспаңыз. Сабыр етіңіз. Әлемдегі ауаны тазартатын да таулар. Сіз де адамзатты жаман қасиеттерден тазартыңыз. Оларға ақ жүрегіңізді, мөлдір махаббатыңызды сыйлаңыз. Бүкіл қайнар бұлақ таудан бастау алады. Сіз де бүкіл адамгершілік қасиеттердің қайнар бұлағы бо-

лыңыз! Мейірімге мұқтаж адамдарға қамқор болыңыз. Ұйытқып соққан желге тосқауыл болатын да таулар. Сіз де асып-тасқандарға, зұлымдыққа тосқауыл болыңыз. Ығыңызға келгендерге пана болыңыз, көмектесіңіз. Тау сияқты сырға бері болыңыз. Ешкімнің сырын паш етпеңіз.

Жаңбырдай мұқтаждарға жәрдем етіңіз. Құмырсқадай тынбай еңбек етіңіз. Бал арасындай адамдарға тәтті тіліңізбен бал сыйлаңыз аққулардай сүйген адамыңызға адал болыңыз.

Ең маңыздысы, табиғаттан жомарттықты үйреніңіз. Табиғаттың адамға берген пайдасы шексіз. Бірақ сонысына ақы талап еткенін көрдіңіз бе? Кісіге жақсылық жасаңыз, бірақ ол жақсылығыңызды ешкімге міндет етпеңіз! Адам болыңыз! Адал болыңыз!

(Қазақ тілі. Алматы: ШЫҢ-КІТАП, 2009. – 91-б.)

23-БӨЛІМ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ. ҰЛТТЫҚ ЭКОМӘДЕНИЕТ



Ой бөлісейік

1. Төмендегі тірек сөздерге назар аударыңыз. Олардың әрбірін өмірмен байланыстырып түсіндіріп көріңіз.

экологиялық апат, таза ауа, қоршаған ортаға кері әсерін тигізу, ауаның ластануы, денсаулығы мықты ұрпақ, сенбілікке шығу, химиялық қалдық, күл-қоқыс, қоқысты қайта өңдеу, улы газдар, ағаш отырғызу

2. Экологиялық мәдениет ұғымын қалай түсінесіз?

3. Қоқысты үнемі қоқыс жәшігіне тастайсыз ба? Жолға қоқыс тастаған адамға ескерту жасап көрдіңіз бе? Суреттерде берілген қоршаған ортаға байланысты шартты тыйымдарды білесіз бе?



4. Өзіңіз тұратын ауланы тазалау жұмыстарына шығасыз ба? Шықсаңыз қандай сезіммен шығасыз?

5. Қазақ танымындағы ұлттық экомәдениетті қалыптастыратын «Бір тал кессең, он тал ек!», аққуды атпа, көкті жұлма, суға түкірме, құмырсқаның илеуін бұзба, құстың ұясын бұзба сияқты сөздерінің мәнісін ашыңыз.

ОҚЫЛЫМ



Мәтінді түсініп оқыңыз.

Пекинде көшеде түкіру, ұсақ—түйек қоқыс үшін 6 доллар айыппұл немесе әкімшілік жаза алуға тура келеді. Олар басқа адамдардың көзінше түкіруді жұртшылықты құрметтеушілік деп санайды, сондықтан Қытай астанасының басшылығы 2006 жылдың көктемінен бастап көшеде түкіру проблемасын шешумен айналыса бастады.

Сингапурде сағыз шайнамақ түгілі, оны сақтауға, бір-біріне таратуға болмайды. Ол есірткімен теңестірілген, сол себепті бұл үшін үлкен айыппұл – 1000 доллар салынады. Тасталған қоқыс үшін 500-ден 1000 долларға дейін, далада тамақтану – 1000 доллар, түкіру – 1000 доллар айыппұл салынады.

Малайзияда асфальтқа тасталған сағыз үшін 1 ай қоғамдық жұмыс немесе 500 доллар көлемінде айыппұл салынады. Тайландта болса, осы әрекет үшін 600 доллар, ал Голландияның Гаага қаласында – 95 евро, Ұлыбританияда – 90 евро төленеді.

Прагада тиісті емес жерде сағыз бен басқа қоқыс тасталса 2 доллар көлемінде айыппұл салынады. Араб елдері де тазалық үшін күреседі, сондықтан әбу-Дабиде (БАӘ) көшеде тасталған сағыз үшін – 137 доллар, көшеде түкіру үшін – 27 доллар айыппұл төленеді.

Итальяндық зерттеушілердің есептеуінше, күнделікті Римде сәулет және өнер ескерткіштері аумағына келушілер 15 мың сағыз тастайды екен. Оларды тазалау үшін жыл сайын 5,5 млн евро бөлінеді, сондықтан қала әкімшілігі сағызды арнайы қоқыс салатын сауытқа салмайтындармен күрес жүргізуге шешім қабылдады. тәртіп бұзушылық орнында ұсталғандар 50 евро көлемінде айыппұл төлейді, я болмаса тиісті әкімшілік жауапқа тартылады.

Британ билігі жыл сайын қала көшелерін сағыздан тазалау үшін 1 млрд доллар жұмсайды. Айтпақшы, бұл сома елдегі сатылатын барлық сағыздар құнынан екі есе көп.

2009 жылдың басында Бельгияның француз тілді аймағы – Валлонияда қоршаған ортаны ластағандары үшін қатаң айыппұл жүйесі іске қосылды. Жерге тасталған темекі тұқылы, қаңылтыр банка, сағыз және қағаз үшін айыппұл сомасы 50 евроны құрады. Егер қоғамдық орында пластик бөтелке, қоқыс толған пакет жатса, айыппұл 150 евроға дейін өседі. Жыл сайын валлондық көшелерден 6 мың тонна қоқыс алынады, сол себепті аумақты тазалау, қоқыстарды шығару үшін аймақтық және коммуналдық басшылықтарға жалпы алғанда 100 млн евро жұмсалады.

(Қазақ тілі. Ортадан жоғары деңгей)

1. Төмендегі ақшалай көрсеткіштер нені білдіретінін және қай елдерге тиесілі екенін табыңыз.

Нені білдіреді

Қай елге тиесілі

1 млрд доллар
100 млн евро
5,5 млн евро
90 евро
100 доллар
50 евро
6 доллар

2. Қазақстанда қоршаған ортаны ластауға байланысты неге тыйым салынғанын, неге тыйым салынбағанын білесіз бе? Білмесеңіздер, ғаламтордан іздеп, естеріңізде сақтап алыңыздар.

ТЫҢДАЛЫМ

Өлеңді мұқият тыңдаңыздар.

Арал

Ей, табиғат – құпия, арман-ғалам!
Құпияна сан ғасыр таңданды адам,
Шағалалы шалқары жанды арбаған,

Татқан тайдай балығын тарлан бабам,
 Жағалауын тербеткен самал майда,
 Аппақ айдын баяғы Арал қайда?!
 Арал қайда?
 Тағдыры жұтпа сордың
 Жылымына шым батқан адамдай ма?
 Тасқын қайда жататын жасқанып маң,
 Жал толқынның түрінен тас жабыққан?
 Жағалауда ызың-шу, қиқу өмір,
 Жылжи алмай қайықтар жас балықтан.
 Балықшылар ер тұлға,
 Бейне судың астындағы келгендей патшалықтан ...
 Көзден ұшып баяғы самал, бақ та,
 Ақ бөкендер қаталап қарар қаққа,
 Қамыс сиреп, қабандар қаза тапты,
 Құсқа да енді қоныс жоқ Арал жақта.
 Ақылы сорына айналған ғасырда
 Тек бұл қасірет келмегей адамзатқа!
 (Ф.Оңғарсынова «Толық шығармалар жинағы, I-том»)



Өлеңді мәтінге айналдырыңыздар. Өзектілігіне назар аударыңыздар.

«Ашық микрофон» ойыны арқылы Арал тағдырына қатысты өз ойларыңызды білдіріңіздер.

Біле жүріңіз!



- Қоқыс түрлерінің табиғатта шіру мерзімдері:
 - o Қағаз – 1 ай
 - o Жүннен жасалған бұйымдар – 1 жыл
 - o Ағаш бұйымдары – 4 жыл
 - o Бір рет пайдалануға арналған қағаз ыдыс – 5 жыл
 - o Сырланған тақтай – 13 жыл
 - o Қаңылтыр құты – 100 жыл
 - o Пластик құты – 500 жыл
 - o Шыны шөлмек – ешқашан

– Жыл сайын әлемдегі әрбір қала тұрғыны 250-300 келі қатты тұрмыстық қалдықтар «өндіреді» екен. Енді осы санды жер бетін мекендейтін 7 миллиард адамға көбейтіп көріңіз. Қайран жер, қалай шыдап тұр десеңізші!

– Сарапшылар дерегі бойынша жыл сайын елімізде 700 миллион тонна өнеркәсіптік қоқыс пен қалдықтар жиналатын болса, оның 250 миллионы денсаулыққа қауіпті улы заттар көрінеді.

– Қазақстандағы тұрмыстық қалдық пен күл-қоқыстың 97 пайызы далаға төгіледі. Тек 3 пайызы ғана өртеледі. Ал Германияда қоқыстың 30 пайызы, Жапонияда 30 пайызы, АҚШ-та 27 пайызы, Швейцарияда 25 пайызы қайта өңделеді.

(Қазақ тілі. Ортадан жоғары деңгей)

СӨЙЛЕСІМ

«Табиғат және аманат» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырыңыз. Оған қатысушылардың қорғайтын өз тақырыптары болуы керек. Сондай-ақ, қорғау кезінде бір-біріңізге сұрақ қоюды да ұмытпаңыздар.

ЖАЗЫЛЫМ

Сіз қала сыртындағы демалыс орындарының бірінің қызметкерісіз. Сізге демалушыларға өздерінен кейін қалдырған тамақ және басқа да қалдықтарды жинап кету немесе оларды қоқыс жәшігіне лақтыру, жалпы табиғатты аялау туралы ескерту хабарламасын жазу тапсырылды. Ол хабарландыруды қалай жазар едіңіз? Хабарландыруыңыз әсерлі болуы үшін табиғат туралы мақал-мәтел мен қанатты сөздер қолдануыңызға болады.

Топтық жұмыс



1- Қазақстан картасынан әр топ бір-бір қаладан бөліп алып, сол қаланың экологиялық жағдайы туралы ақпарат жинап, басқаларымен бөліссін.



24-БӨЛІМ

ҰЛТТЫҚ КИІМ. ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕР. СӘН ӘЛЕМІ. ДИЗАЙН.

Ой бөлісейік

Ақпараттық технология дамыған ғасырда сәннің де, киімнің де алуан түрлері қалыптасқаны белгілі, осы орайда қазақ халқының ұлттық киімдерінің қажеттілігі бар ма?

- Сән дегеніміз не? Ерекше киіну үлгілері туралы не айтасыз?
- Қазақ халқының қандай ұлттық киімдерін білесіз?
- Қазақ ұлттық киімдерінің негізгі ерекшеліктері қандай?
- Қандай ою-өрнек түрлерін білесіз?

ОҚЫЛЫМ

Кестемен танысыңыз.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАС КИІМДЕРІ

Ер адамдар бас киімі:
тымақ, бөрік, тақия, құлақшын, т.б.

Әйел адамдар бас киімі:
сәукеле, жаулық, бөрік, кимешек, т.б.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СЫРТ КИІМДЕРІ


Шапан, жарғақ шалбар, күпі, шекпен, т.б.

Камзол, қос етек көйлек, т.б.

ҰЛТТЫҚ ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАРЫ

Шашбау, шолпы

Жүзік, білезік, өңіржпек, т.б.



3. Бір ұлттық киім түрін алып, жарнама жасаңыз.

ОҚЫЛЫМ

Мәтінді мұқият оқыңыз.

«Жеті жастан жинасаң, жетеді, алты жастан жинасаң, асады» дейтін қазақ қыздың жасауы мен ұзатылардағы киім-кешегіне үлкен мән беріп, ерте бастан қамданған. Әсіресе қалыңмалдың құнын орап әкететін сәукеленің өзіндік мән-мағынасына бей-жай қарамайтын қазақ әдейілеп білікті шебер таңдап, қолақысын беріп, бір әулеттің дәулетін көрсетер сәукелені айлап-жылдап тіктірген. Қыз әкесі бай болса, бір сәукеле үшін қырық қысырақтың құнын беріп те жасататын болған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Кіші жүздің Байсақал атты бай қызының сәукелесін Кенесары ханның ағасы Саржан төре 500 байталға бағалаған» деген дерегі де бар. Осыдан-ақ бұрынғы заманда сәукеле байлық пен мырзалықтың дәрежесін әйгілейтін, ұзатылар қыздың әлеуметтік жағдайын білдіретін көріністің айғағы болғанын аңғара аламыз. Сәукеле неғұрлым биік болған сайын, ондағы әшекей бағалы тастардың да қатары артып, қымбаттай түсері анық. Бұрын әдемі тігілген сәукелеге қалың малдан бөлек төлем төленген екен.



Ертеде сәукеленің биіктігі – 50-70 сантиметрге дейін баратын. Тарих беттеріне көз жүгіртсек, Бөкей Ордасы аймағындағы сәукеленің биіктігі бір кез болатын деген мәліметті кездестіреміз. Демек, бай-бағланның тіктірген сәукелесі 70 сантиметрден де асқан.

«Сәукеле» сөзі «сау келеді» дегеннен шыққан екен. Жоғарыда сәукеленің қалай жасалатынын және оның құны қандай қомақты болатынын айтып өттік. Ендеше ұзатылар қыздың әлеуметтік жағдайынан хабар беріп, бір әулеттің дәулетін көрсетер сәукеледен дәмелілер де аз болмаған. Қалыңмалдың құнын орап әкететін бұл «байлықты» қолға түсіру үшін ұры-қары, қарақшылар жол торып, келін әкеле жатқан топқа тосыннан шабуыл жасайтын. Тек сәукеле емес, қыздың жасауына да қол салып, кейде кісі өлімі де болған деседі. Күйеу, хәм қалыңдық тобының адамдарын шығындап, кейде бәрін қырып кететін кездер де болған екен. Сондықтан келін түсіріп отырған ауылдың балалары осынау күйеу-келін тобын қозыкөш жерден таймен күтіп алып, адамдардың, сәукеленің амандығын көріп, «сау келеді, сау келеді» десіп, сүйіншілеп, ауылға хабар беретін болған. Міне, содан сәукеле атауы шыққан деседі.

1. Ақпарат көздерін пайдаланып, кестедегі ұлттық киім атауларына түсініктеме беріңіз.

2. Ұлттық киім атауларын өз тобына сәйкес сандығына салыңыз.



Сәукеле – тек сәндік үшін киілетін бас киім емес, бұлғақтап өскен оң жақтағы өмір мен ақ босаға аттар арасындағы қимас та, қызықты сәттің ескерткіші, жаңа өмірге жасалар қадам.

Өмірінде бір-ақ рет киілетін сәукеленің әйел заты үшін киімдері ішіндегі ең асылы ғана емес, оның жұбайлық өміріндегі елеулі кезінің естен кетпес ыстық сәті екені түсінікті. Сондықтан қалыңдыққа сәукеле кигізудің орны бөлек. Ол – ерекше бір салтанат. Бұған құда-құдағилар шақырылады. Шашу шашылады. Ақ бата арналады. Сәукелелі келіншек ажарлы да, базарлы көрінеді. Оны жұрттың бәрі көруге ынтық. Оның көрімдігі де соған лайық болу керек. Сәукеле байғазысының бағасы да олқы болмайды.



1. Мәтінге ат қойып, жоспар құрыңыз.

2. Қазіргі ұзату тойындағы қалыңдық сәукеле кие ме? Сәукеле өз маңызын жойды ма?

3. Жас ерекшелігіне сәйкес әйел киімінің атауын тауып, сөйлемді толықтырыңыз.

Керекті сөздер: сәукеле, кимешек, орамал, үкілі тақия, кәмшат бөрік, қызыл шыт.

- Жас қыздар бүрмелі етекте көйлек, бастарына киеді.
- Бойжеткен қыздар киеді, сәндеп өрнектеген тартады.
- Ұзатылатын қыз киіп, күнделікті өмірде бастарына салады.
- Бір әулеттің анасы болған қарттық шақта қазақ әйелдері киеді.

Біле жүріңіз!



Тымаққа салу – қазақ халқының ұлттық әдет – ғұрпы болып табылады. Ел арасында «шала туып тымаққа салып өсірген» деген сөздер жиі естіледі. Халықта әдетте шала туған сәбиді осылай өсіретін ғұрып бар. Оның себебі шала туған ұстауға, бесікке салуға келмейді, тымақ жылы әрі бөлеуге ыңғайлы болады. Және сәбидің неше күні кем болса, сонша күн керегенің әр басына ілініп қойылатындықтан күн кереге басы арқылы есептеледі. Мысалы: 40 күн кем болса, керегенің қырқыншы басынан кейін бала тымақтан алынып, әдетте жаңа туған рәсімі жасала бастайды. Айталық, ат қою, бесікке салу т.б. (Егер бала қыста туса, онда үй қабырғасына бірнеше шеге қағылып ілінеді).


ТЫҢДАЛЫМ




https://www.youtube.com/watch?v=FogsVb_gnw сілтемесі арқылы бейнежазбан көріп, менталды карта жасаңыз.



1. Ою-өрнек түрлерін атаңыз.



2. Сызбаны толықтырыңыз.



ЖАЗЫЛЫМ

Өлеңді мұқият оқыңыз.

Түрін - ай текеметтің! Асыл қандай?
 Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай.
 “Келе ғой, қошақаным, өзіме!” - деп,
 Әжем кеп сипағандай шашыма жай.
 Күйімді кешсеңдер - ау сол беттегі.
 Тұрғандай ана – көңіл тербеп мені.
 Жан бітіп жайраңдады жан - жағымнан,
 Қазақтың қошқармүйіз өрнектері.
 Аңсаумен күнім өтті қанша менің,
 Желбауда, басқұрда ма аңсау емім.
 Әжемнің көзіндей бұл оюларды,
 Таба алмай дала кезіп шаршап едім.
 Елестеп көз алдымда сән шақтарым,
 Келгендей құлағыма аңсатқан үн.
 Түрінен текеметтің көріп тұрмын,
 Әжемнің тарамысты саусақтарын...


(Ф.Оңғарсынова)

Өлең жолдарынан ұлттық тұрмыстық бұйымдар мен ою атауларын теріп жазып, сипаттама беріңіздер.



Ертегіні оқыңыз.

Ерте-ерте-ертеде бір әділ хан болыпты. Соның жарлығы бойынша қол астындағы елдің ою, өрнек, кесте, бастырма, тоқыма, оймыш, бәдіз, тігін, құйма өнерлерін меңгергені сонша, үйлерінің іші-сырты, киім-кешектері, жиһаздары мен бұйымдары, құрал-саймандары, қару-жарақтары түгелдей оюланған әрі өрнектелген әсем де көрікті екен. Және олар бір-бірімен ою тілінде де сөйлесе алатын болыпты. Сол себептен бұл ел басқарушысы – Ою хан аталып кетіпті. Жылдардың бір жылында бөтен елдің ханы соғыс ашып, Ою ханды орнынан алып, билікті өзі жүргізеді. Ол ескі салт, көне дәстүр, бұрынғы әдеп, ежелгі өнер, бұған дейінгі мәдениет белгілерінің бәрін жойып, жаңаша құрмақ болыпты. – Уа, хан-ием! Мына райыңыздан қайтыңыз, теріс жолмен кетіп бара жатырсыз, – деп жөн айтқанның бәрін, айтпақ болғанның да, тіпті ондай адамдармен сыбайлас екен дегендердің де көзін жоя беріпті. Сондықтан да оны халық Жою хан деп атапты. Бір күні Жою ханның жалғыз ұлы аңға шығады. Жолындағы аң атаулыны түгел қырып, еті мен терісіне қарық болмақ ниетпен ойына алғанын істеп келе жатқанда, бір үкі мұның бетіне шапшиды. Бала жанталаса ажыратып үлгергенше, үкі оның екі көзін ойып жібереді. Ешнәрсе көре алмай келе жатып, бір жардың басынан құлап, көлге батып өледі. Бұл кезде Жою хан баласына іздеу салып жатқан еді. – “Кімде – кім баламның өлімін естіртер болса, соның басын аламын” – деп жарлық берген соң ешкімнің батылы бармайды. Мұны естіген Ою хан




баланы іздеуге өзінің баратынын хабарлайды. Ою хан жолында кезіккен жаралы аң-құстың бәрін емдейді. Ең соңында қанаты сынған үкіні дәрілеп: – Жою ханның баласын көрдің бе? – деп сұрайды. – Жою хан баласы жолында кезіккен сұртышқанды, арқарды, бұғыны, қодасты, жолбарысты жаралап, балықты құрғаққа тастап, бәрін қайта ай налып келіп сойып алмақ болғанда, мен оның екі көзін шығардым. Өйткені ол жаралағанның бәрі Ою хан еккен орманның ең соңғы аңдары еді. Хан баласы қазір көл түбінде өліп жатыр, – дейді үкі. Болған жайдың шындығына көзі жеткен Ою хан үйіне оралып, оқиғаның желісін сырмақ бетіне түсіреді де, әлгі сырмақты Жою ханның алдына жайып тастайды... Жою хан сырмақтың оюына қарап ойланып ұзақ отырып, ондағы оқиғаны іштей былай тарқатады:

- “Балам биік-биік тауларды асып,




терең-терең суларды өтіп,



қалың орманды аралап,



Күндіз де, түнде де талмай жүрген екен




Жүрген жолында ол ұшқан құстармен беттесіпті,



бұғымен де кездесіпті,




Тау тағысы арқар да жолығыпты.



Алдынан қодас шыққан көрінеді.



Жорғалаған тышқандар да қарсы келгенге ұқсайды.



Сорлы балам жолбарыспен де арпалысыпты...



Балықа да ұшырасыпты...



Айдын көлге де түсіпті...



Қайран ұлым, алып күштің иесі екендігінді аңдарға көрсеткенше, ел ішіндегі дұшпандарыңа неге көрсетпедің?! Тірімісің, өлімісің? Тоқта, мына ою не деп тұр? Балаң екіге бөлінді – жаны рухқа, тәні әруаққа айналды деп тұр ма?...” Кенет Жою хан орнынан атып тұрып: – О, жалған! Менің жалғыз ұлымның шынымен өлгені ме? Өлтірем!!! – деп қылышын суырып алып, Ою ханға төнеді. Сонда Ою хан: – Дат, тақсыр! Сенің: “Кім де кім баламның өлімін естіртсе, соның басын аламын деген жарлығың бар емес пе еді, ” – дейді. – Иә, бар! – дейді қаһарлы хан. – Ендеше, балаңның өлгенін мен де, мына халық та сенің өз аузыңнан естіп тұрмыз, “Ханның екі айтқаны – өлгені”. Алынса, сенің басың алынуы керек, – дейді Ою хан саспай. Бүкіл халық оны қолпаштай жөнеледі. Сөйтіп, Жою ханның өз жарлығы өзінің басын алуға себепкер болыпты.

1. Ертегідегі Ою хан мен Жою ханның әрекеттеріне баға беріңіздер.

2. Ою-өрнек түрлерін пайдаланып, ертегі жазыңыздар.



ЖАЗЫЛЫМ

Мәтінді оқып, бос орындарды қажетті сөзбен толықтырыңыздар.

Қажетті сөздер: сән, спорттық стиль, фольклорлық стиль (этникалық), классикалық (қатаң, іскерлік, элегантты) стиль, стиль, романтикалық стиль.

Сән (латынша – Modus) – өлшем, тәсіл іс-қимыл бейнесі. Сән әлеуметтік құбылыс. Киім бірінші қажетті оны өндірумен өнеркәсіптің әртүрлі салалары айналысады.

_____ – экономикалық құбылыс. Адам қоғамның дамуына және жаңа тарихи қоғамдастықтар пайда болуына байланысты адам киімі де түбірімен өзгеріп отырады. Қазіргі сәнді демократияшыл десек те болады. Ол таңдау идеясы мен еркіндігімен, яғни әр түрлі стильдермен, пішіндерімен, үлгілерімен, алуан түрлі реңділігімен ерекшеленеді.

_____ (латын сөзі) – мәнер, сипат ерекшелік. Сол дәуірдің мәдениетін сұлулық туралы түсінігін, қоршаған ортаға қарым – қатынасын көрсететін тұрақты анық ерекшелеген дәуір тілі.

Киімде бірнеше – классикалық, романтикалық, спорттық, фольклорлық (этникалық) стильдер болады.

_____ – келісті, іскерлі, элегантты, өзгермейтін стиль.

_____ – бұл «қиял», «еске алу», «ізденістер» саласы, тарихи костюмге меңзейді және оның пішімін, сәндік әрлеуін алып пайдаланады. Киімде әйелдік қасиеттерді бейнелейтін бөлшектерді, жиектерді пайдаланады.

_____ – (спорт үшін міндетті емес) қозғалысқа, түрлі жұмысқа ыңғайлы (демалыс, спортпен жаттығу, саяхат үшін ыңғайлы киімдер).

_____ – ұлттық сипаттағы осы заманғы киімдер. Бұл сипаттағы киімдер сәнділігімен ерекшеленеді. Онда ұлттық құрастырмалы ою-өрнек, кестелер, қол жұмысының көптеген элементтері кеңінен пайдаланады. Бұл стильге жататын киім түрлі халықтың және дәуірдің ұлттық рухы бейнелейді.

Сөйлемді ретімен орналастырыңыздар.

1. эстетикалық\ қазақтың \ақыл-ойы \ұлттық киімдері\ халқымыздың\ биік\ мен\ жемісі\ талғамының.

2. ежелден\ қадір тұтқан\ шапанды\ қазақ халқы\ бөрікті\ камзолды\ тақия \ мен \айрықша\ киім\ киелі \санап.

3. тастамаған\ел басқарған\ сұлтандар\ хандар \мен\ қалыптың\ ұлтымыздың\ белгісіндей\ айрықша\ болған \әсте \шапанды иықтарынан.

Мақалдың сыңарын табыңыз.

Киім жағасымен	өз басыңа күтім болғаны.
Адам көркі	ақылына қарап шығарып салады.
Киімнің бүтін болса	жарасады.
Киім пішсең кең піш	киім болмайды.
Киіміне қарап қарсы алады	шүберек.
Қаңтарда қалпақ	тарылтуың оңай

25-БӨЛІМ

СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС ӨНЕРІ. КӨНЕ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЕСКЕРТКІШТЕР

Ой бөлісейік

ОҚЫЛЫМ

Мәтінді түсініп оқыңыз.

Қазақстанның жеті кереметі

Әрбір халық өз жерінде пайда болған адамзат мәдениетінің асыл да бағалы құндылықтарына жататын ескерткіштерді түгендеп, ардақтауы тиіс. Жоғарыда аталған кереметтерден еш кем түспейтін қазақ жерінің де жеті кереметі бар. Олар: Таңбалы тас суреттері, домбыра, киіз үй, «Алтын адам», Маңғыстау жер асты мешіттері, Қожа Ахмет Иасауи кесенесі, Астана-Бәйтерек кешені.



Енді осыларға қысқаша тоқталып өтсек.

Таңбалы тас суреттері – дәуірінен бастап орта ғасырға дейінгі аралықта қазақ жерін мекендеген қауымдардың барша таным-түсінігінен хабар беретін аса көрнекті археологиялық ескерткіш. Бұл адамзаттың рухани мәдениетін, анық дүниетанымын білдіретін аса маңызды деректер жиынтығы саналады.


Алтын адам – әлемге әйгілі сақ тайпалары өмір сүрген кезең мен олардың әдет-ғұрыптары, мәдениетін көрсететін тарихи мұра. Есік қорғанынан табылған олжа бүгінде әлемге әйгілі. Алматыдағы Тәуелсіздік монументіне де негіз болып отыр. Осы күнге дейін сақталып келген Алтын адам да қазақтың жеті кереметіне енді.

Домбыра – «нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» бекер айтылмаса керек. Қазақ өнеріндегі асыл мұраларымыздың бірі және бірегейі. Домбыра - көшпелі елдің көнекөз шежіресі, көпті көрген қарияның көкірек күйі. Ол халықтың тарихи тағдырымен тамырлас. Тарихтың хатқа түспеген талай беттерін паш етіп, халқымыздың тарихнамасына айналады.

Киіз үй – қазақ тарихындағы ең бірінші сәулеттік құрылыс.

Маңғыстау жер асты мешіттері – Оңтүстік Үстірттің Маңғыстау ойысына тірелген тұмсығының үзіліп қалған Оғыланды шоқысына қашалған тарихи-сәулет ескерткіші.

Қожа Ахмет Иасауи кесенесі – Түркістан қаласында орналасқан шығыс халықтарының тамаша сәулет өнері жұлдыздарының бірі. Жылда 100-150 мыңнан астам адам келіп тамашалайды.



ды мұнда сұлулық пен ұлылықтың тылсым сырын білуге деген құштарлық сезімдері жетелейді.

Астана-Бәйтерек кешені – Есіл өзенінің жағасындағы Қазақстанның астанасы Астана қаласында орналасқан заманауи монумент.

1. Қазақстанның жеті кереметінің қатарына сіз тағы нені қосар едіңіз?
2. Қазақстанның жеті кереметінің ішіндегі сәулет ескерткіштеріне сипаттама беріңіз.
3. «Туған жерімнің жеті кереметі» тақырыбында презентация дайындаңыз.
4. Мәтінді басшылыққа ала отырып, кестені толтырыңыз.

Нысан (жеті кереметтің бірі)

Ерекшелігі

Таңбалы тас суреттері

Домбыра

Киіз үй

Қожа Ахмет Иасауи кесенесі

Алтын адам

Маңғыстау жер асты мешіттері

Бәйтерек кешені


ТЫҢДАЛЫМ

Киіз үй туралы бейнематериалды көріңіз.

1. Бейнематериал бойынша ақпараттарды ретімен орналастырыңыз.

2. Киіз үйге кіру әдептері
3. Киіз үй бөліктерінің мағынасы
4. Киіз үйдің құрылуы
5. Киіздің түрлері
6. Киіз үйдегі отбасы мүшелерінің орны
7. Киіз үйдің ауа райына қолайлығы

2. Киіз үйдің құрылуын ретімен орналастырыңыз.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Киіз үй және оның бөліктері, тұрмыстық бұйымдарға қатысты сөздерді тауып жазыңыз.

←	Х	Ч	Т	К	Ю	В	П	Ы	Ф	Ъ	Д	Н	В	Ь	Д	Ё	С	А	М	В	И	Н	К	З	1. _____	
	Ш	Х	А	Р	Ц	Н	Я	Ы	Р	З	К	Е	П	Т	В	М	Н	А	Ц	Ж	К	Х	І	Ё	Е	2. _____
	Ш	Й	О	Я	Ё	С	О	Ф	У	Л	В	У	Л	С	Й	Г	Е	О	Ж	Ж	Ф	Д	Н	Ч	Ь	3. _____
	И	Ц	М	Д	Х	З	А	Г	Х	О	Ъ	Л	Б	Ж	С	Ъ	Л	Х	Ф	Ц	Н	Ч	Э	Ь	Ц	4. _____
	А	Ь	Х	Х	Р	А	В	Ч	У	Щ	Р	А	Г	Я	Я	Ы	Щ	Э	Ю	У	Н	А	Ф	Г	Р	5. _____
	С	Я	Б	Я	Б	Г	Ы	К	Б	К	Ф	П	И	Ч	Т	З	Т	Э	Т	У	Ы	Р	Л	Ы	Қ	6. _____
	Р	Ы	Г	Ч	Ф	Ю	Ъ	Ц	Ш	Б	З	Ъ	Ц	Д	Н	Х	Н	Э	У	З	І	К	О	Е	Ъ	7. _____
	Ъ	Б	Қ	М	Р	Ю	Х	Ф	Ж	Е	Р	Й	Ф	Я	П	Я	Е	У	Й	Р	Л	П	В	Э	Н	8. _____
	Л	В	Ё	Ы	Е	И	У	Я	Б	А	М	В	У	К	Е	Р	Е	Г	Е	Х	И	Г	Ю	А	Ё	9. _____
	М	С	Л	Ж	Р	Ь	Е	Н	Т	А	Х	Ц	О	Ц	Ы	К	В	Д	М	З	Й	К	Р	Ф	Ю	
	Т	Е	Ы	Х	Р	Л	Ф	И	К	Н	Э	А	Ё	Э	Ф	Ц	Л	П	О	Ы	Ъ	Ы	У	Л	Ф	
	У	Л	Я	И	Х	Щ	А	Ъ	Г	Й	Ъ	Р	Ч	Й	Ы	Ш	С	К	Й	Ю	Д	У	Ф	Щ	Л	
	А	Й	Н	Ъ	Ц	Ф	Г	У	Щ	Г	Ю	З	Ю	У	Е	В	М	С	Н	Б	Й	Ъ	Ъ	Я	Ж	
	М	Х	Ъ	Б	А	Й	Ъ	Т	Ы	И	Ю	Л	Щ	Й	И	Х	М	Ш	А	Ң	Ы	Р	А	Қ	Ы	
	Ф	Э	Б	Т	Е	Ъ	З	Э	Э	Қ	Р	Н	Б	Н	Е	Б	А	С	Қ	Ұ	Р	Б	Д	Ж	Ю	

3. old.el.kz сайтына кіріп, «Қазақ ауылы» ойынын ойнаңыз.





4. «Әлемнің жеті кереметі», «Қазақстанның жеті кереметі» туралы мәліметтер жинап, баяндама қорғаңыз.

5. <https://www.youtube.com/watch?v=pMGTqk2Ft3Q> сілтемесі арқылы «Қазақстанның архитектуралық ескерткіштері» бейнежазбасын көріп, кестені толтырыңыз.

Қала	Ескерткіш	Ерекшелігі



6. Дүние жүзіндегі және Қазақстандағы ғимараты ерекше бес ғимарат туралы мәліметтер жинап, презентация дайындаңыз.

26-БӨЛІМ

ҒАРЫШ ӘЛЕМІ. ҒАРЫШ АЙЛАҒЫ МЕН ҒАРЫШКЕРЛЕР. КӨЛІК ТАСЫМАЛЫ – ЛОГИСТИКА.

Ой бөлісейік

1. Ғарыш әлемі дегенде ойыңызға не келеді?
2. Ғарыш айлағы дегеніміз не? Ол қай жерде?
3. Ғарышкерлер туралы естідіңіз бе? Кімдер туралы айта аласыз?
4. Қандай белгілі адамның атында ғаламшар бар?
5. Аспан, жер және судағы көліктерді санамалап өтіңіздер:

Аспан	Жер	Су

ОҚЫЛЫМ

Мәтінді түсініп оқыңыздар.

Логистика – корпорация, компания, зауыт, фабрика секілді кәсіпорындардың жасап шығарған тауар өнімдерін бір нүктеден екінші нүктеге жеткізумен айналысатын сала. Ол тасымалдау, мүліктеу, қоймалау, қаптамау және қауіпсіздік сияқты құраушылар бірлесуін қамтиды. Логистика саласына жер, әуе, құбыр жүйесі, кеме, темір жол секілді тасымалдау көлік түрлерін жатқызамыз. Мақсаты: қысқа мерзімде жеткізу, мүліктің сапасын жоғалтпау және өндірістік қуатты жоғарғы деңгейде пайдалану.

Үкімет басшылары 2010 жылдан бастап логистика саласын дамыту шарасы ретінде күрделі жобалар ұсынып, соны жүзеге асыру барысында мамандар мен тасымал жұмыстарымен айналысатын компанияларға семинар, курс, тренинг сабақтарын өткізіп, оны тәжірибе ретінде жүзеге асыруға қолдау білдіріп келеді.

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Қазақстандағы көлік тасымалы туралы не айтасыз?
2. Сіз жалпы қай көлікті қауіпсіз деп есептейсіз?

Алматы трамвайының тарихы

Алматыда трамвай 1937 жылы желтоқсанның 1-інен бастап жүйелі түрде жүре бастады. Бірақ қарашадағы мерекелерге орай ең алғашқы трамвайды сынақтан өткізу үшін жолға шығару ұйғарылды. Трамвайдың қалай іске қосылғаны туралы қала газеттерінің бәрі жазды.

«Социалистическая Алма-Ата» газетіндегі Н.Вершининнің «Құрыш магистраль» мақаласынан үзінді келтірейік: «Қарашаның 7-сі күні таңертең қала көшелеріне шыққан Алматы тұрғындары Октябрь көшесі (қазіргі Әйтеке би) мен қосалқы станция ғимараты жанында тұрған трамвай вагондарын көрді. Қарашаның 7-сі күнгі

мерекелік шеруден кейін трамвай вагондарының жанына жүздеген адам жиналды. Трамваймен жүргісі келетіндер қарасы көп болды. Алматы трамвайлары халыққа үш күн бойы тегін қызмет көрсетіп, 15 мың жолаушы тасыды. Бұл қалалық темір жолды алғашқы сынақтан өткізген күндер болды. Трамвайды толық эксплуатацияға (сол заманның орфографиялық нормасы. — авт.) өткізуге дейін трамвай вагондарымен қаланы аралау уақытша тоқтатылды. Құрылысшылар желтоқсанның 1-і мен 5-іне дейін әлі көп шаруа тындыруы тиіс».

<https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-almaty-tram/27367952.html>



Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Сіздің ойыңызша трамвай қандай көлік? Бізге қажет пе?
2. Алматыда не себепті трамвайлар алынып тасталды?
3. Басқа елдердің қандай көліктерін білесіз?



Топтық жұмыс

«Әлемдегі қызықты көліктер» тақырыбына конференция ұйымдастырыңыздар.

Қызықты дерек!

«Жүрекжұтқандар» жолы



Норвегиядағы “Атлантикалық жол” Туристерге арнап салынған бірегей жол. Бұл жол Атлант мұхитындағы ұсақ аралдарға апарады екен. Көріп отырғаныңздай көлікпен кетіп бара жатып дауылды толқынға тап болуыңыз мүмкін. Сондықтан, көлік қауіпсіздік ережелерін толық сақтап отыруыңыз шарт дейді

Жапониядағы Эшима Охаси көпірі

Бұл көпірді негізі бәріміз теледидар мен бейнебаяндардан көріп біліп жүрміз. Бұл бетон көпір, ұзындығы 1,7 км, ені 11,3 метр. Көлемі жағынан әлемде 3-орында. Ол екі жапонияны біріктіріп тұр. Бұны әлемдегі ең қауіпті көпірдің бірі деп айтуға әбден болады.



Непалдағы Гималай жолы

Бұл құлама құзда орналасқан қорқынышты жол. Бұл жәй ғана қорқынышты емес, ғажап қорқынышты деп айтуға болатын шығар. Өйткені, бұл жолға ешқандай үкімет тарапынан жөндеулер жасалмайды, бірақ табиғат заңына сай қауіпсіз етіп салған.



Италиядағы Стельвио асуы

Бұл көптеген автомобильшілерге танымал жол. Жол Ломбардию және Австрия арасын жалғайды. Бұл жолды қанды жол деп атауға да болар. Себебі бұл жолда адамдар көптеп қаза тапты. Жол бойы алдыңыздан 48 өте тік бұрылыстар кездеседі.



Қытайдағы Джуолинг туннелі

Жергілікті тұрғындар бұл жолды қымбатты Джуолинг туннелі деп атайды екен. Неге дейсіз ғой, өйткені ол адамның қате басқан қадамын кешірмейді. Ол өте тар және қатыгез, ені небәрі 4 метрге жуық. Тіпті, кейбір жері бұдан да тар. Ешқандай шектейтін қоршаулар бұл жерде мүлде жоқ.

Боливиядағы Юнгас Солтүстік жол

Бұл да қауіпті жолдың бірі. Оның екінші атауы – “Өлім жолы”. Айта кету керек, бұл атау текке қойылмаған. Жыл сайын мұнда 300-ден астам адам қаза табады, ал ондаған автомобильдер мен автобустар биіктен төмен қарай құлайды. Ұзындығы 70 км, ені орта есеппен тең 3,5 метр. Тереңдігі 600 метрге дейін. Өте қауіпті жол екені былай тұрсын алдыңды әрең көретіндей жиі тұман да түсіп тұрады екен.

<http://alashakparat.kz/2479/juerekjutqandar-joly-999/>



ТЫҢДАЛЫМ

«Үшінші қазақ ғарыш әлемін бағындырып қайтты» бейнетүсірілімді көрсетіңіз. <https://www.youtube.com/watch?v=uxlaJxToh-E>



Бейнетүсірілім бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Тұңғыш ғарышкер туралы не айтасыз?
2. Аспан әлемін үш рет бағындырған кім?
3. Үшінші ғарышкеріміз кім екен?



Сөйлесім

Илон Рив Маск – канада-америкалық кәсіпкер, инженер, өнертапқыш, инновациялық жобаларды инвестициялайтын бизнес-магнат.

SpaceX, Tesla Motors компаниясының негізін құрушы, басшысы, SolarCity, PayPal тең құрылтайшысы баламалы энергетикаға қатысты жаңа технологиялар жасауға, экологиялық таза электромобильдерді, үнемді күн сәулелік электр станциясын құрастыруға қатысқан. Ол адам қабілетінен тыс деңгейдені OpenAI жасанды интелект жасау, Hyperloop концептуалды жоғары жылдамдықты тасымалдау жүйесі, Марсқа саяхаттай алатын әуе кемесін жобалау мәселелерімен айналысқан.

Еуропа елдері, Қытай мен Жапонияда велосипед басты көлік саналады. Токиода да велосипедпен жүру кең тараған. Жапон халқының әдемі жейде киіп, қолына папка ұстап, велосипедпен жұмысқа асыққан қызметкерлерге көзі үйреніп қалған. Бұл халыққа деген құрмет әрі қоршаған ортаға деген жанашырлықтың белгісі. Бұл елде велосипедтер арнайы орынға тіркеліп, жеке нөмір мен иесінің аты-жөні жазылады екен. Әлемде мұны негізгі көлік санайтын елдер өте көп. Германияда мемлекеттік қызметкерлер жұмысқа велосипедпен келеді. Қарапайым халық үшін көлікті тіркеуге қою аса маңызды емес. Өйткені, өзгенің затын рұқсатсыз алу жоқ.



Сіз білесіз бе?

Илон Масктың Марсты бағындыруды армандайтындығы туралы естіген боларсыздар. Ол туралы пікірлеріңіз қандай?

Біле жүріңіз!

Велосипедтің пайдасы

Екі аяқты көліктің денсаулығымызға тигізер пайдасы көп. Біріншіден, бұл – жалғыз экологиялық таза әрі қолжетімді көлік. Екіншіден, денеге ауыртпалықты аз түсіреді, салауатты өмір салтын ұстануға көмектеседі. Қазіргі таңда көп уақытты компьютердің алдында, кеңседе өткіземіз және таза ауаға сирек шығамыз. Осының салдарынан бойымызға артық салмақ жиып, әлсірейміз. Көңіл-күйіміз түседі. Жаттығу залына баруға уақытымыз немесе ақшамыз жоқ. Алайда, уайымдамаңыз. Жаттығу залын велосипедпен алмастыра аласыз. Біз мұның 6 пайдасын тізбелеп көрдік.

Күйзелістен арыламыз. Өзіңіз ойлап көріңізші, орман ішінде қыдырып, таза ауамен демалып, айналаңыздағы әсем суреттерге көз салу қандай керемет?! Үйдегі майда-шүйде, бітпейтін тірлікті ұмытып, сергіп қаламыз. Демалыс күндері отбасымен шығуға болады. Ат жалын тартып мінуді білетін әке-шешеміздің оны оңай үйреніп алатыны анық. Сыр шертісіп, көңілді суретке де түсеміз.

Жүрек пен қантамырлардың жұмысы реттеледі. Бастапқыда жүрегіңізге аздап күш түсіресіз де, артынша оған оттегінің көмегімен демалуға мүмкіндік бересіз. Жүректің бұлшық еті жаттығып, шыдамды бола түсесіз. Алайда, асыра сілтеп жібермеңіз.

Ағзамыздағы зат алмасу процесі жылдам жүреді. Ауа арқылы жұғатын аурулардан сақ боламыз. Өкпеміз ашылады.

Аяқты шынықтырып, артық салмақтан арылуға көмектеседі. Егер жүгіруге қиналсаңыз, оны велосипедпен алмастырыңыз. Аяғыңыздың бұлшық еттері қатай-

ды. Мұнымен қатар, теріңіздегі жаралар жазылады.

Варикоз дертін емдейді. Велосипедтің үзеңгісін айналдырған сайын қатып қалған қан тарайды.

Көздің көру қабілетін жақсартады. Компьютер алдында көп уақыт отыратындықтан, көз тез шаршайды. Алысқа қарау мүмкіндігінен айырыламыз. Ал велосипед тебу барысында алыс аймақты да бақылайтындықтан, көзіміздің бұлшық еттері демалады. Егер велосипедті енді ғана үйренген болсаңыз, 20-25 минуттан бастаңыз. Күн сайын 10 минут қосып отырыңыз. Айдау барысында буындарыңыздың немесе бұлшық еттеріңіздің ауырғанын байқасаңыз, шынығуды біраз уақытқа тоқтата тұрыңыз. Ағзаңызға үйренуге мүмкіндік беріп, артынша қайтадан жалғастырыңыз. Велосипедті тамақ іше салысымен айдамауға кеңес береміз. Өзіңізбен бірге минералды су ала шығуды ұмыт

«Ұлан» газеті, №43, 24.10.2017

ЖАЗЫЛЫМ

1. Төменде суретте берілген белгілердің беретін мағынасы қандай және қай топқа жатады? Әр топтың астына белгілерді жазып шығыңыз.

Ескерту белгілері

Бұйыру белгілері
теориясы»

Қызмет көрсету
белгілері


Басымдылық
белгілері



2. Суретке ат қойыңыздар.

3. Төмендегі тірек сөздерді пайдалана отырып, сурет бойынша шағын әңгіме жазыңыздар.

Қазақ, ғарыш, теміржол, трамвай, Ә.Қастеев, Байқоңыр, Илан Маск, денсаулық, компьютер, көлік, жылқы, жүргізуші, Марс, жер, аспан.



27-БӨЛІМ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫ. ҚОНАҚ ҮЙ БИЗНЕСІ.



Ой бөлісейік

- ✚ «Туризм» дегенді қалай түсінесіз?
- ✚ Туризм индустриясының қандай түрлерін білесіздер?
- ✚ Қонақ үйлер қалай пайда болды? Қонақ үйдің қандай түрлерін білесіз?

ОҚЫЛЫМ



Мәтінді түсініп оқыңыз.

Қазақстан экологиялық туризмнен бастап іскерлік туризмге дейін туризмнің барлық түрлерінің дамуы үшін елеулі әлеуетке ие. Бұған халқымыздың бай тарихы мен еліміздің аумағында сақталып қалған тарихи ескерткіштер мен археологиялық орындардың жиыны үлкен мүмкіндік туғызады. Қазақстанда бүгінгі күні туризмнің келесі түрлері жетіліп келеді:

Мәдени-танымдық туризм

Археология, тарих және сәулет ескерткіштерінің көлемі бойынша Қазақстан нағыз «ашық аспан астындағы мұражай» болып саналады. Туристер Ұлы Жібек жолы бойындағы көне қалаларға барып, қола дәуіріндегі Тамғалы петроглифтарын немесе әйгілі Маңғыстау қорымдарын көре алады.

Экологиялық туризм

Іс жүзінде табиғаты бүлінбеген түрде сақталған аумақтың саны мен әр түрлілігі Қазақстанды экологиялық туризм әуесқойлары үшін ерекше қызықтыратын болады. Қазақстан аумағында 12 ұлттық табиғи парк және 10 қорық бар.

Спорттық туризм

Қазақстан келесідей бағыттар бойынша спорттық туризм үшін керемет жағдайлар ұсынады: тау шаңғы туризмі, альпинизм, су туризмі, ат туризмі, велотуризм және тағы басқалары.

Сауықтыру туризмі

Қазақстан - емдік-сауықтыру туризмі үшін керемет лайықты жер. Оның ерекшелігі емдік табиғи ресурстарды белсенді қолдануында: ыстық бұлақтар, емдік қасиеті бар батпақтар, ем болатын климат. Қазақстанда қымыз терапиясы, минералды суларды пайдалану мен пантоемдеу қолданылады.

Діни туризм

Діни туризм Қазақстанда көбінесе мұсылмандық діни нысандарға барумен байланысты. Мұнда ислам жолын қушылар әйгілі дін негізін қалаушылардың мешіттері, кесенелері, молалары мен қабірлеріне бара алады. Мысалы, Қожа Ахмет Яссауи және Арыстан баб кесенелері, Шақпақ-Ата мен Бекет-Ата жер асты мешіттері және тағы басқалары.

Іскерлік туризм

Іскерлік туризм жыл сайын қонақтардың көбісін Қазақстанның ірі қалаларына баурайды. Ол, бірінші кезекте, Астана, Алматы және Атырау. Мұнда шетелдік бизнес-туристердің әсерлі санын елге тартатын түрлі-түрлі аймақтық және халықаралық конференциялар, саммиттер, симпозиумдар жиірек өткізіледі.

1. Мәтін бойынша берілген кестені толтырыңыз.

Туризм түрі	Ерекшеліктері
Мәдени-танымдық туризм	
Экологиялық туризм	
Спорттық туризм	
Сауықтыру туризмі	
Діни туризм	
Іскерлік туризм	

2. Сізге қай туризм түрі ұнайды? Себептерімен ойыңызды дәлелдеңіз.
3. Топтық жұмыс. Сіз туризмнің қай түрін дамытқыңыз келеді. Топтарға бөлініп, ойларыңызды дәлелдеңіз.

ТЫҢДАЛЫМ

Мәтінді мұқият тыңдаңыз.

«Қонақжайлық» түсінігі адамзат өркениеті сияқты ескі түсінік. Қонақ үйдің ең алғаш шығуы, адамдарға қызмет көрсету кәсібімен, түнгі жатар орнына тоқтау себептерімен тікелей байланысты.

Қонақ үйлер әдетте бір елмен басқа елдерге баратын басты жолдардың бойында орналасады. Сонымен бірге жолаушыларды күтумен қатар, адамдарға түнеу, баспана, сол жерде тамқандыру, аттарын ауыстыруға мүмкіндік берген.

Орта ғасырларда Еуропада тұрақты аулалар монастырлар кезінде соғыла бастады. Шіркеу жолаушылары діни қызметкерлерге, әулие жерлерге саяхаттаушыларға ар-

нап қонақ жайлар ұйымдастыруды міндеттеді.

Уақыт өте келе тегін қонақжайлықтан кіріс табуға есептелінген мекемелерге айналды. Алғашқы қонақ үйлер бастамасы Таяу шығыста, Орталық Азияда және Кавказияда орын ала бастады. Шөл далалар мен таулы үстірттерде саудагерлер тауар керуендерімен жолаушылайды. Олар әдетте шатырларда, кей кездері керуен сарайларда, әртүрлі қонақжай кешендерінде, адамдардың арнайы түнеу орындарында жайғасты. Сауда байланысының дамуына байланысты Еуропада қонақүй кәсібі біршама өсуіне әкеп соқтырды. Мысалы, XIV ғасырда Миланда 150 қонақ үйі орын алды. Дегенмен ол кезеңдегі қонақүй ең төменгі сатыда еді. Қонақ үйлерде ешқандай жағдай болмады, санитарлық деңгейі өте төменгі жағдайда болды. XVIII–XIX ғасырлардағы мемлекетаралық экономикалық және саяси байланыстардың өсуі, Еуропа қалаларындағы қонақ үй шаруашылығының тез дамуына ықпал етеді.

Қонақүй жұмысы үлкен табыс әкелетін маңызды салаға айнала бастады.

XIX ғасырдағы өндірістердің дамуы қонақжайлығы, туризмнің дамуымен байланысты.

Теңіз жағалауларында, минералды су көздері маңында табиғаты керемет орындарда ірі және ұсақ қонақ үйлер құрылыстары бой көтере бастады. Олардың уақыт өте келе техникалық жабдықталуы, қонақтарға арналып өте ыңғайлы жағдай жасалынып қызмет көрсетудің әдістері және түрлері өзгерді.



1. Мәтінге жоспар құрып, мазмұнының баяндаңдар.
2. Әлемдегі және еліміздегі ерекше қонақүйлер туралы мәліметтер жинаңыз.
3. Суреттерді дұрыс тауып, мақал-мәтелдердің мағынасын ашыңыз.

I.  жеткен  іне қонар,  қалаған

 іне қонар.

II.  ның  ын  ,  ал.

III.  ңа емес,  ңа риза.

28-БӨЛІМ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ, МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ КҮН, МЕРЕКЕЛЕР. ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМДАР.

Ой бөлісейік

-  Халықаралық атаулы күн дегенді қалай түсінесіз?
-  Қандай атаулы күнді білесіз?
-  Қай мейрамды ерекше тойлайсыз? Неліктен?



ОҚЫЛЫМ

Кестемен танысыңыз.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АТАУЛЫ КҮНДЕР

Әлеуметтік мәселелерге арналған күндер

(17 қараша - Халықаралық студенттер күні, 15 мамыр - Халықаралық отбасы күні).

Экологиялық мәселелерге арналған күндер

(1 сәуір - Халықаралық құстар күні, 30 наурыз - Жерді қорғау күні).

Экономикалық мәселелерге арналған күндер

(16 қазан - Бүкіләлемдік азық-түлік күні, 14 қазан - Халықаралық стандарт күні).

Мәдениетке арналған күндер

(29 сәуір - Халықаралық би күні, 18 мамыр - Халықаралық мұражайлар күні).

Тарихтағы ұмытылмас оқиғаларға арналған күндер

(24 қазан - БҰҰ құрылған күн).

1. Халықаралық атаулы күннің бірін алып, шығу тарихын, тойлану ерекшелігіне сипаттама беріңіз.



2. Екі бағанды сәйкестендеріңіз.



1.	5 сәуір	a.	Бүкіләлемдік су күні
2.	16 қазан	b.	Халықаралық балаларды қорғау күні
3.	18 мамыр	c.	Бүкіләлемдік СПИД-ке қарсы күрес күні
4.	1 маусым	d.	Халықаралық қарт адамдар күні
5.	22 наурыз	e.	Бүкіләлемдік студенттер күні
6.	5 қазан	f.	Бүкіләлемдік азық-түлік күні
7.	1 желтоқсан	g.	Халықаралық құстар күні
8.	1 қазан	h.	Халықаралық мұражайлар күні
9.	17 қараша	i.	Халықаралық мұғалімдер күні
10.	1 сәуір	j.	Бүкіләлемдік денсаулық күні



3. Жоғарыдағы үлгіні басшылыққа алып Қазақстанда тойланатын мерекелер туралы сызба, кестені құрастырыңыз.

ТЫҢДАЛЫМ



Мультфильмді даусын өшіріп, көріп, мазмұнын жазып шығыңыздар.



1. Мультфильмнің даусын қосып, қайта көріңіз. Өзіңіз жазған нұсқамен тексеріңіз.

2. Мультфильмде кездескен наурызек, наурыз көже, наурызшешек ұғымдары туралы не айтасыз.

- 📖 **Наурызнама** - шат-шадыманды, ойын-сауық, той.
- 📖 **«Салнама»** - наурызға арналған кітап (Мәшһүр Жүсіп).
- 📖 **Наурызшешек** – наурыз айында өсетін түрлі-түсті жапырақты шөп.
- 📖 **Наурыз көже** – наурыз айында жасалатын ұлттық тағам.
- 📖 **Наурызкөк (наурызек)** – наурыз айында ұшып келетін құс.
- 📖 **Наурызша** – наурыз айында жауатын, тез еріп кететін қар.
- 📖 **Наурыз тілек** – ұлыстың ұлы күнінде айтылатын тілек.
- 📖 **Ұйқыашар** - қыздар жігіттерге арнап пісіретін дәмді тағам.
- 📖 **Селт еткізер** - жігіттердің қыздарға сыйлығы.
- 📖 Қазақстанда 1926 жылдан бастап Наурызды тойлауға тыйым салынған. 1988 жыл Н.Назарбаев, М.Шаханов, Ө.Жәнібеков бастаған қазақ зиялылары Наурызды қайта тойлауға рұқсат алды.
- 📖 2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып аталып келеді.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Наурызға байланысты атауларға түсіндірме беріңіз.

Наурызға байланысты атаулар	
Наурызнама	
Наурызкөк	
Наурызшешек	
Селт еткізер	
Ұйқыашар	
Наурыз тілек	

Өлеңді оқыңыз.

Қанша ғасыр сән берген даламызға,
 Өзгеше бір әні едің байтақ елдің.
 Сәлем, Наурыз!
 Сен біздің арамызға
 Алпыс екі жылдан соң қайта келдің.
 Сен ең көне жырысың санамыздың,
 Рухи шаттығымсың тасып толған.
 Сені тойлап бабасы бабамыздың,
 Әжемнің әжесіне ғашық болған.
 Басыңды көтер, қане, күн қақтаған,
 Сен енді басқа айқайға бұрылмайсың.
 Тымырсық, тылсым жылдар тыңдатпаған
 Сен бізге Шәкәрімнің жырындайсың.
 Ғасырды көктеп өтіп сұңқар сезім,
 Немерем тік көтеріп уақыт туын.
 Ғашығына арнаған іңкәр сөзін,
 Өзіңнің тойыңда айтса – бақыттымын (М.Шаханов)

Өлең мазмұнын өз сөздеріңмен айтыңдар.

Сансөзді дұрыс шешсеңіз, жоғарыдағы өлеңнің бір шумағын оқи аласыз.

1	2	3		4	5	6	7	3		8	9	3	8	1
10	1	10	11		12	8	9	8		13	5	14	12	7
11	,	1	8	3		15	2	14	7	16	12	7	11	
17	18	9	7	3	2	3		13	5	16	7	19	12	2
14	1	7	11	.	1	2	3		19	2	3	7		20
16	10		4	8	4	8	19		21	8	9	8	4	22
12	7	11	,	13	2	23	7	6	7	15		2	16	6
2		24	2	17	13	2	3		5	3	7	3	12	2
14	1	7	11	.										
27	8	1	10	9	12	10		13	18	13	17	2	15	
18	17	7	15		1	20	11	28	8	9		1	2	29
7	19	,	3	2	19	2	9	2	19		17	7	13	
13	18	17	2	9	7	15		30	8	28	10	17		17
30	10	3	,	27	8	23	10	27	10	3	8		8	9
3	8	27	8	3		7	11	13	8	9		1	18	29
7	3	,	18	29	7	11	3	7	11		17	3	1	14
11	12	8		8	14	17	1	8	,	4	8	28	28	10
17	17	10	19	10	1	.								



1. 3\8\30\9\10\29\23\2\23\2\13 - Наурыз айында өсетін өсімдік (шөп).
2. 3\8\30\9\10\29\13\18\13 - Наурыз айында ұшып келетін құс.
3. 24\8\19\4\10\16 - Наурызды тойлауға ресми рұқсат берілген ауданның бірі.
4. 21\8\9\8\4\22 - әйгілі ойшыл, екінші ұстаз.
5. 24\5\1\7\15 - наурызнама туралы деректер айтқан, халыққа танымалдылығына байланысты «мәшһүр» атанған ақын, зерттеуші.
6. 20\14\28\10\8\23\8\9 - Наурызда қыздар әзірлейтін ас.
7. 1\30, 17\8\9\10, 4\22\12\8\14 - Наурыз көженің құрамына қосылатын заттар.



Түркі халықтарының бірін алып Наурыз мейрамын тойлау ерекшеліктерін қазақ халқымен салыстырыңдар.

29-БӨЛІМ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙЛЫҚТАР МЕН СТИПЕНДИЯЛАР

Ой бөлісейік

1. Адамға мемлекет тарапынан сыйлық не үшін беріледі? Төмендегі тірек сөздерді пайдалана отырып жауап беріп көріңіз.

**ғылым саласы, сіңірген еңбек, ерлік,
қоғам қайраткері, марапат, сыйлық иегері, өнертабыс**

2. Қандай мемлекеттік және халықаралық сыйлықтарды білесіз?
3. Стипендия дегеніміз не? Оның сыйлықтан не айырмашылығы бар? Мысалмен ойыңызды дәлелдеңіз.

ОҚЫЛЫМ

Мәтінді түсініп оқыңыз.
Нобель сыйлығы туралы не білеміз?

Нобель сыйлығы (*швед тілінде Nobelpriset, ағылшын тілінде Nobel Prize*) – жыл сайын әйгілі ғылыми зерттеу, революциялық жаңалықтар, мәдениет пен қоғамның дамуына зор үлес қосатын жұмыстар үшін берілетін халықаралық сыйлықтардың ішіндегі ең танымалдыларының бірі.

Нобель сыйлығы – әлемдегі **ең беделді сыйлық**. Оның лауреаттары қатарында рентген сәулеленуін, пенициллинді ойлап тапқан атақты ғалымдар бар. Нобель сыйлығымен Нельсон Мандела, Барак Обама секілді танымал қайраткерлер марапатталған. Нобель сыйлығының иегерлері арасында *Берта Зуттнер, Сельма Лагерлёф, Грация Деледда, Сигрид Унсет, Джейн Аддамс, Мария Кюри, Тереза шешей, Аун Сан Су Чжи, Ширин Эбади, Элизабет Элен Блэкберн* сияқты әйел азаматшалар да бар.

Жыл сайын қазан айының басында бүкіл әлем назары Швеция мен Норвегия еліне ауады. Нобель сыйлығы 1901 жылдан бері әр жыл сайын физика, химия, медицина, әдебиет және бейбітшілік салалары бойынша елеулі жетістікке жеткен ғалымдар мен ұйымдарға беріледі. Осы салтанатты марапаттау күнінде Швеция королі лауреаттарға Нобель медалін, диплом және ақшалай сыйлық тапсырады.

Нобель сыйлығы швед өнертапқышы және өнеркәсіп иесі Альфред Нобельдің (1833-1896) өсиеті бойынша құрылған. 1895 жылы жазылған өсиетте Нобель өзінің қаржы жағдайын сенімді бағалы қағаз күйінде ұстауды бұйырған.

Өсиетке сәйкес, марапат беруге швеция мен Норвегия еліндегі **төрт ұйым** жауапты болуы қажет. Олар – швед ғылым академиясы, Стокгольмдегі Каролин институты, Стокгольм академиясы, сондай-ақ бес мүшеден тұратын Норвегия парламенті сайлаған комитет.

1901 жылы алғаш рет Нобель сыйлығы берілгеннен бастап, 2011 жылға дейін Нобель сыйлығы лауреаттары атанған адамдар мен ұйымдар саны 853-ке жетті. Олардың 23-і ұйым болып есептеледі. Лауреат атанған адамдардың кейбірі мұндай екі рет лайық болған.

Физика саласында тұңғыш лауреат атанған адам – сәулелендіруді ойлап тапқан

Вильгельм Конрад Рентген болды. Рентген сәулеленуі қазіргі күнге дейін бүкіл әлемде медицина саласында қолданылып келеді. Вильгельм Конрад Рентгеннен басқа физика саласы бойынша Нобель сыйлығының иегерлері арасында Гендрик антон Лоренц, Бор Нильс, Альберт Эйнштейн де бар.

(Қазақ тілі: негізгі стандарттан жоғары деңгей)



1. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Нобель сыйлығы не үшін беріледі?
- 2) Нобель сыйлығын иеленген әйел азаматшаларынан кімдерді білесіз?
- 3) Нобель сыйлығы кімнің өсиеті бойынша құрылған?
- 4) Марапат беруге қандай ұйымдар жауапты?
- 5) Нобель сыйлығы алғаш ре қай жылы берілді?



2. Мәтінде физика саласы бойынша Нобель сыйлығын иеленген адамдар берілген. Енді өзге салалар бойынша Нобель сыйлығын иеленген тұлғалар туралы көрсетілім әзірлеңіз.



ТЫҢДАЛЫМ



Мәтінді мұқият тыңдаңыздар.

«Оскар» сыйлығы - киноөндірістегі ең беделді сыйлық

Әлемдегі беделді сыйлықтардың тарихына үңілуді жалғастырамыз. Нобель сыйлығы сан саладан жүйрік шыққан тұлғаларға берілсе, кино саласында өзіндік із қалдырған туындылар мен актерлерге «Оскар» сыйлығы берілетінінен бәріміз хабардар шығармыз. Киноматография өнері мен ғылымының академиясы жыл сайын Лос-Анджелесте кино саласының үздіктеріне арнап «Оскар» сыйлығын табыс етеді. Оскар сыйлығын тапсыру рәсімі ондаған елдерде тікелей эфирде көрсетіледі.

Б.Майердің идеясымен құрылған кинокомпанияның 230 мүшесі 1929 жылы сыйлық беру идеясын бір ауыздан мақұлдап, ең үздік киноларды марапаттауға кірісті. 1933 жылы Уолт Дисней бұл марапатты «Оскар» деп атады. Ең алғашқы 1929 жылдың 16 мамырында өткен марапаттау рәсімінде мына фильмдер мен актерлерге «Оскар» табысталды: Джанет Гейнор «Шығыс» (Sunrise) пен «Жетінші аспан» (Seventh Heaven) фильмдеріндегі жұмыстары үшін, 1927 ж., және «Көше періштесі» (Street Angel) үшін, 1928 ж; Эмиль Дженнингс «Соңғы бұйрық» (The Last Command) пен «Әр тәннің бағыты» (The Way of All Flesh) фильмдері үшін. Уорнерлердің «Джаз әншісі» фильмі «киноөндіріске төңкеріс әкелген жаңашыл, үздік дыбысты картина» ретінде танылды. Дегенмен, академия дыбыссыз фильмдермен бәйгеге түсуі әділетсіз болар деп

фильмді конкурса қатыстырмады. Осы жылдан бастап, атағы әлемді кезіп, көптің көңілінен орын алған кинолар мен киноны жасаушылар жыл сайын кино саласындағы ең үздік сыйлықты алу үшін АҚШ-қа ағылады. 2007 жылғы мәлімет бойынша, Америка Киноакадемиясы дауыс беруге құқылы 15 гильдияға бөлінген 5829 адамнан тұрады. Актерлік гильдиясы 1311 адамнан құралып, жалпы дауыс берушілердің 22 пайызын құрайды. Әр гильдия өз категориясы бойынша дауыс береді. Мысалы, актерлар үздік актерлар мен актрисаларды таңдайды т.б. 75 жыл бойы салтанатты марапаттау рәсімі сәуірдің басында өткізіліп келді. 2004 жылдан бастап, Чикагода жасалатын 4 килограмдық «Оскар» мүсіні кино үздіктеріне ақпанның аяғы мен наурыздың басында табыс етіледі. Биылғы марапаттау ақпанның 26-сынан 27-сіне қараған түні өтті. Салтанатты кештегі ең сәнді көйлек иелерін де талқыға салған едік. Қазақстанда осы бірбеделдісыйлықтыалған актер не фильм жоқ. Қазақстандық киноөндірісте тұңғыш болып «Оскарды» кім иеленер екен?

(<https://massaget.kz/lafstayl/madeniet/kino/2910/>)

Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтар дайындап, оларды бір-біріңізге қойып, бағалаңыздар.



СӨЙЛЕСІМ

Өздеріңізді Оскар сыйлығын табыстау апталығында жүрмін деп елестетіңіз. Қандай өнім ұсынатын едіңіз? Еркін тақырыпта өздеріңіз бір видеоөнім түсіріп, топта қорғаңыздар. Ең үздігін дауыс беру арқылы анықтаңыздар.

Біле жүріңіз!

Нобель сыйлығы туралы деректер:

- 28 ақпан және 21 мамырда дүниеге келген ғалымдар Нобель сыйлығын көбірек алған.
- Нобель сыйлығы иегерінің орташа жасы - 59 жас.
- Лоренс Брегг - Нобель сыйлығын иемденген ең жас ғалым. Ол сыйлықты 25 жасында алған.
- Ең егде жастағы Нобель сыйлығы иегері - 90 жастағы Леонид Гурвиц.
- Альфред Нобелдің өсиет хатында сыйлық берілуі тиіс ғылымдар қатарында экономика жоқ. Оны 1969 жылы Швеция Банкінің бастамасымен бере бастады.
- Альберт Эйнштейн шамамен 60 рет Нобель сыйлығына ұсынылған.
- 1925 жылы әдебиет бойынша Нобель сыйлығы Бернард Шоуға берілген.
- Әйгілі үнділік зорлықпен күрескер Махатма Ганди Нобель сыйлығына 12 рет ұсынылғанымен, сыйлықты иелене алмады.
- 1935 және 1939 жылдары Бенито Муссолини мен Адольф Гитлер әлемдік Нобель сыйлығына ұсынылған.
- Нобель сыйлығына ұсынылғандар арасында Лев Толстой, Э.М.Ремарк сынды танымал жазушылар да бар.

(<http://forum.stan.kz/index>)

ЖАЗЫЛЫМ

Төмендегі кестені толтырып шығыңыз. Ондағы мәліметтерді есте сақтаңыздар.

<i>Ең жоғары мемлекеттік наградалар</i>	Сыйлық атауы	Не үшін беріледі
	Алтын Қыран ордені	
	Халық қаһарманы атағы	
	Қазақстанның Еңбек Ері атағы	
Ордендер		
	«Даңқ» ордені	
	«Айбын» ордені	

	«Парасат» ордені	
	«Құрмет» ордені	
	«Барыс» ордені	
Медальдар		
	«Ерлігі үшін»	
	«Ерен еңбегі үшін»	

	«Шапағат» медалі	
Атақтар		
	«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері»	
Көп балалы аналарға арналған наградалар		
	«Алтын алқа»	
	«Күміс алқа»	
Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасы Мемлекеттік сыйлықтар		
	Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығы	

	Қазақстан Республикасының әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығы	
	Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы	
	«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы	

Топтық жұмыс



1- Нобель сыйлығына лайықты қазақ ғұламаларының тізімін көрсетілім түрінде әзірлеңіздер. Неге сол адамдарды таңдадыңыздар? Дәлелдеңіздер.

2- Топта мемлекеттік сыйлық табыстау рәсімін жүргізіңіздер. Сыйлық иегерлері және табыстаушы рөлдерін бөлісіңіздер.

30-БӨЛІМ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЛАР МЕН БАҒДАРЛАМАЛАР.



Ой бөлісейік

1. Төмендегі тірек сөздерге назар аударыңыз. Олар сабақ тақырыбын қай қырынан ашады деп ойлайсыз?

қоғам, мемлекет, қор, зейнеткер, мүмкіндігі шектеулі адам, қайырымдылық, қамқорлық, іс-шара, өмір, мекеме, тәрбие, көмек, сыйлық, балалар үйі, қарттар үйі, еңбекақы

2. Қайырымдылық сөзіне мағыналас сөздерді атаңыз.
3. Қандай қайырымдылық қорларды білесіз? Олардың мақсаты не?
4. Өз оқу орныңызда қандай да бір қайырымдылық іс-шаралары жүргізіле ме? Болса, қандай?
5. Мына мақал-мәтелдердің мағынасын қалай түсінесіз?

Игіліктің ерте-кеші жоқ.

Жақсылық қылсаң жасыр,
Жақсылық көрсең асыр.

Жақсылық біреуден қайтпаса,
Біреуден қайтады.

Кең болсаң, кем болмасың.

Жамандық пайда етпейді,
Жақсылық зая кетпейді.

ОҚЫЛЫМ



Мәтінді түсініп оқыңыз.

Қайырымдылық үшін байлығын аямайтын атақты 7 миллиардер

Forbes тізіміндегі дәулеттілерді біріктіретін ортақ нәрсе банк есепшоттарындағы цифрлар ғана емес, қайырымдылыққа деген көзқарастары. Олар ұзақ жылдар бойы жинаған қаржысының тең жартысын өзгелердің мұқтажы үшін жұмсауға дайын.



Microsoft-тің негізін қалаушы Билл Гейтс

Microsoft корпорациясының негізін қалаушы Билл Гейтс — Forbes нұсқасы бойынша планетаның ең бай адамы және әлемдегі ең жомарт кәсіпкері. Оның байлығы 77 млрд доллар деп бағаланады. Билл мен оның жұбайы Мелинда Гейтстің қоры денсаулық сақтау ұйымдарына қолдау білдіріп, кедей елдердегі туберкулез, безгек және СПИД-пен күресу үшін вакцина құрастыруға қыруар қаржы салады.

Сондай-ақ Билл Гейтс «Сый тарту антының» негізгі идеологтарының бірі. «Сый тарту анты» — әлемдегі барлық кәсіпкерлердің ресми емес ұйымы, олардың барлығы дәулетінің жартысын қайырымдылық мақсатына беруге міндеттелген.

Tesla және SpaceX-тің басшысы Илон Маск

Илон Маск өз қаржысы жасанды интеллект құрастырумен айналысатын ғалымдарға береді. 14 млрд долларымен Forbes рейтингінде 68-орынды иеленетін кәсіпкер 2015 жылы жасанды интеллект қауіпсіздігін зерттеу жұмысына 10 млн доллар инвестиция салды. Масктың ойынша, мұндай интеллектті дүниеге әкелу адамзат үшін өте қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан ол қаржысын жасанды интеллекттен туындайтын қауіптерді зерттейтін ұйымға беруді шешкен.



Alibaba негізін қалаушы Джек Ма

Alibaba компаниясының негізін қалаушы және директорлар кеңесінің төрағасы Джек Ма 2015 жылы Қытайдың ең жомарт меценаты деп танылды. Сол жылы ол 23 млрд доллар байлығының 2,3 млрд долларын қайырымдылыққа жұмсаған. 2014 жылдан бері Ма Қытайдың экологиялық проблемаларын шешумен айналысатын қайырымдылық қорын басқарады, басқа кәсіпкерлерді қайырымдылық жасауға оқытады. Сондай-ақ денсаулық сақтау және білім беру саласына да қолдау



көрсетеді.

Google-дің негізін қалаушы Сергей Брин және бұрынғы жұбайы Энн Войжицки


Технологиялық кәсіпкер Сергей Брин басқаратын Google компаниясы әлемдегі ең ірі қайырымдылық жобаларына көмектесетін ұйымның бірі. 2033 жылға дейін корпорация қайырымдылық шараларына 20 млрд доллар жұмсамақ және олардың барлығын компания өзі тікелей жүзеге асырады. Қазір Google Үндістанда тегін Wi-Fi желілерін құрумен айналысып жатыр.

Ал өзінің бұрынғы жұбайы Энн Войжицкимен бірге Brin Wojcicki Foundation атты қайырымдылық қорын құрып, денсаулық сақтау және басқа да әлеуметтік жобаларды дамытуға қаржы жұмсайды. Айырылысқаннан кейін де бұрынғы ерлі-зайыптылар қор қаржысын жұмсау туралы бірге шешім қабылдап, бірге жұмыс істеуді жалғастыра берді.



Zara-ның негізін қалаушы Амансио Ортега

Әлемдегі ең танымал брендтердің бірі Zara-ны дүниеге әкелген испандық кәсіпкердің дәулеті 70,9 млрд доллар деп бағаланып отыр. Forbes нұсқасы бойынша ең бай адамдардың тізімінде екінші орында тұр. Оның Amancio Ortega атты қоры түрлі зерттеулерге, білім және ғылым дамуына қаржы салады. 2013 жылы қор испандық Caritas қайырымдылық ұйымына 20 млн еуро бөлді.



Қаржының барлығы әлеуметтік әлсіз топтарға көмекке, олардың коммуналдық қызметтерін төлеп, киім-кешек, азық-түлік және дәрі-дәрмек сатып алуға жұмсалды.

Сондай-ақ Ортега мүгедек балаларға да тұрақты түрде жәрдем жіберіп отырады. Әріптестерінің сөзінше, ол қызметкерлеріне де қаржылық жағынан көмектесіп тұрады.



Berkshire Hathaway империясының басшысы Уоррен Баффет

Forbes тізіміндегі тағы бір миллиардер — америкалық кәсіпкер Уоррен Баффет. Оның иелегіндегі қаржысы — 66 млрд доллар. 2006 жылы Баффет байлығының 99%-ын қайырымдылық шараларына жұмсайтындығын жариялады. Сол жылы ол АҚШ тарихындағы ең ірі қайырымдылық шарасын жүзеге асырды. Кедей елдердегі СПИД, безгек және туберкулезбен күресетін Билл және Мелинда Гейтс қорына 37 млрд доллар бөлді.

Сол уақыттан бері тұрақты түрде қаржы құйып келеді. Әр жылдың бірінші маусымында мұқтаж жандарға жәрдем жібереді. 2015 жылы Билл мен Мелинда Гейтс қорына

2,8 млрд доллар аударды.

Нью-Йорктың бұрынғы мэрі Майкл Блумберг

Саясаткер және кәсіпкер Майкл Блумбергтің дәулеті 43 млрд доллар деп бағаланады. Миллиардер 1990 жылдан бері түрлі қайырымдылық шараларына белсенді түрде араласып келеді. 1996-2002 жылдар аралығында Джон Хопкинс атындағы университеттің басқарма төрағасы болғанда, коммерциялық емес Денсаулық сақтау мектебін құрды. Жылсайынұйымға орта есеппен 200 млн доллар бөліп отырады.



(<https://www.nur.kz/1511056-qayyrymdylyq-ushin-baylyghyn-ayamaytyn.html>)

Қазақстанда тапқан табысының бір бөлігін қайырымдылыққа жұмсайтын әйгілі тұлғалардың тізімін жасаңыз.

ТЫҢДАЛЫМ

Мәтінді мұқият тыңдаңыздар.

Бүкіл дүниенің түзелуі

Бір апталық жұмыс күнінен қажыған адам жексенбінің таңында қолына газет алып шаршағанын басып, күні бойы үйде отыруды ұйғарады. Дәл осыны ойлап отыр-

ғанында баласы жүгіріп келіп паркке қашан баратынын сұрайды. Әкесі оған демалыс күні паркке алып баратына уәде берген болатын. Бірақ мүлдем сыртқа шығуға зауқы болмай бір сылтау іздейді. Кейін газет бетіндегі дүние жүзілік карта көзіне түседі. Картаны майдалап жырттып баласына: «Егер картаны құрасаң сені паркке алып барамын» деді де, өзі іштей «жақсы құтылдым-ау, ең мықты география профессоры да кешке дейін құрай алмас» деп ойлады. Арада он минут уақыт өтісімен-ақ баласы жүгіріп келіп:

- «Әке картаны түзедім, енді барсақ болады»-деді.

Әкесі алдымен сенбей барып көреді. Көргенінде таң қалып қалай түзегенін сұрайды. Сонда бала былай деп жауап береді:

- Маған берген картаның артында бір адамның суреті бер еді. Адамды түзеткен кезімде, бүкіл дүние жүзі түзеліп шыға келді.

- !...

(<https://surak.baribar.kz/493939/>)

Мәтін мазмұнын топта талқылаңыздар. Әр топ рөлдерді бөліп алады: **талқылаушы** (мәтін оқиғасын талқылайды), **байланыстырушы** (мәтіндегі оқиғаны өмірмен байланыстырады) және **қорытындылаушы** (тақырыпты қорытындылайды).

«Әлемді жақсартып, әсемдеу үшін әр адам өзінен бастау керек. Өзгелерден жақсылық күтсе, әуелі сол жақсылықты өзі жасап бастауы керек» дегенге ойыңыз қандай?

Біле жүріңіз!

Қайырымдылық ұйымдары қаражатының құралу көздері:

- құрылтайшылардың жарналары;
- қайырымдылық жылулары, соның ішінде азаматтар мен заңды тұлғалар ақшалай және заттай беретін мақсатты сипаттағы жылулар;
- бағалы қағаздардан түскен табыс пен оларды өткізуден тыс операциялардан түскен табыстар;
- ақшалай қаражатты тарту жөніндегі қызметтен түскен түсімдер;
- заңмен рұқсат етілген кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар;
- республикалық бюджеттен, жергілікті бюджеттерден және бюджеттен тыс қорлардан түскен табыстар;
- қайырымдылық ұйымдарының шаруашылық қоғамдарының, мекемелерінің қызметінен түскен табыстар;
- еріктілер еңбегінің нәтижелері;
- заңмен тыйым салынбаған өзге де көздер.


(<http://malimetter.kz/kogamdyk-kajyrymdylyk-korlary/>)

ЖАЗЫЛЫМ

- «Қайырымды жүрек қартаймайды» тақырыбына эссе жазыңыз.
- Әр студент Қазақстандағы қайырымдылық қорлар мен ұйымдардың өкілі ретінде презентация дайындасын.

СӨЙЛЕСІМ

- 1- «Қайырымдылық» тақырыбындағы сызба бойынша сұхбат құраңыздар.



Топтық жұмыс

«Қайырымдылық аптасын» жасаңыздар. Бірнеше топтарға бөлініп, бір апта бойы қандай да бір қайырымдылық шарасын ұйымдастырыңыздар немесе қатысыңыздар.

31-БӨЛІМ

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ. ҒАЛАМТОР ЖҮЙЕСІ

Ой бөлісейік

- Төмендегі тірек сөздерге назар аударыңыз. Олардың әрбіріне мағыналық түсініктеме беріп өтіңіз.

бұқаралық ақпарат құралдары сөз бостандығы ақпарат көздері әлемдік шырмауық мерзімді басылым

- Бұқаралық ақпарат құралдарының қандай түрлерін білесіз? Олардың қызметтері қандай?
- «Бұқаралық ақпарат құралдары – әлемдегі төртінші билік» дегенмен келісесіз бе?
- Ғаламтор мәдениеті дегенді қалай түсінесіз? Оны қалыптастру үшін не істеу керек?

ОҚЫЛЫМ

Мәтінді түсініп оқыңыз.

Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы

2006 жылғы бірінші соңындағы жағдай бойынша республикада 2243 мерзімді баспа басылымдары, оның ішінде 1593 газет және 650 журнал тұрақты негізде шығарылады. Барлық басылымдардың жартысын ақпараттық БАҚ құрайды, қоғамдық-саяси басылымдардың үлесі 16%, ғылыми басылымдар - 9%, жарнамалық – 10,5%, балалар, жастар, әйелдер және діни бағыттағы басылымдар жиынтығында 4%-ды құрайды. Мемлекеттік емес БАҚ үлесі 80%-ға жуық.



Ақпараттық салада мемлекеттік сектор, негізінен, ведомстволық БАҚ арқылы көрініс тапқан өңірлері бойынша мерзімді баспа басылымдарының таралымы 1000-3600 дана аралығында өзгеріп отырады. 2006 жылғы 20 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 212 электрондық бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді.

2005 жыл ішінде KZ доменінде 8556 сайт тіркелді.

«Қазтелерадио» АҚ деректері бойынша қазіргі уақытта аумақтың республикалық арналардың теледидар және радио бағдарламаларымен қамтылуы: «Хабар» - 99,7%, «Қазақстан» - 96,25%, «Ел арна» - 75,5%, «еуразия – бірінші каналы» - 78,6%; Қазақ радиосы – 86,99%. «CaspioNet» ұлттық спутникті арнасы Еуропа, Орталық Азия, Орта Шығыс және африканың солтүстік бөлігі елдерінің аумағына таралады. Арнаның ықтимал аудиториясы – 99 миллион телекөрсермен. Арна тәулігіне 24 сағат бойы

үздіксіз хабар береді. 2006 жылғы бірінші тоқсанның соңындағы жағдай бойынша Қазақстанның ақпараттық нарығында 2309 газет пен журнал және 83 теле-радио-бағдарлама таратылады. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары аталымдарының жалпы санының 90% - орыс тілінде, 5% - ағылшын тілінде және 5% - басқа тілдерде таратылады.

Қазақстанда Ғаламтор, кабельді теледидар қарқынды түрде дамуда. 2006 жылғы жағдай бойынша Қазақстанның аумағында кабельді және эфирлі-кабельді теледидар желілерінің 80-нен астам операторы қызмет етеді. Республиканың ақпараттық нарығында қазіргі заманауи технологиялар кеңінен пайдаланылады.

(ҚР мемлекеттік қызметшісінің тілдік портфелі» жүйесінің Негізгі оқулығы)



1. Мәтінде берілген ақпараттар негізінде «Қос жазба күнделігін» толтырыңыз. Кестені жалғастырып көріңіз.

Мәтіннен үзінді

Ғылыми басылымдар барлық басылымдардың 9%-ын құрайды

Мемлекеттік емес БАҚ үлесі 80%-ға жуық.

2005 жыл ішінде KZ доменінде 8556 сайт тіркелді

«CaspioNet» ұлттық спутникті арнасы Еуропа, Орталық Азия, Орта Шығыс және африканың солтүстік бөлігі елдерінің аумағына таралады

Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары аталымдарының жалпы санының 90% - орыс тілінде, 5% - ағылшын тілінде және 5% - басқа тілдерде таратылады

Республиканың ақпараттық нарығында қазіргі заманауи технологиялар кеңінен пайдаланылады

Комментарий

Ғылыми басылымдардың санын арттыру керек деп ойлаймын, ол үшін ...



2. Байқасаңыз, мәтінде 2006 жылдың бірінші тоқсанындағы мәліметтер келтірілген. Мәтін үлгісімен қазіргі жаңа сандық көрсеткіштерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы табыңыз.

ТЫҢДАЛЫМ

Мәтінді мұқият тыңдаңыздар.



Әлеуметтік желілер тарихы

Адамдарды ғаламторда біріктірудің алғашқы қадамдары 1970 жылдардың соңында жасала бастады. Интернеттегі әлеуметтік желінің алғашқысы 1995 жылы Рэнди Конрадс іске қосқан «Classmates» («Сыныптастар») болыптабылады. Сайттың мақсаты - сыныптастарды және мектептегі достарды табуға мүмкіндік жасау. Бастапқыда сайт танымал болмаған, ал бүгінде әлем бойынша сайттың қолданушылар саны 50 млн.

2004 жылы Марк Цукерберг «TheFacebook» әлеуметтік желісінің негізін қалады. 2005 жылдан бұл желі «Facebook» деп атала бастады. 2008 жылы «Facebook» әлеуметтік желісі әлемдегі ең танымал әлеуметтік желіге айналды. «Facebook» – танымалдық жағынан әлем бойынша «Google»-дан кейінгі екінші интернет сайт.

2006 жылы Джек Дорси «Twitter» жобасын іске қосты. «Twitter»-дің ерекшелігі, тек 140 символдан ғана тұратын хабарлама жаза аласыз. 2010 жылдан бастап сайттан видео, фото көруге мүмкіндіктері пайда болды. Бүгінгі таңда «Twitter» әлем бойынша ең көп қаралатын сайттардың 10-на кіреді.

Әлеуметтік желілердің адамзат игілігі үшін атқаратын өзіндік қызметтері жетерлік. Дегенмен, әлемде қанша әлеуметтік желі болса, соның бәріне тіркелу шарт емес. Оған адамның ғұмыры да жетпес. Бірақ осы күнгі жастарарасында жарты өмірін әлеуметтік желілерде өткізетіндердің бар екені ащыда болса шындық. Бұл даму ма, дертпе? Сіз не дейсіз?

(Қазақ тілі мен әдебиеті. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері»)

Мәтінде қамтылған және басқа да әлеуметтік желілер тарихы жайында ізденіп, сол ақпараттар бойынша сұхбат құрастырыңыздар.



Біле жүріңіз!

- 2015 жылы тұрғындар интернет-дүкендер арқылы 1,5 триллион АҚШ долларын жұмсаған.
- Ең алғашқы веб-камера Кембридж университетінде кофеқайнатқышты бақылау үшін ғана орнатылған.
- Ал, «Youtube»-ке ең бірінші қойылған бейнежазбаның аты «Мен зообақтамын» деп аталады.
- «Google» іздеуіш жүйесінің атауы «Гугол» (100 нөлі бар) санынан шыққан. Алайда Ларри Пейдж пен Сергей Брин доменді тіркеу кезінде қате жіберіп, «Гугол» сөзінің орнына «Гугл» деп тіркеп қойған. Кейін қате нұсқасы өздеріне қатты ұнағандықтан солай қалдырған.
- SPAM сөзі 1936 жылы пайда болған. Ол консервіленген ащы шошқа етінің атауы еді. Соғыс жылдарында мерзімі өткен бұл өнімді сату үшін түрлі беймаза жарнамалар жарық көрген екен. Осылайша спам сөзі жалпылама қолданыла бастаған.

(Қазақ тілі мен әдебиеті. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері»)

СӨЙЛЕСІМ



«...Бүгінгі қоғамда адамдарды кітап оқитындар мен компьютерде отырып, уақыт өткізетіндер деп екі топқа бөлуге болады. Компьютерде отыратындар өмір бойы кітап оқитындарға қызмет етіп өтеді» деген Н.Назарбаевтың сөзіне өз пікіріңізді білдіріңіз.

ЖАЗЫЛЫМ


1. Үлгіні пайдаланып, өзіңіздің әлеуметтік желілерге кіру кестеңізді жасаңыз.

Қандай әлеуметтік желілерге кіремін?	
Оларға күніне қанша уақыт жұмсаймын?	
Әлеуметтік желілер маған не береді?	
Түйген қорытындым ...	

2. Ешқандай әлеуметтік желіге кірмей, жалпы ғаламторға қосылмай толық бір күн өткізіңіз. Нәтижесінде, өз әсеріңізбен бөлісу үшін «Ғаламторсыз бір күнім ...» тақырыбына эссе жазыңыз.

Топтық жұмыс

- 1- «Ғаламторға тәуелділікті жоюдың 5 жолы» деген тақырыпта постер жасаңыздар.



- 2- «Ғаламтордың алары мен берері» тақырыбында пікірталас ұйымдастырыңыздар.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТРЕНАЖЕР

ЖАЙ СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ИНТОНАЦИЯ

Жай сөйлемдер айтылу мақсатына қарай төртке бөлінеді. Олар: хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті сөйлемдер. Бұл сөйлемдердің құрылымдық ерекшеліктерімен қатар, олардың бір-біріне ұқсамайтын интонациялық көріністері де бар.

– **Хабарлы сөйлемнің интонациялық ерекшеліктері.** Қазақ тілінде де басқа тілдер сияқты хабарлы сөйлемдер бір мүшелі және екі мүшелі болып екіге бөлінеді. Бір мүшелі хабарлы сөйлем қанша синтагмадан тұрса да, ішкі мазмұнында логикалық қайшылығы жоқ, біртұтас семантикалық, интонациялық бірлік құрайды. Мысалы: *Демалыс күні еді (Мұстафин). Бәрі орындарынан тұра бастады (Әуезов). Күн ұясына кіріп бара жатыр (Мұстафин).* Екі мүшелі хабарлы сөйлемдерде сол екі мүшенің арасында әдетте өзара мазмұндық тайталастық немесе қалайда теңдесуге бағытталған бір бәсекелестік байқалады. Мысалы: *Қара тақтайсыз мұғалім – тебенсіз кемпір ғой (Аймауытов). Қарағанды облысы – еліміздегі ең қуатты да құнарлы өңірдің бірі («Ана тілі» газеті).*

– **Сұраулы сөйлемнің интонациялық ерекшеліктері.** Сұраулы сөйлемдер оған қойылатын сұрақтардың мазмұнына қарай әртүрлі болады: ашық сұрақ (тура сұрақ), күмәнді сұрақ, қарсы сұрақ, риторикалық сұрақ. Әр сұрақтың өзіне тән интонациялық ерекшеліктері бар.

– **Бұйрықты сөйлемнің интонациялық ерекшеліктері.** Бұйрықты сөйлемдер қатал бұйрық және сыпайы бұйрық интонемалары арқылы беріледі.

– **Лепті сөйлемнің интонациялық ерекшеліктері.** Лепті сөйлемдердің бәрі дерлік эмоциялық-экспрессивті мағынаға ие болғандықтан, баяу қарқынмен, нық, айрықша тембрмен айтылып, лепті интонемамен беріледі.

– **Оқшау сегменттердің интонациялық ерекшеліктері.** Оқшау сегменттер өзінің сөйлемдегі мағынасына қарай қаратпа және қыстырма деп бөлінеді. Осыған орай оқшау сегменттермен келген сөйлемдердің де интонациялық ерекшеліктері болады.


1. Берілген сөйлемдерді жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлеріне бөліп, қажетті интонациялық ерекшеліктермен оқыңыздар.

Қазір елімізде 131-ден астам ұлт өкілдері бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүріп жатыр Тұңғыш президенттік сайлау 1990 жылы ма, 1991 жылы ма және қай айда өтті Әрине, балам, ғасырлар бойы армандаған жеңісіміздің бірі – ел егемендігі Балам, мұндай атаулы күнді білмеу жастарға ұят саналады Он жылдың ішінде Астана әлемге танылды және елімізді де әлемге танытты деп айта аламыз

2. Төмендегі тақырыптардың бірін таңдап, жай сөйлем түрлеріне тән интонациялық ерекшеліктерді сақтап, өзара сұхбат құрастырыңыздар.

БӨГДЕ СӨЗ

Адам сөйлегенде, я жазғанда сол өзі баяндап отырған мәселеге байланысты немесе соған қатысы бар басқа біреудің сөзін, пікірін келтіретіні болады. Ондай келтірінді сөздер автор үшін басқа біреудің сөзі, яғни **бөгде сөз** болып табылады.



1. Мына суреттен нені көріп тұрсыз? Суретке ат қойыңыз. Бөгде сөздерді пайдалана отырып, сипаттаңыз.



2. Төменде берілген төл сөзді төлеу сөзге, төлеу сөзді төл сөзге айналдырып жазыңыз.

Төл сөз	Төлеу сөз
«Әлі бұл өңірде көк шабан тебіндеп келе жатыр, қыс ызғары әлі түгел айығып болған жоқ», - деп әңгіме қып отырды (Әуезов).	
	Байжекең әуелі мына қонақтарға шай бергенін айтты (Мүсірепов).
Денсаулығының әлсіздігін дәлел қып, Анатолий Кондратьевич обкомға: «Канал құрылысының начальнигі қызметінен босатыңыз», - деп арыз берді.	
	Ушаков мұның кім екенін сұрады (Мүсірепов).

СҰРАУ МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Бір нәрсе туралы хабар алу үшін қойылған сұрақты білдіретін сөйлемдерді **сұрау мәнді сөйлем** дейміз. Сұрау мәнді сөйлемдер оларға ерекше форма беретін мына амалдар арқылы жасалады: сұраулық есімдіктер, сұраулық шылаулар (*ма, ме, ше*), көмекші етістіктер (*болар, шығар, қайтеді*), оқшау сөдер (*ә, сірә*) және сұрау интонациясы. Сұрау мәнді сөйлемдер мағынасына қарай ашық сұрақ, альтернативті сұрақ, риторикалық сұрақ, күмән мәнді сұрақ деп бөлінеді.

1. Төменде берілген сұрау мәнді сөйлемдерді мағыналық түрлеріне қарай ажыратыңыз.

Намыс, ар-ұят туралы мақал білесіз бе? Қазақтың мерген қызы атанған Әлия ма, Мәншүк пе? Отанды қорғау – өжеттілікті қажет етеді емес пе? Ұлттық мүдде дегенді қалай түсінесіз? Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заң қашан қабылданды? Бұл ата-бабамыздың асқан ерлігімен келген тәуелсіздік қой? Мерекеге орай әскери шеру өтетін шығар? Отан алдындағы борышыңызды өтейсіз бе, жоқ па? Ұлы Отан соғысының батырларын атай аласыз ба? Ұлттық қауіпсіздік органдарының біреуіне жұмысқа орналасқан болар?

Ашық сұрақ	Альтернативті сұрақ	Риторикалық сұрақ	Күмән мәнді сұрақ

2. Сұрау мәнді сөйлемдердің мағыналық түрлерінің әрқайсысына 3 мысалдан келтіріңіз. Олардың жасалу жолдарына мән беріңіз.

БОЛЫМСЫЗДЫҚ КАТЕГОРИЯСЫ

Болымсыздық категориясының бірден-бір тұлғалық көрсеткіші **-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** болымсыздық тұлғасы. Әрине, етістіктің болымсыздық мәнін беретін басқа да аналитикалық жолдары бар. Атап айтқанда, есімшенің **-ған, -ген, -қан, -кен** тұлғасы етістікке **жоқ** модаль сөзі, есімшенің **-ған, -ген, -қан, -кен, -атын, -етін, -йтын, -йтін, -ар, -ер, -р, -маә, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек** тұлғалы негізгі етістіктерге **емес** көмекші етістігі тіркесіп жасалады. Сондай-ақ, болымсыздық есімдіктері де (ешкім, ешнәрсе, ешбір, т.б.) болымсыздық мәнін айқындайды.

1. Берілген сөйлемдерді болымсыз сөйлемдерге айналдырыңыздар.

Экономика күніне қатысқан өкілдердің айтуынша, аталған шара өте пайдалы болды. Қала әкімі экономикалық даму туралы халық алдында есеп берді. Жанармай бағасы келесі айда қымбаттамақ. Мал шаруашылығы өнімдері негізінен жеке шаруа қожалықтарында өндіріледі. Облыста ауыл шаруашылығын жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Шекаралас мемлекеттердің мұнайға деген сұранысы артып отыр. Астана төңірегінде ағаш егу жақсы қарқын алды.

2. Төмендегі тірек сөздердің бірін таңдап, шағын баяндама жазыңыз. Өз баяндамаңызда болымсыздық категориясын пайдаланыңыз.



САН-МӨЛШЕР КАТЕГОРИЯСЫ

Көптік жалғау алты түрлі: **-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер** сөзге үндестік заңы бойынша жалғанып, заттың көптігін білдіреді.

Көптік жалғау тек өзі жалғанған сөз білдіретін заттың көптігін ғана емес, сонымен бірге сол зат көпке ортақ екенін білдіреді. Мысалы: *үйлеріңе қайтыңдар, қонақтар шайларын ішті* дегенде *үйдің, шайдың* көптігі емес, сол заттар қатысты адамдар көп екенін білдіріп тұр. Ал көптік жалғау кісі аттарына жалғанғанда, сол кісінің көптігін емес, оның қасында да көп кісі бар екенін білдіреді. Мысалы: *Зейнептер әлі есік алдында тұр* дегенде *Зейнептің* көптігі емес, *Зейнеп* және *оның қасында* бірнеше адам бар екендігі туралы жинақтау мәні беріліп тұр.

Көптік ұғым кейде сан есімдер *көп, мол, бірнеше, бірталай* сияқты сөздер мен қайталама қос сөздердің затты анықтап тұруы арқылы да беріледі: *көп адам, жиырма шақты студент, қора-қора қой, тау-тау астық, т.б.*

1. Төменде берілген сөздерге көптік жалғауын жалғаңыздар. Көптік жалғауы жалғанбайтын сөздер бар ма? Болса, неліктен оларға жалғанбайды?

өнім шаш ұн бәсеке тауар ақша несие қаржы кіріс банк валюта сұраныс қаражат айырбас

2. Төменде берілген сөздерді қатыстырып сөйлем құрастырыңыздар. *Барлық, көптеген, бірнеше, сантүрлі, санмың, біраз, көп, мол, бірталай*

АНЫҚТАУЫШТЫҚ ҚАТЫНАС

Сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары мен басыңқы сыңары өзара белгілі бір грамматикалық мағынаны білдіріп, соған сәйкес белгілі бір синтаксистік қатынаста жұмсалады. Сөз тіркестерінің сыңарлары арасындағы грамматикалық мағына жағынан үш түрлі синтаксистік қатынастың шеңберінде көрінеді.

Матаса, қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің сыңарлары бір-бірімен **анықтауыштық қатынаста** жұмсалады. Басыңқы сыңардан бағыныңқы сыңарға *кімнің? ненің? қандай? нешінші?* сияқты сұрақтары қойылады: *баланың кітабы, бойшаң жігіт.*

1. Сөз тіркестерінің өзара сыңарларын тауып, анықтауыштық қатынастың қалай жүзеге асқанын талдаңыз.

халықаралық	қару
дүниежүзілік	қатынас

саяси	даму
ядролық	норма
көпұлтты	ұйым
әлеуметтік	топ
этносаралық	қауымдастық
демократиялық	мемлекет

2. Берілген мәтіннен анықтауыштық қатынастарды табыңыз.

Елдегі ұлтаралық келісім мен жарастық мәселелеріне үлкен ықпалын тигізіп келе жатқан ұйымдарының бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясы болып табылады. Он бес жылдан бері қызмет атқарып келе жатқан осы қоғамдық институт халықтар мен ұлтардың біртұтастығын сақтауды қамтамасыз етудегі басты міндеттерді тиімді түрде шешіп келеді. Бұл ұйымның алдына қойған мақсат-міндеттерінің бірі – нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатысына, қандай әлеуметтік топқа жататындығына қарамастан республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының теңдігін, халықтар достығы мен ұлтаралық келісімді нығайту мен сақтау болса, бұл міндеттер табысты түрде іске асып келеді.

(<http://malimetter.kz>)

МЕНШІК МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Меншік, иелік мағына *-нікі, -дікі, -тікі* жұрнақтары арқылы жасалады. Иелік мағынаны туғызатын жұрнақ меншікті заттың өзіне жалғанбайды, оның иесіне жалғанады. Мысалы: кітап менікі, дәптер біздікі т.б. Бұл жұрнақтың жуан варианты жоқ, жуан сөзге де, жіңішке сөзге де жіңішке түрде жалғанады. Мысалы: *Қалам Асандікі, Өнер халықтікі* т.б.

1. Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз. Жауап меншік мәнді сөйлеммен берілуі керек.

1. Кәмелет жасқа толғанша балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу кімнің міндеті?
2. Жарамсыз ата – анасына қамқорлық жасау кімнің міндеті?
3. «Менің әлім» қай елдің әнұраны?
4. Б.Момышұлы қай жердің тумасы?
5. Қазақстан мемлекеті әнұранының сөзі кімдікі?
6. «Үйлену дегеніміз – өз құқыңның жартысын азайтып, міндеттеріңді екі есе көбейту» деген нақыл сөз кімдікі?

2. Төменде берілген сөздерді қатыстыра отырып, шағын мәтін құраңыздар. Меншік мәнді сөйлемді қосуларыңыз қажет.

Қазақ тілі, отбасы, міндет, ата-ана, хұқық, қазақ, тәрбие, жеті ата, намыс, бала

КӨМЕКШІ ЕСІМДЕР ҚЫЗМЕТІ

Көмекші есім деп грамматикалық өзгеріске түсіп дерексізденудің (абстракцияланудың) нәтижесінде заттық мағынасынан айырыла бастаған тәуелдік жалғаулы көбіне мекендік септіктерде қолданылып матаса байланысқан тіркестің екінші сыңары қызметінде жұмсалатын зат есімнің кеңістік мәнді ерекше бір тобын айтады

Сан жағынан алғанда көмекші есім қазақ тілінде аса көп емес, оған мына секілді сөздер жатады: *асты, үсті, алды, арты, жаны, қасы, маңы, тұсы, іші, сырты, тысы, арасы, басы, түбі, қарсысы, бойы, төңірегі, айналасы, жан-жағы, беті, шеті, ортасы, соңы*. Мысалы: бір мезгілде қасына Көпей келді (Бақберген). Арыстың екі көзі ауыл маңында (Жүнісов). Бұл ауыл өзеннің басына қонған (Әуезов).

1. Бос орынға қажет көмекші есімдерді қойыңыз: қасына, арты, жаны, бойы, үсті, асты, ортасы, төбесі, шеті.

Әкемнің ... еріп жүріп бір жолбарысты ұстағанын көрдім. Әліптің ... бақ. Бұрын қыстаудың ... бір терең құдық болатын. (Бақанас өзені ... сығылыса қонған ауыл. Азын аулақ тағамдарының барлығын үстел ... қойды. Жердің үстімен келіп, ... қайту. Мұхит пен су ... әр түрлі балықтар мен жануарлар өмір сүреді. Көп кісінің ... тұрған әкесінің түріне ... көзі түсті. Самат үйдің ... шығып тұрған еді. Майор оларды қаланың арғы ... жіберді.

2. Көмекші есімдерді қатыстырып сурет бойынша шағын әңгіме құрастырыңыздар.



ҚИМЫЛ ЕСІМДЕР ҚЫЗМЕТІ

Барлық етістік формалары жіктеліп, жақтық, шақтық мағынаны аңғартса, қимыл есімінде ондай белгі жоқ. Керісінше, есімдерше көптеліп, тәуелденіп, септеліп қолданылады.

Қимыл есімінің етістіктің бір түрі бола тұрып мұндай ерекшелікке ие болуы қимыл әрекеттің өзін емес, сол әрекеттің атауы ретінде қолданылуына байланысты.

Қимыл есімі түбір етістік пен туынды түбір етістікке – у (уу, үу), -ыс (іс), -мақ (-мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек) жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

Мысалы: бар – бару, барыс, бармақ
өзгер – өзгеру, өзгеріс, өзгермек

Қимыл есімі септелгенде, етістікке тән мағынасынан алыстамайды. Оны септік жалғаулы сөздерді қимыл есімінің септеліп тұрып та меңгере беретін қабілетінен байқауға болады. Мысалы: Үйге қайтуға рұқсат.

Үйді көруді ояадым.
Үйден кетуге тура келді.
Үймен айналысуды жолспарладым.

1. Қимыл есімді табыңыз:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды ертегінің термек үшін (Абай). Хан-ның жақсы болмағы – қарашаның елдігі (Бұхар жырау). Алмақтың да салмағы бар (мәтел). Кетпекке айла таппады («Қамбар»). Ат байладым шарбаққа, Сіздің ауылға бармаққа (ән мәтіні).

2. Мәтіндегі кейбір етістіктерді қимыл есіміне ауыстырып, мәтінді көшіріңіз:

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет.

Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды.

3. Тірек сөздер бойынша шағын мәтін құрасытырыңыздар. Қимыл есімдер қолданылуы қажет.

**Білім, инновация, бәсекелік қабілет,
кәсіп, техника, ғылым, қызмет.**

МІНДЕТ, ЖАУАПКЕРШЛІК МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Қазақ тілінде міндеттілік модальдік мағынаны негізінен *керек, қажет, тиіс, лазым* сөздерінің қатысуымен жасалатын – *у керек, у қажет, у лазым; -мақ керек, -маққа керек, -уға тиіс, -уы (-уі) тиіс* сияқты аналитикалық форманттар білдіреді. Сөз шығарушылар сөздің асыл болуының жалпы шарттарын **білуі қажет** (Байтұрсынов). *Сәулет өнерпазы үй салуға ұсталатын заттардың қасиетін жақсы білуге тиіс*

(Байтұрсынов).

1. **Бос орынға қажет сөздерді қойыңыз:** қалдырарға керек, болмақ керек, кенесу керек, жинаулары тиіс.

Түркістандағы, әсіресе Қазалыдағы хат білетін азаматтардың Базардың сөзін ... (Жұмабаев). Ондай іс кез болғанда білімділерді жиып ... (Шәкәрім). Оқыған нәрсенің ішкі мағынасымен бірге оның сөзін де есінде ... (Міржақып). Естіген нәрсені ұмытпастыққа әуелі көкірегі байлаулы берік ... (Абай).

2. **Еңбек кодексінен берілген сұрақтарды қарап, міндет, жауапкершілік мәнді сөйлемдер арқылы жауап беріңіздер:**

- 1) Ұжымдық шарт деген не? _____
- 2) Жұмыс немен өлшенеді? _____
- 3) Қысқартылған жұмыс мөлшері деген не? _____
- 4) Кәметке толмағандар үшін жұмыс уақыты қанша? _____

ТЫЙЫМ МӘНДІ СӨЙЛЕМ

-(у) ға, -(у) ге, -қа, -ке болады (болмайды) лексикалық-грамматикалық тіркесінің түрленуі арқылы беріледі.

Қазақ өмірінде бір бөлім сөздер ежелгі мифтік, діни наным-сенімге байланысты өз атымен тура аталмай, басқаша мағынада аталады. Міне, тілде осындай атын тура айтуға тыйым салынған сөздер тыйым сөздер (табу сөздер) деп аталады.

1. Денсаулыққа зиянды және денсаулыққа пайдалы әдеттерді теріп жазып, себепін түсіндіріңіздер:


Істеуге болады	Істеуге болмайды

1. Қазақтың салт-дәстүрінде денсаулыққа қатысты қандай ырым-тыйымдар бар? Ол тыйымдар не үшін шықты деп ойлайсыз?

Мысалы: Күн батқанда ауырған адамның көңілін сұрап баруға болмайды. Себебі ...

ЕТІСТІК КАТЕГОРИЯСЫ

Шақ категориясы – қимыл-іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен байланысты байланысты болып өткендігін, бірақ болатынын білдіріп, белгілі жолдармен жасалатын етістіктің грамматикалық категориясы деп аталады.



1. Төменде берілген сөйлемнің етістіктерін түрлендіріп, сөйлемді толықтырыңыз: **Аударыспақ ойыны** ашық алаңда, көгалды жерде (ойнау). Ойынға екі атқа мінген шабандоздар (қатысу). **Бәйге** – қазіргі кезде өте жақсы (даму) әлемге әйгілі ойынның бірі. Ашық алаңда (жүргізу) қызықты және әдемі ұлттық ойынның бірі – «**Қыз қуу**» ойыны. Бұл ойынға атқа мінген қыз бен жігіт (қатысу). Алдымен ара қашықтығы 1-2 шақырымдай екі көмбе (белгілеу).

2. Суретте берілген бір спорт түріне әңгіме жазыңыз. Шақ категориясының жіктелуіне мән беріңіз.



ЕСІМШЕ КАТЕГОРИЯСЫ

Етістіктің функциялық формаларының бірі – есімше. Есімше мағынасы жағынан етістіктерше болымды және болымсыз, салт-сабақты болып бөлініп, жақтық, шақтық мағынаны аңғартады. Бірақ түрленгенде есімдерше көптеледі, септеледі, тәуеденеді. Осы ерекшелігіне байланысты сөйлемде атрибуттық және предикаттық мағынаға ие болады да, әрі етістік, әрі сын есім орнына жүре береді.

Есімше –ған, (-ген, -қан, -кен), -ар (-ер, -р, -с), -атын (-етін, -итін, -итын), -ушы (-уші), -мақ (-мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек) жұрнақтарының негізгі және туында түбір етістікке, етістіктің болымды және болымсыз формаларына, етіс категориясының барлық түрлеріне жалғану арқылы жасалады. Ал қалау ра, бұйрық рай, шартты рай формаларына есімше жалғанбайды.

1. Төменде берілген мәтіннен есімше категориясын тауып, қызметін түсіндіріңіздер:

Сүзбе. Ұйытылған айранды дорбаға құйып, биікке іліп суын сорғытады. Мұның тұздамаған және тұздаған түрлері болады. Тұздаған қатық көбірек сақталатындықтан, ұзақ сапарға шыққанда, жорықтарда жолазыққа әрі сусын, әрі тоқ ас ретінде пайдаланылады. **Құрт.** Қалған қатық, майын алған сүт, ашыған айран, шикі сүтті күбіге жинап, қазанның түбіне май жағып, қоюланғанша қайнатады. Қоюланған құртты қапқа салып, тағы сорғытады. Содан кейін өреге сықпа, күлше, шығыршық, шақпақ формаларына келтіріп күнге жаяды. Кейде қатықты іркіт етпей сүзеді де, тұздап, домалақтап кептіреді. **Ірімшік.** Бұл ақ ірімшік, сары ірімшік болып екіге бөлінеді. Қазанға құйылған сүтке айран құйып қайнатады. Ол іріген кезде ірімшігін сүзіп алады. Сары ірімшік жасау үшін оны одан ары сары болған қайната береді. **Іркіт** – құрт қайнату үшін үлкен ыдысқа құйып, жинаған сүтті пісіріп, майын алғаннан кейін қалатын аз сусын.

2. Берілген тағам атауларынан біреуін таңдап алып, хабарлама дайындаңыз. Хабарламаңыздағы есімше категориясының астын сызыңыз:



ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫ

Етіс - етістіктің ерекше категориясы. Әдетте етіс қимыл, іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы (семантикалық-синтаксистік сипаты) әр түрлі қатынасты білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістік категориясы деп анықталады.

Өздік етіс қимыл, іс-әрекеттің несіне, субъектіге қарай бағытталып, сабақты етістікке - **н, -ын, -ін** қосымшасы қосылып жасалады.

Ырықсыз етіс деп іс-әрекеттің атқарушысы, қимыл несі арнайы айтылмай, қимыл өздігінен істелетіндегі көрінеді де, **ыл, -іл, -л** жұрнақтары арқылы жасалатын етістіктің түрін айтамыз.

Өзгелік етіс қимылдың, іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір субъекті арқылы істелетінін, іске асатынын білдіріп, - **ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -дыр, -дір, -тыр, -тір** қосымшалары арқылы жасалады.

Ортақ етіс, қимыл, іс-әрекеттің бір емес, бірнеше субъекті арқылы іске асатынын білдіріп, - **ыс, -іс, -с** қосымшасы арқылы жасалады.

1. Төменде берілген сөйлемдердің кестеде дұрыс немесе бұрыс тұрғанын анықтап, себебін түсіндіріңіздер.

Өздік етіс	Өзгелік етіс	Ырықсыз етіс	Ортақ етіс
Олар хат жазысып тұрады	Алыстан бір қара көрінді.	Енді белін түйінді, Асыл киім киінде (Қыз Жібек).	Ол дәрігерге көрінді.
Өнер білім бар жұрттар, тастан сарай салғызды (Ы.Алтынсарин)	Таң атқанша тарандық (Махамбет).	Сабадан қымыз құйдырып, Алдарына қойдырып, Жасы үлкендер бір бөлек, Әзілдесіп сылқылдап... (Абай)	Қонақтар жайғасып отырысты
Балқия қақпаның алдында сықылықтасып күлісіп, мез болып тұр екен.	Бала інісіне шамды сөндіртті.	Ол бізге үй салысты	Мәдениет үйіне орындық қойылды, шам жағылды.

2. Төменде берілген сөздерге сөйлем келтіріп, етістің қай түрі екенін ажыратыңыздар.

Сату (сату+шы), Сауда (сауда+гер), Сатып алу (сатып алу+шы), тапсырыс беру (тапсырыс беру+ші), кәсіп (кәсіп+кер), табу (таб+ыс, табыс+кер).

3. «Көз қорқақ, қол батыр» тақырыбына бір шағын әңгіме жазыңыз. Етістердің астын сызып, қай түрі екенін ашып, айтып беріңіз.

КӨМЕКШІ ЕТІСТІК

Көмекші етістік – толық лексикалық мағынасы жоқ, жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайтын, тек негізгі етістіктермен, есім сөздермен тіркесіп қолданылатын етістіктер. Көмекші етістіктердің саны да аз емес, бірақ олардың тілдегі құрамы тұрақты. Қазақ тілінде отыз көмекші етістік бар. Олар: *ал, бақ, бар, баста, бер, бол, біл, біт, жазда, жөнел, жүр, жібер, де, еді, екен, емес, ет, кел, көр, қыл, т.б.*

Көмекші етістіктердің негізгі етістіктермен тіркесіп қимыл фазаларын (кезеңдерін) немесе өту сипатын білдіреді. Жасалу жолдары:

Түбір етістік

Көсемше жұрнақтары

бастау, бару, қою, алу, шығу, болу

Мысалы: келе бастады, қайтып барады, іліп қояды, күліп шықты.

1. Сөйлемді сәйкес келетін сөздермен толықтырыңыз.

- «Басымыз бірігіп ел болдық, хан көтердік» деген ру біткеннің игі жақсылары, қараша адамдары мез-мейрам (салды / еді).
- Қобыланды орталарынан зырғытып өте (берді / жүр)
- Сауранның ақсақал, бек, саудагер бас адамдары жиналып қаланы енді Махмұт – Сұлтанға бермек (болды / бітті).
- Жауы қорыққан елдің хандығы да берік, айбынды (алады / келеді).
- Шыңғыс ұрпағы өздеріне кір келтіретін, құпияны білетін адамдарды аямайтын (еді / жүрді), бейшараға зақым келтіріп жүрмесе жарар (етті / еді).

(I.Есенберлин «Көшпенділер»)

2. Берілген өлең жолдарын тиісті етістіктермен ұйқастырып жазыңыз.

Қажетті сөздер: мазақ ету, білу, қамықтыру, жанып тұру.

Айтады ғой әуелден халық

Қажытады ой деген

Үміт оты кей кезде

Жоғалады алдыңнан

Жаманға жүзің салма малды екен деп,
Жақсыдан күдер үзбе жарлы екен деп.

Іргесі берік елді жау ала алмас,
Аузы бір елді дау ала алмас.

Малы жоқ деп ерден түңілме.
Егіні жоқ деп жерден түңілме.

Дос – ажарың, жолдас – базарың.
Азаматпен дос бол, қадіріңді біледі.

Жалықтырса ұзақ сапар, жат мекен
Туған елдің түтіні де тәтті екен.

Жат жерде жаның қиналса – ел қадірін білерсің,
Жұтым суға зар болсаң – көл қадірін білерсің.

Туған жердің қадірін шетте жүрсен білерсің.

3. Берілген мақал-мәтелдің арасындағы көмекші етістіктердің астын сызып, мақалдың мағынасын ашыңыздар.

КӨСЕМШЕ КАТЕГОРИЯСЫ

Етістік категориясы	Көсемше
Анықтамасы	Өзіне тән синтаксистік қызметі, <u>морфология</u> тұлғалары бар дербес категория.
Қосымшалары	-а, -е, -й; -ып, -іп, -п; -ғалы, -гелі, -қалы, -келі.
Сөйлемдегі қызметі	Пысықтауыш

Қандай халықтың болмасын салт-дәстүрлері сол халықтың мінез – құлқын, қасиеттерін таныта алады. Мысалы, қазақтарға тән бауырмалдық, ақжарқындық, қонақжайлық. Әрине, бұл ерекшеліктер басқа халықтарда да кездеседі. Бірақ бұл қасиеттер әр халықта әр қырынан көрініс береді, сонымен қатар әр ұлт өкілдерінің салт-дәстүріндегі мән-мағынасы мен тәлім-тәрбиесі бір-біріне ұқсап, бірін-бірі толықтырады. Той–думандарда, жиындар мен мерекелерде орындалатын осы қазақ халқының салт-дәстүрлері оның ұмыт болмағанын паш етеді және тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарастарына байланысты ұрпақтан-ұрпаққа беріле ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Қазіргі уақыттың өмір ағымына байланысты кейбіреулері түрленіп қана қоймай, жаңадан еніп те жатыр. Салт-дәстүрлердің ұрпақ тәрбиесіндегі мәні зор. Ол бала тәрбиесіне байланысты, тұрмыс-салт және әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер болып үш түрге бөлінеді.

1. Берілген мәтіндердің арасынан көсемшелерді тауып, тұлғаларына қарай талдау жасаңыз.

2. Берілген мысалдардан көсемшелі тіркестерді тауып, берілген кестеге орналастырыңыз.

барғалы жатыр, қарастырылатын мәселе, келіп қойды, оқыған азамат, көрмекке келді, шешілген мәселе, барып келді, келіп қойды, айтылған сөз, отыра алмады, келе салды, бара жатыр, айтқалы тұр, жазады ма, барғысы келді, айта салады, жүгіре алмады, келіп қалды, өсе бастады, салуым керек, аударма жасады, білім береді, жарыс басталғалы жатыр, жарысу үшін, аударыспақ ойнау, тере бастады, шарықтаған ән, көтеріп алып, құлай жаздады, тандана қарады, жүгіре жөнелді.

-а, -е, -й тұлғасындағы етістіктер	-ып, -іп, -п тұлғасындағы етістіктер	-ғалы, -гелі, -қалы, -келі тұлғасындағы етістіктер
.....
.....

БҰЙРЫҚ МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Бұйрық мәнді сөйлемдер көбінесе ауызекі тілге тән. Бұйрық мағынасы әр түрлі реңкте білдіріледі: егер бұйыру қатал талап мағынасында жұмсалса, дауыс көтеріңкі айтылады, ал өтініш, тілек мағынасында айтылса, бәсең айтылады. Бұйрықты сөйлемдердің баяндауыштары етістіктің **бұйрық және қалау райлары** арқылы жасалады:

1. Баяндауыштары етістіктің бұйрық райының 2-жағында болса, Бұйрықты сөйлем бұйрық, талап ету мәнінде айтылады. Мысалы: *Сен кітапты оқып бітір!*

2. Баяндауыштары бұйрық райының 3-жағында болса, Бұйрықты сөйлем талап, тілек мәнінде айтылады. Мысалы: *Қара көктің жал-құйрығы қара ғой, қаралы ат осы болсын!* - деді (М. Әуезов).

3. Баяндауыштары етістіктің бұйрық райында айтылып, оған -шы/-ші қосымшасы жалғанса, Бұйрықты сөйлем тілек, жалыныш немесе сыпайы түрде бұйыруды, кейде сес көрсетіп, қорқыту мәнін білдіреді. Мысалы: *Орныңнан ары отырған бер отырушы, Қолымда қармағым жоқ ілдіргелі (халық өлеңі).*

4. Баяндауыштары етістіктің қалау, бұйрық райлары тұлғасынан жасалғанда, бұйрықты сөйлем ұран, үндеу мағынасын білдіреді: Мысалы: *Бәрің түгел жиналыңдар!*

5. Баяндауыштары ашық райдың келер шақ тұлғасынан жасалса, бұйрық мағынасын білдіреді. Мысалы: *Бүгіннен бастап олармен сөйлеспейсің (М. Әуезов).*

1. Мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, бұйрық мәнді болса «+» бұйрық мәні жоқ болса «-» қойыңыз.

Мақал-мәтелдер	Бұйрық мәнді	Бұйрық мәнсіз
<i>Атың жаман болса, қарың кетер,...</i>		
<i>Аяз әліңді біл,</i> ...		
<i>Әділ болсаң ақжарма,</i> ...		
<i>Үмітсіз жаннан без,</i> ...		
<i>Біткен іске сыншы көп,</i> ...		

Қажетті сыңарлар: *Жақсы іске билік қыларсың, Піскен асқа жеуші көп, Балаң жаман болса, арың кетер, Қайырсыз малдан без, Құмырсқа жолыңды біл.*

2. Берілген үлгілерге сәйкес бұйрық мәнді сөйлем құрастырыңыз.

- _____!
- _____, _____!
- _____, _____, _____!
- _____, _____?!
- _____!!!
- _____ : - _____!

3. Көркем әдеби шығармалардан бұйрық мәнді сөйлемдер келтірілген үзінділер тауып жазыңдар. Оларды жасалу жолдарына және мағынасына қарай талдаңыз. Мәтін бойынша кішігірім көрініс қойыңыздар, дауыс ырғағына мән беріңіздер.

ӨТІНІШ, ТІЛЕК МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Өтініш, тілек мәнді сөйлем сөйлеушінің белгілі бір амалды немесе әрекетті жүзеге асыруға бағытталған ниетін, тілегін, үміт-арманын білдіреді. Өтініш, тілек мәнді сөйлемдердің жасалу жолдары:

1. Берілген сөйлемдерді жалғастырыңыз.

Етістік	-ғы (-м, -ң, -сы)	кел, -са игі еді, -са екен
---------	-------------------	----------------------------

Мысалы: *айтқым келеді, барсам игі еді, келсе екен.*

Етістік	уыңызды (-уіңізді)	өтінемін
---------	--------------------	----------

Мысалы: айтуыңызды өтінемін

1. Бүгін «Сырласу» бағдарламасына келуіңізді өтінеміз, себебі
2. Осы жылы шетелге оқуға барайын деп едім, бірақ
3. Асылым, күнделікті тапсырмаларға дайындалып жүруіңізді өтінеміз, әйтпесе
4. Құрметті ректор мырзаөтінеміз.
5. Жыл басында барлық достарымызбен бірге тауға шыққымыз келеді, алайда ..
6. Алға қойған мақсаттарымыз орындалса игі еді,

2. Сіз қай тарихи тұлғамен кездесуді қалайсыз немесе кездесіп қалдыңыз делік. Сол сәтте оған қандай сұрақтар қоятын едіңіз? Өтініш, тілек мәнді сөйлемдерді қатыстырып, диалог құрастырыңыз.

Үлгі:

Б.Момышұлымен диалог:

- Бауыржан аға, сіз алып тұлғалардың бірісіз. Бұндай дәрежеге қалай жеттіңіз?
-
- Мен де сіз сияқты ержүрек әрі ақылды болғым келеді. Маған жетістікке жетудің жолдарын үйретуіңізді өтінемін.
-
- Болашақта мен де жазушы болғым, бірақ әлі жазуға батылым жетпей жүр. Ол үшін не істесем, қалай өзімді шыңдауыма болады?
-

3–тапсырма. Кез-келген жағдаятқа байланысты өтініш жазыңыз.



Өтініш үлгісі

Ш.Құдайбердиев атындағы
Семей мемлекеттік
университетінің
ректоры проф.
А.С.Қаппаровқа
филология факультетінің 2-курс
студенті А.М. Оспановадан

Өтініш

Мені денсаулығымға байланысты филология факультетінің күндізгі оқу бөлімінен сырттай оқу бөліміне ауыстыруыңызды өтінемін.

27.06.2013 ж.

колы



ШАРТ МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Шарт мәнді сөйлем іс-әрекеттің орындалу шартын білдіреді.

Жасалу жолдары	Мысалы
Егер, онда лексика-грамматикалық тіркестері шақ, жақ бойынша түрленіп қолданылады.	
етістік+ <i>-са (-се)</i> + жіктік жалғауы	Егер жоғары марапатқа ие болсам...
етістік + <i>-ған (-ген, -қан, -кен)</i> + жатыс септігі	Егер көктем келгенде бастағанда, үлгерер едім.
етістік + <i>-атын (-етін, -йтын, -йтін)</i> еді + жіктік жалғауы	Егер елбасымен кездессең қандай сұрақ қоятын едің?

1. Сөйлемдерді өз ойыңызбен толықтырыңыз.

- Егер мол байлыққа кенелсем,
- Егер табиғатты ластасақ
- Су ресурсы үнемді пайдаланылмағанда
- Егер қазба байлықтың бірін тауып алсам.....

2. «Табиғатты сүйсең...» тақырыбында шарт мәнді сөйлемдерді пайдаланып, ойтолғау жазыңыз.

3. Көркем әдеби шығармалардан, зиялылардың қанатты сөздерінен табиғатқа қатысты шарт мәнді білдіретін сөйлемдер тауып жазыңыз.

БІЛІК, ДАҒДЫ МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Білік, дағды мәнді сөйлемдердің жасалу жолы:

Білік, дағды мәнді сөйлемдер құрайтын етістіктер шақ, жақ бойынша түрленіп қолданылады.

Шақ бойынша түрлену		Жақ бойынша түрлену	
Осы шақ	сурет сала алады	I жақ	Мен көлік жүргізе аламын
Өткен шақ	бөйгеге қатыса алыпты	II жақ	Сен көлік жүргізе аласың Сіз көлік жүргізе аласыз
Келер шақ	олимпиадаға бара алады	III жақ	Ол көлік жүргізе алады

1. Сөйлемдерді өз ойыңызбен толықтырыңыз.

- қасқыр сияқты..... алады.
-бұлбұл секілді алады.
-ағаштар тәрізді..... алады.
- емен секілді алады.
- қызғалдақтай алады.

2. Берілген етістіктерді шақ бойынша түрлендіріп, әрқайсысына сөйлем құрастырыңыз.

ұша алу

түсіне алу

қатыса алу

тілді меңгере алу

3-тапсырма. «Мен кімін?» тақырыбында білік, дағды мәнді сөйлемдерді қатыстырып, ойтолғау жазыңыз.

ҚАЛАУ МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Қалау мәнді сөйлем сөйлеушінің іс-әрекетті орындауға я орындамауға қалау, тілек, ниет, ынтасын білдіреді. Ол негізгі етістіктерге **-ғы, -гі, -қы, -кі** қосымшалары жалғанып, тәуелденіп барып тәуелдік жалғауы арқылы жіктеліп, яғни жақтық, жеке-шелік-көптік мән үстеліп, оған **кел, келді, келеді** көмекші етістігі тіркесіп жасалады.

1. Берілген сөйлемдерді қалау мәнді сөйлем етіп түрлендіріңіз.


Менің табиғатқа қамқор Қызыл кітаптың түсі неліктен қызыл болғанын Оның табиғатты қорғау ұйымын
... Ақсу-Жабағылы қорығына Қазақ халқының ұлттық экомәдениетін

2. Қалау мәнді сөйлемдерді пайдалана отырып, сурет бойынша мәтін құраңыз.



МЕЗГІЛ МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Мезгіл мәнді сөйлемдердің жасалу жолдары:



1. Берілген сызбадағы мезгіл мәнді сөйлемдердің жасалу жолдарын бастылыққа алып, әрқайсысына 3 сөйлемнен жазыңыз.

2. Берілген сөйлемдерді қажетті сөздермен толықтырыңыз.

Қажетті сөздер: қыстыгүні, 200 жыл бұрын, жазда, жылдан-жылға, XIX ғасырға дейін, маусым сайын.

- Ұлттық киімдерге деген сұраныс _____ артып келеді.
- _____ оң және сол аяққа арналған аяқ киімдер бірдей болды.
- Осыдан _____ балалар киімі мүлдем болмайтын, яғни балаларға арнайы киім тігілмейтін. Оларға үлкендердің киімдерін кішірейтіп кигізетін болған.
- Қазақ қыздары _____ жұқа матадан тігілген тақия кесе, _____ оны құндыз бөрікпен алмастыратын болған.
- Әр _____ жаңа трендтегі киімдер үлгісін ұсынатын модельер, дизайнерлер базалық гардеробты ашық түсті көйлектермен толтыруға кеңес береді.

(www.massaget.kz)

3. Мезгіл мәнді білдіретін сөйлемдерді пайдаланып, «Сән әлеміндегі соңғы жаңалықтар» тақырыбында жаңалықтар мәтінін дайындаңыз.


НИЕТ МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Ниет мәнді сөйлемдердің жасалу жолдары:

1) -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек қосымшалары арқылы. Мысалы, *Сізге осы мәселе туралы айтпақшы едім.*

2) -айын, (-ейін, айық, ейік) деп, -айын, (-ейін, айық, ейік) деп еді тіркестерінің 3 жақта түрленіп қолдануы арқылы жасалады. Мысалы, *Рұқсат болса, сізге жолығайын деп едім.*

1. Берілген етістіктерді жақ, шақ бойынша түрлендіріп, сөйлем құрастырыңыз.



2. Ниет мәнді сөйлемдерді қолданып, сәулетші мен тапсырыс беруші, құрылысшы мен басшы арасында диалог құрастырыңыз.

БОЛЖАУ МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Болжау мәнді сөйлем қимыл, іс-әрекеттің болу мүмкіндігін айқын көрсетпей, болжай ғана айтылуын білдіреді. Етістіктің түбіріне есімшенің *-ар, -ер, -р*, болымсыз етістіктен кейін *-с* жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауының үстелуі арқылы жасалады. *Бірақ оның ойлағанының бәрі бола бермес (Әуезов).*

Есептік сан есімдерге *жуық, шамалы, шақты, қаралы, таман, астам, асқан, келген, тарта, таяу* сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. *Қоңыр өзеннің ішінде жүз қаралы мал жатыр екен (Мүсірепов).*

Етістік +ған (*-ген, -қан, -кен, -атын, -етін, -итін, -итын*) шығар – ЖЖ, етістік +ған (*-ген, -қан, -кен, -атын, -етін, -итін, -итын*) сияқты + ЖЖ тіркестері арқылы жасалады.

1. Көшіріп жазып, болжалды келер шақты білдіріп тұрған етістіктің астын сызыңдар.

Бақытты оянған ерлердің

Әрбір ісі оң болар.
Дәулеті күнге артылып,
Не қылса да, мол болар.
Тазылар түлкі алып,
Қаршығасы қаз іліп,
Сөз сөйлесе жөн болып,
Не десе де жарасар... (Асан қайға)


2. Төменде берілген сөздер арқылы болжау мәнді сөйлем жасаңыздар:

жуық, шамалы, шақты, қаралы, таман, астам, асқан, келген, тарта, таяу

3. Болжау мәнді сөйлемдерді қолдану арқылы «Болашақ Қазақстанды мен қалай елестетемін» тақырыбына шағын ой-толғау жазыңыз.

МАҚСАТ МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Мақсат мәнді сөйлем ойдың болу мақсатын білдіреді. *Не мақсатпен? Не етпек болып? Не үшін? Неге?* сұрақтарына жауап береді.



1. Мақсат мәнді сөйлемдер құрастырыңыз.

–мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек қосымшалары арқылы	қимыл етістігінің барыс септігінде қолданылуы арқылы	... –у үшін тіркесі арқылы
.....
.....

2. Етістіктерді қажетті тұлғада қойып сөйлемді толықтырыңыз.

Көз ауруларының алдын алмақ/ алуға/ алу үшін үнемі жаттығулар жасап отыру қажет.

Ақыл табуға/ таппақ/ табу үшін, мал табу үшін/ таппақ/ табуға, адал жүру үшін/ жүрмек/ жүруге.

Жол көру үшін/ көруге/ көрмек, жоба білмек/ білу үшін/ білуге, жиһан кезу үшін/ кезуге/ кезбек.

Кез келген мәселе бойынша шешім таппақ/ табуға тырысу керек.

3, «Маған ұнайтын мереке» тақырыбында әңгіме жазыңыз. Мәтінде мақсат мәнді сөйлемдерді қолданыңыз.

ҚАРСЫЛЫҚ МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Қарама-қарсы іс-оқиға баяндалатын сөйлем **қарсылық мәнді сөйлем** деп аталады. Құрамындағы жай сөйлемдері бір-біріне қарама-қарсы мағынада болады. Олар өзара **бірақ, дегенмен, алайда, сөйтсе де, сонда да, әйтсе де** жалғаулықтары арқылы байланысады. Мысалы: *Олардың тобында аз ойыншы болды, бірақ оған қарамас-тан ойынның жеңімпаз командасы атанды. Жаңа технологиялардың бізге келтірер пайдасы көп-ақ, әйтсе де оның денсаулыққа тигізер кері әсерін де естен шығармау керек.*

1. Төмендегі сөйлемдерді қарсылық мәнді сөйлемдерге айналдырыңыз.

Үлгі: Оның қоғамға сіңірген еңбегі көп-ақ.

Оның қоғамға сіңірген еңбегі көп-ақ, алайда мемлекеттік сыйлыққа ұсынылмады.

1. Жобада біздің сала бойынша грант берілмейді, ...
2. Жұмысы айтуға тұрарлықтай емес еді, ...
3. Бұл фильм ақырғы айналымға дейін жоғары дауыс жинады, ...
4. Мен Нобель сыйлығының иегерлерінің көбісін білемін, ...
5. Олар мемлекеттік стипендияға үміткер атанды, ...

2. Қарсылық мәнді сөйлем жасайтын жалғаулықтардың әрқайсысына екі мысалдан келтіріңіз.

жалғаулық	мысал
Бірақ	
Дегенмен	
Алайда	
Сөйтсе де	
Сонда да	
Әйтсе де	

СЕБЕП-САЛДАР МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Құрамындағы жай сөйлемдердің бірі екіншісінде айтылған ойдың болу себебін білдіретін сөйлемді себеп-салдар мәнді сөйлем дейді. Себеп-салдар мәнді сөйлемде бір жай сөйлем екіншісінде айтылған ойдың болу себебін білдірсе, екіншісі білдіретін ой оның салдары болып табылады. Сөйтіп, құрамындағы жай сөйлемдердің бірі себеп мәнді де, екіншісі салдар мәнді болады. Себеп-салдар мәнді сөйлемдер **сондықтан, сол себепті, себебі, өйткені** жалғаулықтары арқылы байланысады. Мысалы: *Олар көше алмады, өйткені көлігі жоқ болды. Саймасай қатты сескенді, сондықтан тұла бойы дір ете қалды.*

1. Төмендегі сөйлемдерге қажетті жалғаулықтарды қойып жазыңыз. Өздеріңіз де осы тақырыптағы сөйлемдер қатарын жалғастырыңыз.

Мүмкіндігі шектеулі жандар мейірімге зәру, олар үкімет тарапынан қамқорлыққа алынады. Қазіргі таңда жастар тәрбиесіне көп көңіл бөлінуде, жастар – ұлт болашағы. Әлемде көмекке мұқтаж адамдардың саны артуда, қайырымдылық қорлардың саны да көбеюі тиіс.

2. Берілген сұрақтарға себеп-салдар мәнді сөйлемдерді пайдалана отырып, жауап беріңіз.

- 1) Неліктен атақты жұлдыздар қайырымдылық істерге көп көңіл бөлуде?
- 2) «Қайырымды жүрек қартаймайды» сөзінің мәнісі неде?
- 3) Өзіңіз қайырымдылық жасағанды ұнатасыз ба?

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

3. Ахметжанова З., Жолшаева М., Нұрманова Г. Ұлттық құндылықтарға негізделген қазақ тілі. Алматы: Елтаным, 2016.
4. Қазақ тілі: оқу құралы / А.Б.Салқынбай, А.Ж.Жұмағұлова, С.И.Иманқұлова және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
5. Күзекова З. Қазақ тілі. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық (тілдерді оқытып үйретудің ортаңғы кезеңі үшін) Астана: Таным, 2003.
6. Нығмет Ж.Н. Қазақ тілі хрестоматиясы. Алматы: Білім, 2003.
7. ҚР мемлекеттік қызметшісінің тілдік портфелі» жүйесінің Негізгі оқулығы. – Астана, 2010. – 151 б.
8. Қазақ тілі: тіл ұстартуға арналған оқу құралы / Х.Ә.Қарабаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 19-20 бб.
9. Бектұров Ш.К., Бектұрова А.Ш. Қазақ тілі (Ана тілі деңгейінде үйрету құралы). Алматы: Атамұра, 2008. – 72-76 бб.
10. Қазақ тілі: тіл ұстартуға арналған оқу құралы / Х.Ә.Қарабаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 91-92 бб.
11. Қазақ тілі мен әдебиеті. А.Ш. Құлмағамбетова, Н.Ж. Даулеткереева, А.Б.Нұрманова және т.б. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 119-б.
12. Қазақ тілі: негізгі стандарттан жоғары деңгей. Оқулық / Ә.С.Әлметова, Ж.Қ.Дәркенбаева, Л.Ж.Хамимұлыдинова. – Алматы, 2015. – 45-46 бб.
13. «Қазақ тілі: тіл ұстартуға арналған оқу құралы / Х.Ә.Қарабаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.
14. Қамзебаева Р.Е., Камешева Г.Қ. Қазақ тілін үйренеміз. Тіл дамыту құралы. Аралық орта деңгей үшін. – Алматы: «Глобус» баспасы, 2007. – 77 б.
15. «Қазақ тілі: тіл ұстартуға арналған оқу құралы / Х.Ә.Қарабаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.
16. (Қазақ тілі. Алматы: ШЫҢ-КІТАП, 2009.
17. <https://kk.wikipedia.org/wiki>], «Сен білесін бе?» энциклопедиясы. Автор: Райымбеков Қ.Ж., Байғабылова Қ.Т.
18. Қазақ тілі: оқу құралы / Б.М.Сұлтанова, М.Ш.Тойғанбекова, Ж.С.Рақыш. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
19. Абнасырова Р., Абиыр А., Отарбаева Ғ. Қазақ тілі. Алматы, «Елтаным» баспасы, 2016.
20. Күзекова З., Ш. Құрманбайұлы, С. Жуанбаева. Қазақ тілі. (Халықаралық қатынастар факультетіне арналған) Алматы: Ана тілі, 1998.
21. Қазақ тілі. Ортадан жоғары деңгей. Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012.
22. Ф.Оңғарсынова «Толық шығармалар жинағы, I-том.
23. Қазақ тілі. Ортадан жоғары деңгей. Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012.
24. Қазақ тілі: негізгі стандарттан жоғары деңгей. Оқулық / Ә.С.Әлметова, Ж.Қ.Дәркенбаева, Л.Ж.Хамимұлыдинова. – Алматы, 2015.
25. ҚР мемлекеттік қызметшісінің тілдік портфелі» жүйесінің Негізгі оқулығы.
26. Астана, 2010.
27. Байтұрсынов А. *Әдебиет танытқыш*. – Алматы: Жазушы, 2003.
28. «Ислам әлемі» журналы, №1.
29. Момышұлы Б. Алматы қаласы, «Өнер» баспасы, 2008.
30. «Қазақ әдебиеті» газеті, №5, 2016.
31. М.Шахановтың әндері мен жұрт жатқа айтып жүрген жырлары. Алматы,

«Дәуір» РПБК ЖШС 2014.

32. Айдабосын Е. Сүлікқара. Алматы: Тоғанай Т, 2017.

33. Қазақ грамматикасы, Астана, 2002.

34. Исаев С.М. Қазақ тілі. Алматы: Өнер, 2007.

ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАР

1. <https://kk.wikipedia.org>

2. <http://islam.kz>

3. <http://massaget.kz>

1. <http://kitap.kz>

2. <http://forum.stan.kz/index>

3. <https://www.nur.kz>

4. <https://surak.baribar.kz>

5. <http://malimetter.kz>

6. <http://military-kz>.

7. <http://el.kz>

8. <http://bilim-all.kz>

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
1-Бөлім. Қазақстанның әлеуметтік географиялық орны, әлеуметтік-әкімшілік бөлінісі. Елорда. Ірі және көне қалалар	4
2-Бөлім. Ел басқару жүйесі. Қазақстан республикасының стратегиялық даму бағдарламалары мен жоспарлары	11
3-Бөлім. Ұлттық қауіпсіздік. Қарулы күштер. Құқық қорғау органдары	17
4-Бөлім. Экономикалық жүйе. Ішкі және сыртқы сауда	22
5-Бөлім. Ақша-кредит саясаты. Банк жүйесі. Ұлттық валюта	26
6-Бөлім. Халықаралық ынтымақтастық. Халықаралық ұйымдар	31
7 - Бөлім. Адам құқықтары мен бостандықтары	35
8-Бөлім. Отбасы. Бала тәрбиесі	40
9-Бөлім. Білім. Кәсіби бағдар. Оқу орындары. Мамандық. Кітапхана	45
10-Бөлім. Ғылым және инновациялық технология. Танымал ғалымдар.....	50
11-Бөлім. Еңбек. Еңбек нарығы	54
12-Бөлім. Денсаулық. Салауатты өмір салты	57
13-Бөлім. Ұлттық спорт. Атақты спортшылар	61
14-Бөлім. Тағамтану. Ұлттық тағам	66
15-Бөлім. Жеке кәсіпкерлік. Искер адамдар	72
16-Бөлім. Дін және діни таным. Діни мерекелер. Ар-ождан бостандығы	77
17-Бөлім. Ұлттық салт-дәстүрлер	82
18-Бөлім. Тіл. Мәдениет. Өнер. Өнер шеберлері. Театр. Мұражай.	87
19-Бөлім. Өнегелі ғұмыр: тарихи тұлғалар	91
20-Бөлім. Табиғи ресурстар. Су ресурсы. Қазба байлық ресурстары	94
21-Бөлім. Өсімдіктер, жануарлар әлемі	100
22-Бөлім. Қызыл кітап. Ұлттық қорықтар мен парктер	105
23-Бөлім. Экологиялық мәдениет. Ұлттық экомәдениет	112
24-Бөлім. Ұлттық киім. Ұлттық ою-өрнектер. Сән әлемі. Дизайн	116
25-Бөлім. Сәулет және құрылыс өнері. Көне және заманауи ескерткіштер	123
26-Бөлім. Ғарыш әлемі. Ғарыш айлағы мен ғарышкерлер. Көлік тасымалы – логистика	127
27-Бөлім. Туризм индустриясы. Қонақ үй бизнесі	132
28-Бөлім. Халықаралық, мемлекеттік атаулы күн, мерекелер. Ұлттық мейрамдар	135
29-Бөлім. Мемлекеттік және халықаралық сыйлықтар мен стипендиялар	139
30-Бөлім. Қайырымдылық қорлар мен бағдарламалар	146
31-Бөлім. Бұқаралық ақпарат құралдары. Ғаламтор жүйесі	151
ГРАММАТИКАЛЫҚ	ТРЕНАЖЕР
Жай сөйлем және интонация	156
Бөгде сөз	157
Сұрау мәнді сөйлем	158
Болымсыздық категориясы	158
Сан-мөлшер категориясы	159

Анықтауыштық қатынас	159
Меншік мәнді сөйлем	160
Көмекші есімдер қызметі	161
Қимыл есімдер қызметі	162
Міндет, жауапкершілік мәнді сөйлем	162
Тыйым мәнді сөйлем	163
Етістік категориясы	163
Есімше категориясы	163
Етіс категориясы	164
Көмекші етістік	166
Көсемше категориясы	167
Бұйрық мәнді сөйлем	168
Өтініш, тілек мәнді сөйлем	169
Шарт мәнді сөйлем	171
Білік, дағды мәнді сөйлем	171
Қалау мәнді сөйлем.....	172
Мезгіл мәнді сөйлем	173
Ниет мәнді сөйлем	173
Болжау мәнді сөйлем	174
Мақсат мәнді сөйлем	175
Қарсылық мәнді сөйлем	176
Себеп-салдар мәнді сөйлем	176
Пайдаланылған әдебиеттер.....	178

